

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

**ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

Қарағанды
2017

УДК 343,6 (075.8)
ББК 67.408 я 73
Ж 42

Рецензент: заң ғылымдарының кандидаты, доцент **Б.Ө. Сейтхожсин**,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент **А.Ж. Машабаев**

АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ: кафедра бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі **С.Қ.Алтайбаев**, кафедра доценті, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі **Г.Ж.Мұхамәдиева**, кафедра доценті, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі **Б.Б. Коцегулов**, кафедра аға оқытушысы, құқық магистрі, полиция подполковнигі **Ө.А.Тұрғанов**, кафедра аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистр, полиция подполковнигі **А.М.Нұрахметова**, кафедра аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистр, полиция капитаны **Н.С.Сембиев**, кафедра оқытушысы, заң ғылымдарының магистр, полиция капитаны **Г.Б. Оңғарова**, кафедра оқытушысы, заң ғылымдарының магистр, полиция капитаны **Г.Х. Жүсіпова**.

Ж 42 Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Оқу құралы – Қарағанды

ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2017. – 90 бет.

ISBN 978-601-7881-07-8

Оқу құралы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы» пәнін ведомстволық оқу орындарының курсанттарын оқыту жоспары бойынша Ерекше бөлімдегі тақырыптардың бірін толық қарастыруға арналған. Оқу құралы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы» курсының басты бөлімдерінің бірі жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жан-жақты, терең оқып білуге бағытталған.

Осы оқу құралы оқу нысанының барлық түріндегі студенттерге, ведомстволық оқу орындарының курсанттарына, сондай-ақ магистранттар мен докторанттарға, оқытушыларға көмекші құрал ретінде ұсынылады.

Оқу құралы күндізгі және сырттай оқыту факультетінде «Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы» пәнін оқыту үшін ІІ, ІІІ, ІV және V курс курсанттары мен тыңдаушыларына арналған.

Оқу құралы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастамасымен дайындалды.

УДК 343,6 (075.8)
ББК 67.408 я 73

Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша басылады.

ISBN 978-601-7881-07-8

© ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы, 2016;
© Авторлар ұжымы 2016

Кіріспе

Қоғамдық құндылықтар жүйесіндегі өмір сүру, денсаулық, жыныстық қол сұқпаушылық пен жыныстық еркіндік, сол сияқты ар-ождан құқықтары біздің мемлекетіміз сияқты бүкіл әлемде де әлеуметтік құқықтардың маңыздысы ретінде сипатталады. Бұл туралы 1948 жылдың 10 желтоқсанында Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының жариялаған БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында атап өтілген болатын.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сай адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, оның ар-намысы мен қадір-қасиеті қоғамның және мемлекеттің жоғары құндылықтары ретінде бекітіліп, Қазақстанның өркениетті мемлекеттер қауымдастығына енуін айқындады.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар мен күрестің құқықтық механизмдер тиімділігін арттыру мәселесі үнемі назар аударуды талап етеді.

Жеке басты, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісіндегі мәнділік жеке басқа мейлінше қауіпті, қол сұғушылықтың жолын кесумен жазалауға арналған қылмыстық заңнаманы иеленеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы жеке басқа қол сұққаны үшін жауапкершілік мәселелерін жаңаша шешеді.

Алайда жеке басқа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы сот тергеу тәжірибесімен қазіргі заңнаманы талдау жекелеген теориялық және тәжірибелік мәселені көрсетеді. Осы әрекеттерді саралау мәселелерін қарастыру қажеттілігі құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметінде меншікке қол сұғу қылмыстарын қате қылмыстық құқықтық бағалау оқиғалары жиі кездесетіндігімен түсіндіреді.

Қылмыстық заңнама айтарлықтай өзгерістерді бастан өткізуіне байланысты, соның ішінде нормативтік базаның, жекелей алғанда 1994 жылдың 23 желтоқсанындағы “Азаматтардың өмір мен денсаулығына қол сұққаны үшін жауапкершілікті реттеуші заңнаманы соттың қолдану туралы” №7 және 1996 жылдың 20 желтоқсанында өзгертілген №11 ҚР Жоғары сот Пленум Қаулысы және 1993 жылдың 23 сәуіріндегі “Зорлағаны үшін жауапкершілікті реттеуші заңнаманы соттың қолдану тәжірибесі туралы” ҚР Жоғары сот Пленумын №1 қаулысы жекелеген сұрақтарды түсіндірумен байланысты Жоғары соттың жаңа нормативтік қаулыларын қабылдау қажеттігі туады.

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық заңнамасындағы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері

Азаматтардың жеке басына, құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстар біздің қоғамымызға үлкен зиянын тигізеді. Сол себепті мұндай қылмыстармен шешуші күрес жүргізу Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының маңызды міндеті болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықпен күресу үшін елімізде қылмыспен тікелей күрес жүргізетін мемлекеттік органдардың жұмысын жақсартудың, сол сияқты қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдірудің маңызы зор. Практик-заңгерлер қылмыстық-құқықтық ғылымын қылмыстық заңды дұрыс қолдануға септігін тигізетіндей құқықтық мәселелерді дайындауы керек¹.

Қылмыстық қол сұғудан жеке адамды қорғау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бабында бекітілген Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстанның қылмыстық құқығында қылмыстық кодексінің жүйесіндегі қылмыстық құқық бұзушылықтың осы тобының орны туралы мәселе бірнеше рет қаралды. Бұл туралы 1959 жылғы Қазақ КСРО қылмыстық кодексінде жеке адамға қарсы қылмыстар мемлекеттік қылмыстар мен меншікке қарсы қылмыстар үшін жауаптылықты қарастыратын тараудан кейінгі 3-тарауда жеке басқа қарсы қылмыстар қарастырылғаны дәлел.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауы бірінші тұр, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі содан басталады, бұлай орналасу Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының ережесіне жауап береді.

Сөйтіп, «жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» термині сөздің кең және тар мағынасында да қолданылады. Кең мағынадан алғанда жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық құқық қорғауға жататын азаматтардың өмір сүру, денсаулық, ар-намыс, саяси, еңбек, мүліктік құқықтарына кез келген қол сұғушылық болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында жеке бастың мүдделері кодекстің азаматтардың жеке меншігіне қол сұққаны үшін саяси және еңбек құқықтарын бұзғаны үшін көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін тарауында айтылады. Б. С. Никифоров азаматтардың жеке меншігіне қарсы қылмыстарды «сөздің кең мағынасындағы жеке адамға қарсы қылмыстар» деп атады².

Тар мағынадағы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тікелей және негізгі объектілері өмір, денсаулық жыныстық дербестік пен жыныстық еркіндік, жеке бас бостандығы, ар-намыс болатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері жатады.

¹ *Борчашвили И. С.* Квалификация преступлений против собственности: Монография. — Караганда, 2002. С. 4.

² Курс уголовного права. Особенная часть / Под ред. Г. Н. Борзенкова. — М., 2002. Т. 3. С. 92-93.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар — бұл азаматтардың негізі жеке құқықтарына бағытталған қоғамдық қауіпті әрекеттердің қылмыстық кодексте көзделген тобы. Бұл топтағы қылмыстардың көпшілігі ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтарға жатады, олар моральдық және материалдық зиян келтіруі мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бұл топтарын бірінші орынға жылжыту Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының негізгі реформасындағы маңызды концептуалдық идеяға, яғни азаматтардың өмірі мен денсаулығы, оның заңды мүдделерінің құқықтары мен бостандықтарын айрықша қорғауға сәйкес еді. Аталған құндылықтарды айрықша қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясында арнайы қаралып, соған қоса Еуропалық ынтымақтастық елдерінің көптеген халықаралық актілерінде айтылады. Жеке адамды, оның ішінде адам өмірі мен денсаулығын айрықша қорғау қылмыстық заңнамада жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы тараудың орналасуын өзгертумен ғана емес, басқа ерекшеліктерде де байқалады, яғни: 1) жеке адамға қарсы мейлінше қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жоғары санкция белгілеу; 2) қылмыс істеудегі күштеу тәсілінде санкция жүйесін дайындауда тіркеу (көбінесе бұл меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін санкцияда байқалады); 3) ауыр зардаптардың қылмыс түзуші немесе саралау белгілері ретінде пайдаланғанда, олар заңда адам денсаулығына зиян немесе өлім келтіруінде бірінші кезекте көрсету жолымен ашылады (әсіресе, бұл көлік, экологиялық және қоғамдық қауіпсіздікке қарсы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтарда байқалады); 4) жеке меншіктің мемлекеттік және басқа формаларымен тең қорғалуын жүзеге асыру. Бұл идеяға «жеке бас» ұғымын қамтитын құқық қорғау мүдделерінің шеңберінің кеңеюі де қатысты³.

Бұрын бұл түсінік қылмыстық құқықта Қазақ КСРО қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 3-тарауындағы бастауда аталған мемлекеттік емес объектілерге қатысты қарастырылған «Жеке адамның өміріне, денсаулығына, бостандығына ар-намысына қарсы қылмыстар». Сондықтан да қылмыстық құқық ғылымында «Жеке адамға қарсы қылмыстар» термині жыныстық қылмыста және отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы кейбір қылмыстар кіретін қылмыстардың аталған тобына қатысты қолданылды. Азаматтардың саяси, еңбек, басқа құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар 1959 жылғы кодекстің Ерекше бөлімінің дербес 4-ші тарауын құрады да, жеке адамға қарсы қылмыстар ретінде қарастырылмады.

Жоғарыда аталған сипаттамаларды алып қарағанда, қылмыстық құқықтық қорғау объектісі ретінде «жеке бас» және «адам» санаттарын қарсы қою үшін еш негіз жоқ.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп адамның өмірі мен денсаулығына, жыныстық дербестігіне, бостандығына, ар-намысына қол сұғатын қоғамдық қауіпті әрекеттер танылады. Қылмыстың мұндай түрлерін істеу нәтижесінде адамға айтарлықтай зиян не болмаса өмірге, денсаулыққа заңды құқықтары мен бостандыққа зиян келтіру қорқынышы туады.

³ Курс уголовного права. Особенная часть / Под ред. Г. Н. Борзенкова. — М., 2002. Т. 3. С. 92-93.

Жеке басқа қылмыстық құқық бұзушылықтардың *тектік объектісі* жеке тұлға болып табылады. Қылмыс объектісі ретінде — бұл әлеуметтік рөлдермен қоғамдық қатынастар жүйесінде қарастырылатын адам. Ол бір мезгілде биологиялық тіршілік иесі де, белгілі құқықтарды, міндеттерді, бостандық пен әлеуметтік құндылықтарды иеленуші де болады. Тікелей объектіні — жеке бастың өмірі, денсаулығы, бостандығы, ар-намысы сияқты құндылықтар деп атауға болады.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың *объективтік жағы* — бұл жеке бастың өміріне, денсаулығына, бостандығына, ар-намысына қоғамдық қауіпті қол сұғушылық.

Құрамына қарай жеке адам қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар материалдық және формальдық болып бөлінеді. Материалдық құрамның объективтік жағы 3 міндетті белгілерден тұрады: 1) қоғамдық қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); 2) қоғамдық қауіпті зардаптар; 3) олардың арасындағы себепті байланыс.

Әрекетсіздік әрекет сияқты тұлғаның ерікті қылығы болып табылады, сондықтан да ол әрқашан саналы сипатқа ие. Егерде қоғамдық қауіпті әрекет кінәлінің белсенді мінез-құлқынан байқалса, онда әрекетсіздік болу керек және істелуі мүмкін әрекеттің істелмеуінен байқалады. Қоғамдық қажетті әрекеттерді орындауда тұлғаның міндеті мыналардан шығады: а) заң мен нормативтік актілерді жазудан; ә) кәсіби міндеттер мен қызметтік міндеттен; б) келісім шарттар; в) жеке өзара қатынастан; г) кінәлінің алдағы қызметінен. Қылмыстың формальдық құрамының объективтік жағы тек қоғамдық қауіпті әрекеттен туады.

Осыған байланысты, жеке адамға қарсы қылмыстарды *материалдық құрамдары* мыналар: адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бап), жаңа туған баланы анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100-бап), аффекті жағдайында жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 101-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 102-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 103-бап), абайсызда қазаға ұшырату (ҚР ҚК 104-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106-бап), аффекті жағдайда денсаулыққа зиян келтіру (ҚР ҚК 111-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 112-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 113-бап), денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚР ҚК 114-бап).

Формальдық құрамға жататындар: өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бап), қинау (ҚР ҚК 110-бап), қорқыту (ҚР ҚК 115-бап), адамның ағзаларын мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (ҚР ҚК 116-бап), адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыруы (ҚР ҚК 118-бап), қауіпті жағдайда қалдыру (ҚР ҚК 119-бап), зорлау (ҚР ҚК 120-бап), он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122-бап), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің қатынас жасауына, әйел мен әйелдің қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123-бап), жас

балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бап), психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (ҚР ҚК 127-бап), адам саудасы (ҚР ҚК 128-бап), адамды кландау (ҚР ҚК 129-бап), жала жабу (ҚР ҚК 130-бап), қорлау (ҚР ҚК 131-бап).

Жеке адамға қарсы қылмыс *субъектісі* заңмен белгіленген жасқа жеткен есі дұрыс адам, яғни қылмыс субъектісі жалпы болып танылады. Қылмыстық жауапкершілік басталған жасқа байланысты жеке басқа қарсы барлық қылмыстарды екі топқа бөлуге болады. 16 жастан бастап мынадай қылмыстарға қылмыстық жауапкершілік басталады: жаңа туған баланы анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100-бап), аффекті жағдайында жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 101-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 102-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 103-бап), абайсызда қазаға ұшырату (ҚР ҚК 104-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106-бап), аффекті жағдайда денсаулыққа зиян келтіру (ҚР ҚК 111-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 112-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 113-бап), денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚР ҚК 114-бап), адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыруы (ҚР ҚК 118-бап). Формальдық құрамға жататындар: өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бап), қинау (ҚР ҚК 110-бап), қорқыту (ҚР ҚК 115-бап), адамның ағзаларын мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (ҚР ҚК 116-бап), адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыруы (ҚР ҚК 118-бап), қауіпті жағдайда қалдыру (ҚР ҚК 119-бап), зорлау (ҚР ҚК 120-бап), он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122-бап), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің қатынас жасауына, әйел мен әйелдің қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123-бап), жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бап), психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (ҚР ҚК 127-бап), адам саудасы (ҚР ҚК 128-бап), адамды кландау (ҚР ҚК 129-бап), жала жабу (ҚР ҚК 130-бап), қорлау (ҚР ҚК 131-бап). ҚР ҚК 15-бап, 2-бөлігіне сай қылмыстық жауапкершілік 14 жастан адам өлтіргені (96-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені (ҚР ҚК 106-бап), зорлағаны (ҚР ҚК 120-бап), сексуалдық сипатындағы күш қолданғаны (ҚР ҚК 121-бап), адам ұрлағаны (ҚР ҚК 125-бап) үшін басталады.

Жеке адамға қарсы қылмыстар субъективтік жағынан тура және жанама ниетпен істеледі.

Қылмыстардың тікелей объектісіне байланысты бұл тарауларды төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1. Адам өміріне қарсы қылмыстар: адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бап), жаңа туған баланы анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 102-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 103-бап), абайсызда қазаға ұшырату (ҚР ҚК 104-бап), өзін-өзі өлтіруге

дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бап), соңғы екеуін санамағанда барлық аталған өмірге қарсы қылмыстар адам өлтіруге жатады.

2. Денсаулыққа қарсы қылмыстар: денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106-бап), қинау (ҚР ҚК 110-бап), қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 112-бап), қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 113-бап), денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚР ҚК 114-бап), соз ауруын жұқтыру (ҚР ҚК 117-бап) адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыруы (ҚР ҚК 118-бап).

3. Адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстар: қорқыту (ҚР ҚК 131-бап), адамның ағзаларын мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (ҚР ҚК 116-бап), қауіпті жағдайда қалдыру (ҚР ҚК 119-бап), адамды кландау (ҚР ҚК 129-бап),.

4. Жыныстық дербестік пен жыныстық еркіндікке қарсы қылмыстар: зорлау (ҚР ҚК 120-бап), нәпсіқұмарлық сипатында күш қолдану (ҚР ҚК 121-бап), он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болуы және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзгеде іс-әрекеттер (ҚР ҚК 122-бап), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің қатынас жасауына, әйел мен әйелдің қатынас жасауына немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзгеде іс-әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123-бап), жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бап).

5. Адамның және азаматтың жеке бас бостандығына қарсы қылмыстар: адам ұрлау (ҚР ҚК 125-бап), бас бостандығынан заңсыз айыру (ҚР ҚК 126-бап), психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (ҚР ҚК 127-бап).

6. Адамның және азаматтың ар-намысына қарсы қылмыстар: жала жабу (ҚР ҚК 130-бап), қорлау (ҚР ҚК 131-бап).

2.2. Адам өміріне қарсы қылмыстар

Қазақстан Республикасы ҚК адам өміріне қарсы қылмыстарға адам өлтірудің (ҚР ҚК 99-103 баптар) сол сияқты абайсызда адам өлтірудің (ҚР ҚК 103-бап) және өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің түрлерін жатқызады. Соңғы екеуінен басқа барлық аталған адам өміріне қарсы қылмыстар адам өлтіруге жатады.

Қылмыстың бұл құрамдары өмір сүру құқығы сияқты бұлар да адамның табиғи және маңызды құқықтарын қорғау туралы сөз болғандықтан бірінші орынға орналастырылған. Қылмыстық кодекс адам өмірін қорғау міндетін адам өміріне қарсы қылмыстар құрамының белгілерін қалыптастыра отырып және олардың істелуіне қатаң санкция мен белгілей отырып, өзіне тән әдістермен шешеді.

Бұл топтағы барлық қылмыстарды біріктіретіні әрқайсысының объектісі адам өмірі екендігі. Қылмыс *объектісі* ретінде өмір, бір жағынан табиғи физиологиялық процесс ретінде, екінші жағынан қоғамда жеке бастың тіршілік ету мүмкіндігін заңмен қамтамасыз ету ретінде түсіндіріледі. Екінші жақтың

арқасында өмір жеке бас пен қоғамдық қатынастарға (қоғамдық мүддеге) логикалық бағынады және «жеке бастың мүддесінің оның өзінен бөлуге содан соң жеке бастық қоғамдық қатынастар шегінен шығаруға болмайды»⁴.

Адамға өлім келтіруші әрекет егер құқыққа қайшы әрекет, қылмыстық заңда қарастырылса қылмыс деп табылады.

Кінәлі адамның әрекеті механикалық, физикалық, химиялық (тіпті психикалық, бірақ олар сирек кездеседі) және адам өміріне әсер ететін басқа да тәсілдер болуы мүмкін. Өлім адамға әрекетсіздік жолымен де берілуі мүмкін.

Адам өміріне қол сұғу тәсілі ретінде әрекетсіздік кінәлі қамқорлық танытатын әрекетсіздік ететін, қажетті шаралар қабылдайтын сияқты адам өміріне зиян тигізбеуге тұлғаның міндеттілігін білдіреді.

Адам өміріне қарсы қылмыстарда әрекет немесе әрекетсіздік құқыққа қайшы сипатына иеленеді. Адам өміріне қылмыстық әсер ету тек адам өмірі жағдайында ғана аяқталған қылмыс құрамын құрайды. Адам өміріне қарсы қылмыстың денсаулыққа қарсы қылмыстан айырмашылық белгісі — соңғысының зардаптары өз мазмұны бойынша қай органға зиян келгендігіне, қандай ауру күшімен, денсаулыққа зиян келу нәтижесінде еңбек қабілеттілігі жоғалту дәрежесінің қандайлығымен анықталады.

Адам өміріне қарсы қылмыстардың субъективті жағы қасақана да, абайсыз кінәмен де сипатталады. Кінәлі өзінің қоғамға қауіпті әрекеті нәтижесінде басқа адамның денсаулығына зиян келтіруде зардаптардың бөлу мүмкіндігінің немесе құтылмайтындығын алдын-ала көреді де қалайды (тікелей ниет) және бұған саналы түрде жол береді немесе оған селқос қарайды (жанама ниет).

Осы санаттағы қылмыстың *субъектісі* қылмыстық жауапкершілік жасына жеткен, яғни 16 жастағы есі дұрыс адам, тек қылмыс кодексінің 15-2 баптарына сай адам өлтіргені үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады. Саралау үшін кінәлі өзінің қоғамға қауіпті іс-әрекетінің нәтижесінде басқа адамның денсаулығына жеңіл зиян келетіндігін ұғынуға және қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екендігін немесе қалайда болатындығын алдын-ала білуге тиіс және соны тілеуге не сапалы түрде оған жол беруге немқұрайлы қарауға тиіс. Денсаулыққа абайсызда жеңіл зиян келтіргені үшін қылмыстың жауаптылығы қарастырылмаған. Қылмыстың субъектісі жасы 16-ға толған есі дұрыс адам.

Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы — Адам өлтіру

Адам өлтіру жеке адамға қарсы қылмыстардың ең ауыр түрінің бірі. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде 99-бабының бірінші бөлігінде адам өлтіру басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату деп анықтама берілген. Адамның өмірі әр адамға туғаннан берілетін табиғаттың ерекше сыйы және әлеуметтік құндылығы да ерекше.

⁴ *Никифоров Н. С.* Объект преступления по советскому уголовному праву. — М., 1960. С. 60.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде адам өлтірудің анықтамасын заңдық тұрғыдан алғаш рет белгілеп берді: «басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату» (ҚК 99-бабының 1-бөлігі). Кеңестік дәуірдегі қылмыстық кодексте адам өлтірудің анықтамасын бермеген еді. Сол кезеңдегі заң шығарушылар қылмыстық құқықтағы «адам өлтіруге» жалпы қабылданған ұғымнан жеке бөліп қарамаған сыңайлы.

Қарапайым адам өлтірудің құрамы (Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 1-бөлігі).

Қарапайым адам өлтірудің ұғымы — сараланбаған немесе күрделіленбеген адам өлтіру. Ол үшін қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 99-бабының 1-бөлігінде қарастырылған. Бұл адам өлтірудің негізгі түріне жатады. Қарапайым адам өлтірудің құрамын талдауда басқа да адам өлтірулерден айырмасы бар, сондықтан бұны «жалпы адам өлтіруді» талдау деп қарауға болады.

Адам өлтірудің объектісі — адамның өмірі, ол адамның азаматтығына, ұлтына және нәсіліне, шыққан тегіне және жасына, әлеуметтік жағдайына, немен айналысатынына, денсаулық ахуалына, біліміне, т. б. байланысты емес. Қылмыстық заң жәбірленушінің еркіне қарсы адам өлтіру де, оның келісімімен қаза келтіру де (эфтаназия) бірдей дәрежеде адам өлтіруге жатқызылады. Жәбірленушінің кім екенін білмей қалу қасақана адам өлтіргендігі үшін жауаптылыққа әсер етпейді.

Өмірге қастандық жасау объектісінің бар-жоғы туралы мәселені шешу үшін оның бастапқы және ақырғы кезеңдерін анықтау қажет.

Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан алғанда, адамның туғаннан өлгенге дейінгі аралықта өмір бар деп саналады.

Қылмыстық заңда адамның өлген кезі деп биологиялық өлімді, яғни ми қабаты клеткаларының біржола ыдырауы нәтижесінде ми қызметінің толық тоқтауы кезін алады. Биологиялық өлімнен басқа «клиникалық өлім» деген түсінік бар, бұл жағдайда адамның жүрегі тоқтап қалады.

Адамға клиникалық өлім келтірсе, мұндай іс-әрекет адам өлтіруге оқталғандық болып саналады. Сонымен қатар, клиникалық өлім жағдайындағы адамға қастандық жасауды өлтіру деп санауға болады.

Қылмыстың объективтік жағы материалдық құрамды қылмыстар сияқты үш элементтің жиынтығынан тұрады: 1) басқа адамның өмірін қиюға бағытталған әрекет (әрекетсіздік); 2) жәбірленушіні өлтірудегі міндетті аяқталу қорытындысы; 3) кінәлі мен жәбірленушіге қаза келтірудегі әрекет (әрекетсіздіктің) арасындағы себепті байланыс.

Адамды өмірінен күш қолданып та, (жарақаттау, тұншықтыру, уландыру, т. б.) психикалық ықпал жасап та (қорқыту, үрейлендіру, жалған лақап тарату, т. б.) айыруға болады.

Қылмыстың субъективтік жағы кінәнің қасақана жасалуымен сипатталады. Айыпты өзінің басқа адамның өліміне алып келетін іс-әрекет жасап отырғанын, ондай зардаптың болу мүмкін екенін немесе қалайда болмай қоймайтынын біледі, соны тілейді — яғни тікелей ниет танытады, егер ол

өлімнің болуына аналы түрде жол берсе не ондай зардаптың болуына немқұрайды қараса — жанама ниет танытады.

Адам өлтірудің субъектісі (ҚР ҚК 99-бабы) 14 жасқа толған, есі дұрыс адам бола алады. Басқа да адам өміріне қарсы бағытталған қылмыстар үшін жауаптылық 16 жастан басталады.

Сараланған адам өлтірудің түрлері — Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы 2-бөлімі

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде 99-бабы 2-бөлімінде қарастырылған адам өлтіру аса қоғамдық қауіпті қылмыстарға жататындықтан оны жасағаны үшін аса қатаң шаралар қолдану қарастырылған. Сараланған адам өлтіруге ҚК 99-бабы 2-бөлімінде қарастырылған жағдайлардың (сараланған белгілер) кем дегенде бірі болғанда адам өлтіру деп аталады. Әрине адам өлтірудің барлық басқа да негізгі белгілері міндетті түрде болуы керек. Егер кінәлінің әрекеттерінде екі немесе бірнеше сараланған белгілер болса, олардың барлығы айып таққанда жәбірленушіге үкім шығарғанда көрсетілуі керек. Бірақ олар қылмыстың жиынтығын құрамайды, және жаза бірдей қолданылады. Қазақстан Республикасы 99-бабы 2-бөлімі 15 тармақтан тұрады. Көп белгілер бұрынғы қылмыстық заңда болған. Кейбір сараланған белгілер нақтыланған және бірнеше жаңа түрлері енгізілді. Тұңғыш рет осы сараланған белгілер белгілі бір қатаң тәртіпте орналастырылып, соған байланысты мынадай түрлерге бөлінді.

Объектіге қатысты белгілер («1», «2», «3», «4»-тармақтары) — екі немесе оданда көп адамға қатысты («1»-т.); қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды немесе оның жақындарына қатысты («2»-т.); дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды өлтіру, сол сияқты адамды ұрлауы не кепілге алумен ұштасқан («3»-т.); жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелге («4»-т.).

Қылмыстың объектілік жағына қатысты белгілер («5», «6»-т.) — аса қатігездікпен адам өлтіру («5»-т.); көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен адам өлтіру («6»-т.). кейбір авторлар объективтік жаққа адамды өлтіруді адамдар тобы, алдын-ала сөз байласу арқылы адамдар тобы («7»-т.) жатқызады және бірнеше рет жасалған («13».)

Субъектілік жаққа қатысты белгілер («8», «9», «10», «11», «12»-т.) — пайда табу мақсатымен, сол сияқты жалданып не қаракшылықпен, қорқытып алушылықпен, не бандитизммен ұштасқан адам өлтіру («8»-т.); бұзақылық ниетпен адам өлтіру («9»-т.); басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлауға немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан адам өлтіру («10»-т.); әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық не қанды кек себебі бойынша адам өлтіру («11»-т.); жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатында жасалған адам өлтіру («12»-т.); көрінеу кәмелетке толмаған адамды («14»-т.).

Субъектіге қатысты белгілер («7»-т.) — адамды өлтіруді адамдар тобы, алдын-ала сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе ұйымдасқан топтың жүзеге асыру арқылы адам өлтіру («7»-т.); қылмыстық топ жасаған, сол сияқты төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған адам өлтіру («15»-т.).

Бұл саралауды шартты деп қарастыру керек. Себебі кез-келген объектілік белгі қылмыстың субъективтік жағынан көрініс тауып жатады. Ал адам өлтірудің аса жоғары қауіптілігі қарақшылықпен, бандитизммен немесе бопсалаушылықпен астасып жатыр. Бірақ осылайша саралау ҚК 99-бабы 2-бөлімі бойынша нақты адам өлтіру түрін дұрыс саралауға көмектеседі.

Жалпы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің адам өлтіруді бұлайша саралауы толық сипатқа ие. Адам өлтірудің кейбір түрлерін ажыратуда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысын оқып білу қажет.

Екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99 бап. 2-б. «1» т.

Зардаптарының аса ауырлығымен сипатталады. Осыған ұқсас белгі бұрынғы Қылмыстық кодексінде де болған, сондықтан сот практикасы оны бағалаудың өзіндік критерийін жасаған болатын. Екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру біртұтас қылмысты білдіреді. Барлық жәбірленушілерге зиян не бір мезгілде, немесе қысқа уақыт аралығында жасалады, яғни ең бастысы айыптының іс-әрекеті бір ниетке бағытталған — екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру.

Уақыт аралығының алшақтығы немесе басқа да бірегей ниетін білдіретін жағдайларда адам өлтіру ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлімі «1»-тармағы бойынша сараланбайды. Мұндай жағдайларда ҚК 99-бабы 2-бөлімі «15»-тармағы қолданылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында былай деп көрсетілген: «егер қылмыс бір немесе бірнеше әрекет арқылы қысқа уақыт аралығында орындалса жәбірленушіге де айыптының бірнеше адам өлтіруге тікелей немесе жанама ниетінің болғаны анықталса ол екі немесе одан да көп адамды қасақана өлтірген жағдай деп саралануы керек. Айыптының ниеті бірнеше адамды өлтіруге бағытталып, бірақ аяқталған қылмыс ретінде — екі немесе одан да көп адамды өлтіргендік деп қарастырмайды, себебі — қылмыс субъектісінің еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша оның бірнеше адамды өлтіру ойы жүзеге аспай қалды». Бұл жағдайда айыптының әрекетін ҚК 99-бабының 1-бөлігі және 24-баптың 3-бөлігі бойынша және басқа сараланатын белгілердің болуына қарай ҚК 99-бабы 2-бөлімі «1»-тармағы бойынша саралануы керек.

Мұнда айыптының бір мезгілде бір адамды өлтіріп, екінші адамды өлтіру мақсатында шабуыл жасау әрекетінің еш қатысы жоқ. Себебі екі адамды өлтіру бір қылмысты білдіреді. Осынысымен де ол бірнеше рет жасалған адам өлтіруден ерекшеленеді. Осы жағдайда жазаны бірегей қылмыс жиынтығы ережелері бойынша белгілеу дұрыс болар ма екен. Қылмыстық құқық ғылымында оны шешудің бірнеше жолдары көрсетілген болатын. Мысалы, Л. В. Иногамова-Хегайдың ойынша бір адамды өлтіру туралы норма «екі немесе одан да көп адамдардың өміріне қауіп төндіру нормасының бүтіні емес, мазмұнының бөлігі ғана», ал «бүтін мен бөлікті салыстырғанда бүтіннің жеңетіні белгілі»⁵. Барлық әрекеттерді бір қылмыс деп есептеу бұл қылмыстың қауіптілігін төмендетіп, айыптының жауапкершілігін жұмсартар еді. Осыған байланысты сот практикасы заң талап етіп отырғандай мұндай жағдайларда саралау жолымен қарастыруы керек.

Дегенмен, бұл жолдың да өз қиыншылығы бар. Қылмыстың жиынтығы деп танылған жағдайда жаза 25 жылға дейін бас бостандығынан айыру ретінде қолданылады. Ол айыптының бастаған ісін аяқтауға, яғни тірі қалған куәгерлерді де өлтіруге итермелейді, бұл жағдай қылмыс жиынтығына жатпайды. Мұндай қарама-қайшылықты шешу үшін заңды қолдану керек, яғни жиынтық деген ұғымды нақтылау қажет.

Екі немесе одан да көп тұлғаларды бір мезетте өлтіру әртүрлі себептердің болуын жоққа шығармайды, мысалы, қызғаныш сезімімен бұрынғы әйелін өлтіру және жасаған қылмысты жасыру мақсатында кездейсоқ куәгерді өлтіру. Егер осы себептердің бірі ҚК 99-бабы 2-бөлімінде қарастырылса, онда ол саралауда көрсетілуі керек. Басқа адамды өлтіру ниеті алдында жасаған адам өлтіру қылмысын жасыру мақсатында кейіннен пайда болса, ол екі адамды өлтіру деп сараланбайды. Әрбір жасалған қылмыс жеке саралануды қажет етеді.

Бір уақытта бір адамды өлтірген және екінші адамды абайламай өлтірген айыптының әрекетінде бұл қарастырылып отырған қылмыстың құрамы жоқ, ол екі қылмыстың жиынтығы: адам өлтіру жәбірленушіге абайсызда адам өлтіру қылмыстары ретінде сараланады.

Егер екі немесе одан да көп адамды өлтіру көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалса, бұл әрекет ҚК 99-бабы 2-бөлімі «1» және «б» тармақтары бойынша саралануы керек.

Егер екі адам өлтірудің біреуі жеңілдететін мән-жайларда жасалса (97-100-баптары) онда ҚК 99-бабы 2-бөлімі «1»-тармағы қолданыла алмайды.

Қызметтік жұмысын жүзеге асыруына не кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамды немесе оның жақындарына қатысты адам өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-бап. 2-б. «2»-т.

⁵ *Иногамова-Хегай Л. В.* Конкуренция норм уголовного права. — М., 1999. 110-134-беттер.

Адам өлтірудің бұл түрі аса қауіпті қылмыстар қатарына жатады, себебі мұнда тек жәбірленушінің ғана емес басқа да объектілерге: тұлғаға өзінің қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін немесе кәсіби не қоғамдық борышын орындауға байланысты қоғамдық қатынастарға да қол сұғылады.

Осы қылмыс бойынша жәбірленушілер қызметтік міндетін атқарушы (лауазымды немесе басқа да адамдар), сондай-ақ кәсіби немесе қоғамдық борышын орындаушы азаматтар немесе олардың жақындары болуы мүмкін. Бұл қылмысты жасағанда айыпты жәбірленушінің өз қызметтік міндетін немесе қоғамдық не кәсіби борышын заңды түрде атқаруына қарсы тұрады немесе сол үшін өш алады. Мысалы, браконьердің өзін ұстаған адамды өлтіруі, тергеуге немесе сотта куәгер ретінде жауап берген адамды өлтіру.

Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы 2-бөлімінің осы тармағы бойынша жауаптылыққа тартқанда адам өліміне себеп болған әрекеттің қашан жасалғандығы маңызды емес. Жәбірленушінің өз қызметтік міндетін немесе кәсіби борышын атқару кезінде ғана өлтірілуі шарт емес.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, былай деп көрсетілген: «егер қылмысты жәбірленушінің өз қызметтік міндетін немесе кәсіби борышын атқару кезінде жасауға байланысты саралау кезінде заң жәбірленушінің өз қызметтік міндетін немесе кәсіби борышын атқаруындағы қандай заңды әрекеттері айыптының оған қарсы қылмыс жасауына әкеп соққанын анықтауы керек».

Қызметтік борышын жүзеге асыру дегеніміз — адамның мемлекеттік немесе басқа да кәсіпорында, мекемеде жұмыс істейтіндігіне қарамастан өз міндетіне жататын әрекеттерді жасауы.

Қоғамдық борышты атқару дегеніміз — кез келген азаматтың өзіне жүктелген әлеуметтік міндетті, сондай-ақ қоғам немесе жеке адамдар мүддесін көздейтін кез келген басқа әрекеттерді орындау (қылмыстың алдын алу, қылмыскерді ұстау, т. б.).

Р. Э. Оганян, А. Г. Кибальник, И. Г. Соломенко қызметтік борышты әдеттегі еңбек келісім шартымен белгіленген қызметтік шеңбердегі міндеттерді атқару деп таниды. Қызметтік борышты жүзеге асыру деп, адамның жәбірленушінің жұмыс істейтін мемлекеттік немесе өзгедей кәсіпорындарға, ұйымдарға қарамастан қызметтік борышын жүзеге асыру әрекетін тануға болады. Қоғамдық борыш – адамның тиісті атқаратын міндетіне кірмейтін қоғамның міндеті үшін атқаратын әрекеттер⁶.

Қоғамдық борышты атқару деп кез келген азаматтың әлеуметтік жүктелген міндеттерді атқаруы, сол сияқты қоғамның немесе жекелеген адамның мүдделері үшін басқа да қызметтерді жүзеге асыруын тануға болады (құқық бұзушылықтың жолын кесу, қылмыскерді ұстау және басқалар).

⁶ Оганян Р. Э., Кибальник А. Г., Соломенко И. Г. Преступления против жизни и здоровья: Лекция. — М., 2002. 7-бет.

Мысалы, Л. жәбірленушінің қоғамдық борышын орындау кезінде адам өлтіргені үшін айыпталды, ол мына жағдайларда өткен болатын: мерекелік кеште мас күйіндегі Л. бұзақылық әрекеттерге барып, сахнаға шығып алып, онда тұрған барабанды аяғымен тепкілей бастаған. Оркестрант ескерту жасап, оның сахнадан кетуін өтінген. Бірақ ол бұзақылық әрекеттерін тоқтатпастан, енді киім шешетін жерде жалғастырды. Күзетші К. Л-ға ескерту жасап, оны полиция бөліміне жеткізетінін айтқан. Бұл ескертпелерге көңілі толмаған Л. одан өш алатынын айтып, оған шабуыл жасап, жерге құлатып аяғымен басынан және басқа да дене мүшелерінен тепкілей бастаған. Алған дене жарақаттарынан К. сол жерде қаза тапты⁷.

Қылмыстық, азаматтық істердің, сондай-ақ материалдың сотта қаралуына, алдын ала тергеудің жүргізілуіне не үкімнің сот шешімінің немесе өзгедей сот актісінің орындалуына байланысты судьяның, прокурордың, тергеушінің анықтама жүргізуші адамның, қорғаушының, сарапшының, сот приставының, сондай-ақ олардың жақындарының өміріне қастандық жасау (не өлтіру) арнаулы норма — ҚК 408-бабы бойынша жауаптылыққа апарады. Құқық қорғау органдарының адамы болып табылмайтын, бірақ өзін айыпталушыға сондаймын деп таныстырған жәбірленушіге қоғамдық тәртіпті қорғауға бағытталған әрекеттер жасаған адамның өміріне қастандық жасау ҚК 99-бабы 2-бөлімінің «2»-тармағы бойынша саралануы тиіс.

Кәсіби борышқа адамның кәсіби мәртебесі жүктейтін міндеттер жатады. Қылмыстық заң тек қызметтік міндетті не кәсіби немесе қоғамдық борышты атқарушы адамдарға ғана емес, олардың жақындарын да қорғайды. Жақындар деген түсінікке тек арғы-бергі туыстар ғана жатпайды, сонымен қатар достық, сүйіспеншілік қатынастағы (қалыңдық, күйеу бала, достар, т. б.) адамдар да жатады.

Жақын адамды өлтіру жәбірленушінің қызметтік кәсіби немесе қоғамдық борышты атқарумен байланысты болады, оны өз қызметін атқарудан бас тартқызу мақсатында немесе сол қызметі үшін өш алу мақсатында жасалады.

Дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамды өлтіру, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұштасқан жағдайда адам өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы 2-б. «3»-т.

Бұл — 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінде бұрын болмаған адам өлтірудің сараланған түрі. Адамды ұрлау не адамды кепілге алу оқиғаларының көбею, дәрменсіз күйде адамға қастандық жасау фактісіне қоғамдық басқа көзбен қарауы, бұл жайларды адам өлтірудің саралаушы нышандары ретінде санауға негіз болады. Бір тармақта екі ұштасқан жағдай біріктірілген: біріншісі жәбірленушіні сипаттайды, екіншісі — ең алдымен әрекет тәсілінің ерекшелігін білдіреді.

Адамның дәрменсіз күйі дегеніміз — адамның физиологиялық немесе басқадай себептермен (әлі жас, қартайған, ауру, кеміс: соқыр, керен, ақсақ,

⁷ Қарағанды облыстық сотының 2004 жылғы мұрағаттық материалдарынан.

шолақ, т. б.) қылмыскерге жөнді қарсылық көрсете алмауы. Адам өлтірудің бұл түріне ұйықтап жатқан немесе қатты мас адамды, сондай-ақ басқа бір себептермен есінен таныған адамдарды өлтіру де жатады. Бұл жағдайда жәбірленушінің дәрменсіз екендігі айыптыға белгілі болуға тиіс.

Шындығында, жас сәбиді, қарт адамды, мүгедекті өлтіру айыптының аса қатігездік танытып жасағанын, жүрексіздігін көрсетеді. Сондықтан сот практикасы мұндай адам өлтірулерді аса қатігездікпен жасалған қылмыс деп қарап келді. Ұйықтап жатқан немесе қатты мас адамды өлтіру қылмысына келетін болсақ ол кінәлінің аса қатыгездігін білдіре қоймайды. Ал дәрменсіз күйі айыптыға белгілі болғанына қарамастан адам өлтіруді заң шығарушылар жеке сараланатын белгі деп тауып, оны аса қатігездікпен байланыстырмай отыр. Соған қарамастан көпшілігі Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы 2-бөлімі «3»-тармағын ұйықтап жатқан, мас немесе ессіз жатқан адамды өлтіруге қолдануға болмайтынын айтады.

Бұл көзқарасты жақтаушылар дәрменсіз жағдай жәбірленушіге қосымша ерекше зардап тигізетінін алға тартады. «Ол өзін қазір немесе сосын міндетті түрде өлтіретінін сезеді, бірақ физикалық жағдайының жоқтығынан оның күші қарсыласуға да, көмекке шақыруға да дәрменсіз». «Жәбірленуші адам өзінің қандай да бір жағдайларына байланысты дәрменсіз екенін түсінеді де, адам өлтіруші алдында дәрменсіз болып қала береді»⁸. Осыдан келіп ұйықтап жатқан немесе ессіз жатқан адам дәрменсіз болып есептелмейді деген қортынды шығаруға болатын сияқты.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты ұйқыны дәрменсіздік жағдай деп есептемейді. Мысалы, қызметтес достар Л., Д., және С. соңғысының үйінде спирттік ішімдіктер ішіп отырады. Спирттік ішімдік ішу барысында Л. мен Д. арасында сөзге келіспеушілік туады да, соңынан Л. тұрып, жататын бөлмеге кетіп қалады. Біраз уақыт өткеннен кейін жататын бөлмеге Д. кіріп, ұйықтап жатқан Л-ды өлтіреді. Алдын ала тергеу органдары мен сот айыптының әрекетін ҚК 99-бабы 2-бөлімі «3» тармағы бойынша саралады (дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды өлтіру). Кассациялық өтінішті қайта қараған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Л. әрекетін ҚК 99-бабы 1-бөлімі бойынша қайта саралап, ұйқыны дәрменсіз жағдай деп есептемей тастады⁹.

Мұндай шешіммен біздің ойымызша келісуге болмайды. Құрбанның дәрменсіз күйі — объективті категория. Бұл жағдай жәбірленушінің сана-сезімінен тыс жағдайда пайда болады.

Бұл адам өлтірудің түрінің жоғарғы қауіптілігі жағдайына байланысты өзін-өзі қорғай алмайтын немесе өз өміріне жасалған қол сұғудан қорғана алмайтын әр адамды қорғауға бағытталған қамқорлыққа байланысты.

Бұл қылмыс объективтік жағынан да қауіпті, себебі жәбірленуші ұйықтап жатқанда, есін білмей жатқанда, қатты мас күйінде жатқанда немесе басқа да

⁸ Дементьев С. Понятие беспомощного и бессознательного состояния // Российская юстиция. — 1999. — № 1. — 3-бет.

⁹ ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының 2015 жылғы материалдарынан.

себептерге байланысты есінен танып жатқанда қылмыстық әрекеттің нәтижесіне жету әлдеқайда жеңілдейді. Мұндай қылмыс субъектілік жағынан да қауіпті, себебі құрбанның дәрменсіз халде жатқанын білу қылмыстық ниеттің жүзеге асуын жеңілдетеді, тіпті арандату рөлін де атқаруы мүмкін. Қылмыскерге құрбанның өз өміріне қол сұғушылық жасалатынын білмеуі, сондықтан да оған еш қарсылық көрсетпейтіндіктен оны өлтіру оңай шешілетініне сенімді болады.

Жәбірленушінің дәрменсіз күйі кінәліге байланыссыз жағдайларда туындауы да мүмкін. Жәбірленушінің дәрменсіз күйі бағаланатын белгілер қатарына жатады. Дәрменсіз күйі қандай болса да соттың бағалау заты болуы тиіс. Бұл адамның жасына да қатысты. Егер жас бала немесе қарт адам жақсы қаруланған болса және қаруды жақсы меңгерсе ол өздігінен дәрменсіз деп саналмайды. Сондай-ақ қарттық шақтың балалық шақпен салыстырғанда нақты нормативтік шегі жоқ. Сот практикасы кімді «егде тартқан» деп есептеуде қиындыққа ұшырап келеді. Бұл фактілік мәселе болар. Бірдей жасаған бір адам жасына қарай дәрменсіз болса, екіншісі дәрменсіз болмайды.

Осы сияқты ауру да дәрменсіздікті білдірмейді. «Аурулардың ішінде адам өлтірушіге қарсыласа алатындары да болады, себебі олардың аурулары қылмыскерге белсенді қарсыласа алатын немесе одан қашып кететін қабілеттерін жоғалтпайды»¹⁰.

Дәрменсіз күйде адамды өлтіруді жәбірленушінің басқа да: кенеттен шабуылдау, жасырын немесе сұрқия жолдармен өлтіру сияқты себептерге байланысты адам өлтірушіге қарсыласа алмайтын жағдайлардан ажыратып алу керек. Оған мысал ретінде мергеннің оқ атуы, жасырынып тұрып шабуылдау, кенеттен пышақ салу, жарылғыш заттарды қолдану, тамақпен улау және т. б. келтіруге болады. Егер жәбірленуші оны өлтіруге ниеттенген айыптының кесірінен дәрменсіз күйде қалса (жарақаттау, байлау, оңаша жерге апару, т. б.), онда ҚК 99-бабы 2-бөлімі «3»-тармағы қолданылмайды.

Екінші ұштастырылған жағдайға ҚК 99-бабы 2-бөлімі «3»-тармағында алғаш рет аталып, соңғы кездері көбейіп кеткен кепілге адам алу жәбірленушіге адамдарды ұрлау жағдайы жатады. Қаруланған қылмыскерлерге ұсталған адам әдетте дәрменсіз болып қалады. Бірақ адамды ұрлаған немесе кепілге алған жағдайда адам өлтіруді ұрланған немесе кепілге алынған адамның ғана өлуі емес, басқа да адамдардың өлімі (мысалы, ұрлауға кедергі жасаушы немесе кепілді босатуға тырысқан) деп те түсіну керек.

Ұрланған немесе кепілге алу арқылы адам өлтіру қарастырылып отырған белгіге ұқсас болғандықтан, олар ҚК 99-бабы 2-бөлімінде бір тармаққа біріктірілген. Ұрланған немесе кепілге алынған адам да дәрменсіз қалады. Мұндай адамды өлтіру ҚК 99-бабы 2-бөлімі «3»-тармағы бойынша және ҚК 125-баптары бойынша сараланады. ҚК 99-бабының 2-бөлімінің осы қарастырылып отырған тармағы қолданылғанда жәбірленушінің ұрланған кезде немесе бірқатар уақыт өткеннен кейін қаза болғандығы ескерілмейді. ҚК 99-баптың 2-бөлімінің «3»-тармағы ұрланған немесе кепілге алынған адамның

¹⁰ *Плаксина Т. А.* Уголовная ответственность за убийство. — Барнаул, 2000. Ч. 2. 41-бет.

өлтіргендігін ғана емес, сонымен қатар адамды ұрлауға немесе кепілге алуға байланысты басқа адамдардың өлтіргендігін де қамтиды (мысалы, кепілді босатуға тырысқан немесе ұрлауға кедергі келтірген адамды өлтіру).

Кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелді өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-бап. 2-бөлімі «4»-т.

Бұл қылмыс түрі үшін жауаптылық қатаң, себебі мұнда қылмыскер әйелді ғана өлтіріп қоймай, бойына жан біткен, бірақ әлі өмірге келмеген ұрпақты да өлтіреді.

Бұл тармақты қолданудың бірден-бір шарты — әйелдің жүктілік жағдайда айыпты білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, былай деп көрсетілген: «айыптының жәбірленушіні өлтіру кезінде оның жүкті екенін білгенін анықтау жеткілікті, мұнда оның жүктілік мезгілінің, тұқымның өміршеңдігінің, әйелдің жүктілігіне байланысты қандай да бір медициналық есепте тұруының еш маңызы жоқ» айыпты адам әйелдің жүктілігін сырт пошымнан, әйелдің өз сөзінен немесе медициналық құжаттармен танысу арқылы біле алады. Әйелдің жүкті жағдайында білмеген адам бұл тармақ бойынша жауапқа тартылмайды. Және де, қылмысты осы тармақпен саралау үшін іштегі баланың әйелге қастандық жасау нәтижесінде одан бұрын өлгендігінің заңдық маңызы жоқ.

Егер айыпты адам әйелді жүкті екен деп ойлап өлтірсе, бұл әрекет екі қылмыстың жиынтығымен сараланады — біріншіден, жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелді өлтіру және жай немесе басқа да ауырлататын мән-жайлармен сараланатыны адам өлтіру. Жәбірленушіні шатастырып, басқа адамды өлтірген жағдайда да қылмыс осылай сараланады (өлтіруге тиісті жүкті адамның орнына қателесіп айыпты ондай жағдайда емес басқа адамды өлтіреді).

Жүкті әйелді өлтіргенде айыптыда жәбірленушінің өліміне қатысты тікелей ниет те, жанама ниет те болуы мүмкін. Өлтіру себептері әртүрлі болғанымен, олардың қылмысты саралауға ықпалы болмайды. Мысалы, жүкті әйелді қызғаныштан өлтірген адам ҚК 99-бабы 2-бөлімі «4»-тармағы бойынша жауапқа тартылады.

Аса қатігездікпен жасалған адам өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-бап. 2-б. «5»-т.

Жәбірленушіні аса қатігездікпен қасақана өлтіру айыптының ерекше қатыгездік әрекеттерге баруы, адамгершілік шегінен шығуы, садизмді қарастырады.

Аса қатігездікті мынадай мән-жайлар сипаттайды:

– өлтіру тәсілі (жәбірленушінің денесіне көптеген жарақат салу, көму, ас, су бермеу, уландырып қинау, қышқылмен күйдіру және т. б.);

– өлтірер алдында немесе өлтіргенде садистік қылық көрсету (қинау, зорлау, жанын күйзелту);

- жәбірленушіні жақындарының көзінше өлтіру, оларды күйзелту.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, былай деп көрсетілген: «қасақана өлтіруді аса қатігездікпен жасалған ретінде сипаттайтын мән-жайларға баға бергенде аса қатігездік тек объективтік әрекеттермен ғана емес, сонымен қатар айыптының өз іс-әрекетіне психикалық қатынасымен де сипатталатынын ескеру қажет».

Аса қатыгездіктің нысандары болу үшін айыпкер өлтірер алдында немесе өлтіріп жатқан кезде жәбірленушіні қинайды, жанын күйзелтеді, не алдын ала әдейі қинап өлтіреді (денесіне көптеген жарақат салады, ұзақ уақыт жанын қинайтын береді, денесін күйдіреді, аштықта, шөлдетіп ұстайды, т. б.).

Айыпты жәбірленушіні өлтіру мақсатында дене жарақаттарын жасап, соңында оны бензинмен өртегеннен кейін жәбірленушінің өлуі де аса қатігездікпен жасалған деп есептеледі.

Жоғарыда атап өткендей, аса қатігездік өлтіру тәсілімен де, айыптының аса қатігездікпен жасағанын көрсететін басқа да жағдайлармен байланысты. «Басқа жағдайлар» деген түсінікті анықтап беретін мына мысалды келтіруге болады: «... айыпты Ф., П., және С. жәбірленушіні орманға апарды, сол жерде Ф. Оған пышағын көрсетті, ал П. Оны өлтіретіндерін айтты. Осыдан кейін жәбірленуші арқанмен байланды. Жағылған май шамдар жарығымен П. Жәбірленушіге «реланиум» препаратын салды, Ф. шұңқыр қазды да, жәбірленушіні шұңқырға алып келді. Жәбірленуші оны өлтірмеуін өтінді, оларды милицияға хабарламайтынын айтып жалынды. Бірақ П. «оны тірідей қалдыруға болмайтынын» айтты. Ф. жәбірленушіні шұңқырдың жанына әкеп, кеудесіне жүректі көздеп пышақ салды. Жараланған жәбірленуші қашып кетуге талпынды, бірақ Ф. Оны қуып жетіп, шұңқырға алып келді. Жәбірленуші тағы да оны өлтірмеулерін сұрады, бірақ П. оны өлтіруді «аяғына дейін жеткізуді» талап етті, ал Ф. одан бас тартты. Сонан соң П. күректі С-ға берді де, соңғысы жәбірленушінің басына бірнеше соққы жасады. Содан П. жәбірленушінің орға жатуын талап етті, ол талабын орындағанда, оның басы мен мойнына күректің қырымен бірнеше соққы беріп, содан жәбірленуші қайтыс болды¹¹. Бұл мысал адам өлтіру кезіндегі асқан қатыгездіктің белгісі ретінде құрбанды жәбірлеудің жолдарын айтарлықтай сипаттаған.

Жәбірленушіні өлтірген соң, мәйітті қорлау кінәлінің асқан қатыгездігін куәландырып, ҚК 99-бабы 2-бөлімінің «5»-тармағы бойынша әрекетін саралауға негіз болады. Осы қаулыда аса қатыгездік «жәбірленуші адамның жақындарының көзінше адам өлтіруде де байқалады. Бұл жағдайдағы кінәлінің субъективтік қатынасы жәбірленушінің өмірін алуға ғана емес, осы процестің куәсі болған оның жақындарына ерекше азап келтіруге бағытталған тікелей ниетпен бағытталады. Мұнда сотқа адам өлтіру кезінде жәбірленуші адамның

¹¹ *Оганян Р. Э., Кибальник А. Г., Соломенко И. Г.* Көрсет. еңбек. 10-бет.

жақындарының болу фактісін ғана емес, олардың көзінше кінәлінің қылмыс істегенін куәландыруды анықтау ұсынылады. С. В. Бородин былай деп жазады:

«Аса қатыгездікпен істелген адам өлтіруді зерделеу мұндай адам өлтіруді саралаудағы қатенің негізгі себебі — соттар қылмыс құралының субъективтік жағының призмасы арқылы емес, аса қатыгездікті куәландырушы белгілерді өздігінше жиі бағалайтынын көрсетеді»¹². Мұндай баға беру жағдайында, бір жағынан әңгіме қасақана қылмыс ретінде адам өлтіру туралы, демек, ауырлатылған жағдайға қатысты абайсыздық ескерілмейтіні, екінші жағынан, адам өлтіріп алуға кінәлінің ниетінің түрлері мен оның аса қатыгездікке қатысының сәйкес келмеуі әрқашан ескеріле бермейді. Тікелей ниетпен адам өлтіру болып, жанама ниет туралы куәландыратын аса қатыгездікке қатысы жоқ оқиғалардың болуы әбден мүмкін. Аса қатыгездікке қатысты ниет түрін анықтамай, адам өлтіру жағдайын толық анықталды деп санауға болмайды. Біздің ойымызша, аса қатыгездіктің болуы туралы мәселені шешу үшін жалғыз мүмкін және сенімді өлшем болып табылады.

Қылмыстық құқық доктринасы тікелей де, жанама ниет бұл болмыстың нәтижесінің болуын сезетін алдын-ала көріп-білуден тұрады деп санайды. Яғни кінәлі сонда әрекетінің сипатын сезініп, аса қатыгездікпен әрекет етеді, аса қатыгездік болып табылатын басталған нәтижені қалайда немесе саналы түрде жол береді.

Бір-бірінің көзінше жақын қатынастағы бірнеше адамды кезекпен өлтіру аса қатыгездікпен істелген деп қарастырылу керек.

Мәселен, Б. өзінің әйелі, келіні мен ұлы тұрып жатқан үйіне мас болып келіп, келінімен жанжалдасып қалып, нақты күш қолданып, ұлы мен келінінің бас сүйектерін зақымдайды. Содан олар кінәлі Б.-ға ешқандай қарсылық көрсете алмайды. Б. оған қарамастан, бақшадан темір істік әкеліп ұлы мен келінінің өмір сүретін маңызды органдарына бірнеше соққы жасайды да, олар содан қайтыс болады. Б.-ның адам өлтіруді аса қатыгездікпен істегенін жәбірленушілерге ауыртпалық әкелген ауқымды дене жарақатын салудан басқа, адам өлтіру шешесінің және бір-біріне жақын күйеуі мен әйелінің көзінше болуы куәландырады.

Кінәлінің әрекетін сот аса қатыгездікпен адам өлтіру ретінде ҚК 99 бабы 2-бөлімінің «5»-тармағы бойынша саралады¹³.

Жақындар деген ұғымды заңнама жәбірленушіге туыс адамдар ғана емес, сонда қарым-қатынастағылар да (заңды некеде емес жұбайы, күйеуі мен әйелі, қамқоршысы т. б.) жатады деп түсіндіреді. Өкінішке орай, қазіргі уақытқа дейін аталған санатқа қатысты адамдар шеңберін анықтауға бірдей көзқарас жоқ та, қылмысты саралауды мейлінше күрделендіреді. Біз бұл сұрақты шешуде аталған санаттағы адамдар жайлы сөз болғанда, тек ата-анасын, балаларын, асырап алғанын, асырағанды, туған және немере аға-қарындастарын, ата-әжелерін, немерелерін, жұбайларын, заңды некеде емес жұбайын қарастырмай, жақын есебіндегі басқа адамдарды да қарастыру керек, ол үшін мұндай

¹² *Бородин С. В.* Преступления против жизни. — М., 1999. 108-109-беттер.

¹³ Қостанай облыстық сотының 2004 жылғы мұрағаттық материалдарынан.

оқиғаларда адамдардың өзара қатынасын түбегейлі тексеру керек. Сол сияқты әйелі мен күйеуі саналмайтын ғашық адамдарға, достарға қатысты қылмыс істелгенде адами фактор ретінде осындай аса маңызды сәтті есепке алу керек.

Аса қатыгездік ретіндегі ауырлатылған белгіні дұрыс қолдануды көптеген тергеушілер мен соттар сот-медициналық сараптаманың қорытындысынан іздеуге тырысады. «Аса қатыгездікті» анықтауды заң сот-медициналық сараптаманың құзырына бермейді. Сондықтан, С. В. Бородиннің пікірінше, адам өлтірудегі аса қатыгездікті анықтауда сот-медициналық сараптаманың қорытындысын назарға алмау керек. Кейбір жағдайларда дене зақымдарының сипаты мен жәбірленушінің өлімінің себебі туралы сарапшының қорытындысы басқа дәлелдермен жинақталып, аса қатыгездікпен адам өлтіруді саралауға мүмкіндік береді. Мұнда, қандай жағдайларда да аса қатыгездік медициналық емес, заңдық ұғым екенін естен шығармау керек¹⁴.

Аса қатыгездікпен өлтіргенде, кінәлі әрекетінің аса қатыгездік сипатын, сондай-ақ бұлай адам өлтіруге саналы түрде жол бергенін сезінуі керек. Жоғарыда айтылғандай, аса қатыгездік кінәлінің объективтік әрекетінен ғана емес, психикалық қарым-қатынасынан да байқалады.

Бірақ «аса қатыгездік» ұғымы «медициналық» емес, «құқықтық». Адам өлтірудегі бұл сараланған белгінің болу-болмауы туралы мәселені өркениетті қоғамда адамгершілік, моральдық нормаларға сай, тергеу немесе сот органдары шешеді.

Сарапшы — дәрігерлердің құзырына өлтірудің нақты тәсілінде өлер алдында жәбірленушінің ерекше зәбір көргендігі туралы сұрақты шешу кіреді. Мәйіттің көзін құртуды немесе оны бөлшектеуді мәйітті жәбірлеу мен аса қатыгездік таныту деп әрдайым қарастырмау керектігін айта кеткен жөн.

Егер бұл әрекеттер адам өлтіруді жасыру, сондай-ақ жәбірленушінің етін пайдалану (каннибализм) мақсатында істелсе, аса қатыгездік белгісін құрамайды.

Аса қатыгездіктің мотивтері әр түрлі болады: қастық, қызғану, кек, пайдакүнемдік және т. б. Олар ҚК 99-бабы 2-бөлімінің «5»-тармағы бойынша адам өлтіруді саралауға әсерін тигізбейді.

Адам өлтіруді саралаудағы көптеген қателіктер аса қатыгездікті куәландыратын жағдайлар өзіндік мәнге ие болуымен байланысты.

Бұл көбінесе, адам өлтіру процесінде көптеген дене жарақатын аса қатыгездікпен салудан байқалады. Жарақаттың көп болуы кінәлінің аса қатыгездігімен ғана емес, оның қозу күйімен, жағдайды бағалай алмаушылығымен, құрбанның қатты қарсыласуында қолындағы құралының немесе әрекет қабілетінің жетімсіздігінен басталған қылмысты тез аяқтауға тырысушылығымен шарттасады. Жарақаттар санын оның салынған уақытымен, ниеттің қалыптасу сәтімен, адам өлтіру мотивімен, істің мән-жайымен салыстыра бағалау керек.

Аса қатыгездікпен істелген адам өлтіруді білу үшін кінәліде аса қатыгездікпен қылмыс істеу ниетінің болғанын анықтау қажет.

¹⁴ *Бородин С. В.* Көрсет. еңбек. 107-бет.

Адам өлтіру ҚК 99-бабы 2-бөлімнің «5»-тармағы бойынша кінәлі аса қатыгездік көрсетуге арнайы ұмтылғанда ғана емес, ол құрбанның өмірін алуда бұл тәсілдің ерекше азапты екенін сезініп, әдейілеп соған бару оқиғасында да саралануы мүмкін.

Басқа адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған адам өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-б. 2-б. «б»-т.

Адам өлтірудің осыған ұқсас түрі Қаз КСР ҚК-де «көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен адам өлтіру» болып белгіленген. Адам өлтіру құралының жоғары сапасын ғана емес (жарылғыш заттар, от, автоматты оқ ататын қару, автомобиль т. б.), оны қолданудың нақты тәсілін ескерген жөн.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, былай деген: «Басқа адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған адам өлтіруді саралау үшін белгілі адамды өлтіру ниетін жүзеге асыра отырып, кінәлінің басқа да адамдардың өмірі мен денсаулығына шынайы қауіп төндіретін тәсілді қолданғанын саналы сезінгенін анықтау керек».

Демек, адам өлтіру тәсілінің өзі маңызды - жалпыға қауіпті, яғни көптеген жағдайларда мұндай адам өлтіру тәсілі (өртеу, жару, автоматтық қарумен шоғырланған топқа ату, бірнеше адамы бар автомобильді апатқа ұшырату т. б.) көптеген азаматтардың өміріне қауіпті болып табылады.

Адам өлтірудің бұл түріне әр түрлі автоматтық құралдар көмегімен кез келген адамның өміріне қауіп төндіретіндей тәсілдер де жатады. Адамдар жоқ жерде бір адамды өлтіру процесінде бірнеше адамды өлтіретіндей құралдарды пайдалану қарастырылған белгінің болуын білдірмейді. ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағы бойынша қасақана адам өлтіруді саралауда кінәлінің қолынан жәбір көрген адам саны мәнге ие болмайды. Тек бір адамның өмірден өтуі егер өлтіру тәсілі бірнеше адамның өміріне қауіп төндірсе, ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағын қолдануға тыйым салмайды. Мұнда басқа адамға өлім келтіру қаупі тек болжам емес, шынайы болуы керек.

Адам өлтірудің қарастырылған бұл түрінде кінәлі белгілі бір адамды өлтіргенде тікелей ниетпен әрекет етеді. Кінәлінің басқа адамның өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруі жанама ниет формасында байқалады. Егер басқа адамның өміріне қауіпті тәсілмен бір адамды өлтіру бірнеше адамның қазасына әкелсе кінәлінің әрекеті ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «1», «б»-тармақтары бойынша саралауға жатады.

Егер аталған әрекет бір адамның өлімі мен басқа адамның зиян шегуіне әкелсе, саралау ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағы және денсаулыққа зиян келтіргені үшін жауапкершілікті қарастыратын ҚК-ң сәйкес баптарымен ҚК баптарының жиынтығы бойынша жүргізілуі керек.

Көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен адам өлтіру оқиғасында кінәлінің қалауындағы емес, басқа адам өлсе, бұл әрекетті ҚК 99-бабы, 2-бөлімнің «б»-тармағы бойынша саралау керек.

Алайда, көптеген адам өміріне қауіпті тәсілмен істелген өлтіруді анықтауда алдын-ала тергеу органдары мен соттар әрдайым істің мән-жайын түбегейлі зерделей бермейді. Біз осындай адам өлтіру кезіндегі кінәлі мен жәбірленушінің арасындағы ара қашықтық жайында айтамыз: Н. мен оның жұбайы В. облыс аудандарының бірінен туыстарына келеді. Олардың келуіне байланысты спирттік ішімдіктер ішіліп, нәтижесінде Н. мен жұбайы В-ның ағасы З. арасында жанжал туады. Қорланған З. үйіне барып, пистолетін алып келіп, Н-ді атып тастайды. Алынған жарақаттан ол қайтыс болады¹⁵.

Алдын ала тергеу органдары мен сот З-ның әрекетін көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен істелген адам өлтіру, яғни Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағы бойынша саралады. Облыстық сот үкімді өзгеріссіз қалдырды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты кінәлі З-ның әрекетін ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағынан Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы, 1-бөлімімен қайта сараланды. Өйткені қылмыстық істі зерделеу барысында кінәлі З. өз туыстарының ортасында жәбірленуші Н-ді көріп, оған жақындап дәлдеп атқандығын сот-медициналық сараптаманың қорытындысы және куәлардың көрсетулерін растады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты дәлдеп атуды көптеген адам өміріне қауіпті тәсіл деп санамайды.

Кінәлі М. әрекетіне дұрыс баға берілген. Іс негізі төмендегідей: кешкілік, ауылдық жерде бір кафенің жанынан М. мас күйде өтіп бара жатып, өзіне қатысты айтылған, мас жағдайына байланысты жас адамдар тобынан балағаттауды естиді. Өш алу үшін М. үйіне келіп, қару алып, жанына өткен кафеге келеді. Алайда, жәбірлегендердің түрі есінде жоқ, тәуліктің қараңғылық басқан кезі болғандықтан, кінәлі М. кафе алдында кездескен адамдар тобын ата бастайды. Оқ ату нәтижесінде есік алдындағы бір адам өледі.

Алдын ала тергеу және сот органдары кінәлі әрекетін Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодекстің 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағы бойынша бірнеше адам өміріне қауіпті тәсілмен жасалған өлім деп дұрыс саралаған¹⁶.

Адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған адам өлтіруі — Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы, 2-бөлімі, «7»-тармағы

Адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы ұғымы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодекстің 31-бабында көрсетілген, ол қылмысқа қатысу формаларын анықтайды:

¹⁵ ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі Алқасының 20015 жылғы қаулысынан.

¹⁶ ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі Алқасының 2016 жылғы қаулысынан.

1. Егер қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп орындаушы алдын ала сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

2. Егер қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

Мәселен, Е., Л., О. және Н. қаланың түнгі клубтарының бірінде болып, спирттік ішімдіктер ішіп, М. және В. есімді екі қызбен танысады, оларға өз үстелдеріне отыруды ұсынады, қыздар келіседі. Осы уақытта бұл үстелге С. келеді, ол М-ның жігіті болатын, қыздың тұрып, өзімен бірге жүруін сұрайды, бірақ қыз қарсыласады. Осы уақытта әңгімеге Е., Л., О. және Н. араласып, С-ны басады, оған өздерінің үстеліне отыруды ұсынады. Алайда жігіт қарсы болып, қызға қатысты, отырған Е., Л., О. және Н-ға қатысты бірнеше балағат сөздер айтып, клубтан шығып кетеді. Е., Л., О. және Н. Ол сөзге жәбірленіп, үстелден тұрып, С-ның артынан шығады. Көшеде кетіп бара жатқан С-ны қуып жетіп, кейінгілер өлтіру мақсатында С-ны жолда табылған металл затпен бастан ұра бастайды. Алынған жарақаттан С. қылмыс барысында қайтыс болады.

Сот шешімімен Е., Л., О. және Н. әрекеті ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «7»-тармағы бойынша алдын ала келіскен адамдар тобы жасаған қылмыс деп сараланды¹⁷.

Адамдар тобы жасаған адам өлімге әкеп соққан зақымдану олардың әрқайсысымен жасалуы міндетті емес (мысалы, біреуі жәбірленушінің қарсылығын басып, оны қорғану мүмкіндігінен айырды, ал екіншісі өлім зардаптарын жасауы). Жоғарыда аталғандар бойынша жасалатын қорытынды мынадай: күш қолдану байқалмайтын адам өлтіруге басқа да қатысулар бірге орындаушылықты құрамайды (мысалы, адам өлтірушіге қылмыс барысында пышақты немесе жіпті беру).

ҚР ҚК 31-бабы, 2-бөліміне сәйкес алдын ала келіскен адамдар тобының адам өлтіруі деп, оған алдын ала келіскен адамдар тобы қатысқанда танылады.

Пайдакүнемдік ниетпен, сол сияқты жалдау бойынша не қарақшылықпен немесе қорқытып алумен ұштасқан адам өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы, 2- бөлімінің «8»-тармағы

Бұрынғы «пайда табу мақсатымен» кіс өлтірудің белгісін саралау нақтыланды. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5-мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыспен күрес мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» Заңымен ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы «тонаумен қорқытып алу немесе қарақшылықпен жалғасқан» деген сөздермен толықтырылды. Осылайша, пайда табу мақсатымен адам өлтірумен қатар, жалданып адам өлтіруге тең қылмысты заң шығарушы тонаумен, қорқытып алу немесе қарақшылықпен жалғасқан адам өлтіру нормаларын қарастыратын «3»-тармағына енгізді.

¹⁷ Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2015 жылғы қаулысынан.

Енгізілген өзгертулер сот практикасына елеулі түрде әсер етпейді. Өйткені бұрын бұл адам өлтіру түрлері пайдакүнемдік ойдан өлтірудің түрлері ретінде қарастырылған болатын.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында пайда табу мақсатымен жасалған адам өлтіруді «өзі үшін немесе басқа адамдардың материалдық пайда табуы (ақша, заттар, мүлік құқығы, тұрғын алаң құқығы, үшінші адамнан сыйақы алу т. б.) немесе материалдық шығыннан құтылу (мүлікті, қарызды қайтару, қажеттілікті өтеу, мүліктік міндеттерді орындау, алимент төлеу т. б.) мақсатында жасалған адам өлтіру деп сараланды».

Пайда табу мақсатымен адам өлтіру деп, материалдық пайда табу мақсатында, соның ішінде бақталасты жою, мүліктік құқықтарға ие болу, материалдық шығындардан құтылу (қарызды қайтару, алимент төлеу, басқа мүліктік міндеттерді орындау) үшін жасалған адам өлтіру танылады.

Мысалы: азамат Р. Д-ға қарызға 300 АҚШ долларын берді. Ол оны қайтарған жоқ. Қарызды қайтарудан құтылу мақсатында Д. өзінің туысы М-мен алдын ала келісімге келіп, соның нәтижесінде Р. өлтірді.

Күнделікті заң қолдану барысында және бұқаралық ақпарат құралдарында жалдамалы адам өлімін «тапсырыс» деп атайды. Алайда заң бұл терминді «тапсырыс беруші», «делдал» терминдері сияқты пайдаланбайды. Қатысушы түрі ретінде «тапсырыс беруші» адам өлтіруді ұйымдастырушы рөлінде қатысады. Алайда «делдал» да ұйымдастырушы болып табылады. Яғни ол тапсырысты орындауға орындаушы табады, адам өлтіру жоспарын жасайды және тағы басқа әрекеттерді жүзеге асырады. Біз бұл жерде ұйымдастырушылық әрекеттің екі деңгейін (немесе екі кезеңін) көреміз.

Жалдамалы адам өлтіру деп ажырату осындай өлімдердің көбеюімен, олардың мамандануымен байланысты. Оған қоса жалдамалы адам өлтіру психологиясында, соңғы зерттеулер бойынша, жалдамалылық анық сипатқа ие бола бермейді. Жалдамалы адам өлтіруші өзінің кәсіптік әрекетіне сыйақы алады. Алайда бұл жағдайда ол антисоциалдық, криминалдық бағытқа ие. Өлтіру нәтижесінде арам пиғылдың қанағаттандырылуы міндетті емес. Қылмыс жасалу барысында жалдамалылық екенін анықтау маңызды. Мұндай адам өлтіру түріне жәбірленушінің жоғары төлемдегі лауазымын алу мақсатында адам өлтіруді жатқызуға болады.

Бұл құрамның міндетті элементі пайдакүнемділік себеп болып танылады. Пайдакүнемдік кез келген жолмен материалдық пайда табуды көздеумен анықталады.

Пайдакүнемдік — қылмыстардың, соның ішінде адам өлтірудің саралаушы белгісі. Пайдакүнемдік мотив көбінесе мүліктік қылмыстарға тән, бірақ заң пайдакүнемдік ұғымын тек меншікке қарсы қылмыстармен байланыстырмайды. Пайдакүнемдік туралы айтқанда көптеген басқа қылмыстар жайлы да сөз болады. Осыған орай С. Бородиннің көзқарасымен келіспеуге де болмайды. Ол «пайдакүнемдік барлық қылмыстан алыс емес»

дейді де, «Қылмыстық кодексте негізгі себебі пайдакүнемдік болмайтын қылмысты табу мүмкін емес ...» деп санайтын Б. С. Волковпен келіспейді¹⁸. Пайдакүнемдік кінәлі материалдық пайда көретін қылмыстарға тән. Адам өлтірудегі пайдакүнемдік мотив кең мағынадағы материалдық пайданы қамтиды. Оны тәжірибедегідей тек мүлік пен ақшаны иелену деп түсінбеу керек. Адам өлтірудегі пайдакүнемдік - адам өлтіруге дейін кінәлі иеленбеген материалдық пайданы иелену ғана емес, болашақта немесе қазір қандай да бір материалдық шығындардан құтылу.

Істелу тәсіліне қарай пайдакүнемдікпен адам өлтіру әр түрлі: тікелей шабуылдан - уландыруға дейінгі белсенді әрекет немесе әрекетсіздік жолымен адам өлтіруден тұрады. Егер пайдакүнемдік қасақана адам өлтірудің мотиві болмаса, онда адам өлтірген соң жәбірленушінің мүлкін иеленумен байланысты кінәлінің әрекетін бөтен адамның меншігіне қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын ҚК-тің бабымен, ал адам өлтіруді ҚК 99-бабының 1-бөлімімен немесе 2-бөлімінің сәйкес тармағымен саралау керек. Мәселен, жәбірленушіні қарызын бермегені үшін өлтіру оқиғасын пайдакүнемдік ниетпен істелді деп қарастыруға болмайды. Өйткені кінәлі мұндай тәсілмен қарызын алу немесе материалдық пайданы көру мүмкін еместігін жақсы түсінеді. Бұлай өлтіру негізінде пайдакүнемдік емес, кек жатыр, сондықтан ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы бойынша саралау дұрыс емес. Сондай кекпен адам өлтіруге кінәлі келтірген шығынды өтеуден жәбірленушінің бас тартуымен байланысты адам өлтіру жатады. Мұндай жағдайларда саралау ҚК 99-бабының 1-бөлімімен саралау жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жаңа редакциясы бұл саралаушы белгіде пайдакүнемдік ниеттің болуын өзгертпейді, олардың болуы адам өлтірушінің мақсатынан анықталынады. Пайдакүнемдік ниетімен адам өлтіруден кекпен адам өлтіруді кінәлінің мүлкіне қол сұққанынан немесе қандай да бір мүлктік шығын келтіргенінен ажыратуға болады (мысалы, кінәлінің мотоциклін өз бетінше пайдаланғаны үшін көршісін өлтіру). Адам өлтіру мотиві ретінде пайдакүнемдік ниет түсінігі мейлінше тар және нақты, сараңдық пен пайдакүнемдік жеке бастың қасиетіне тән.

Жалдап адам өлтірудің айырмашылық шектері міндетті белгілері қатысушылар арасында рөлдерді бөлу болып табылады. «Тапсырушы» қылмысты ұйымдастырушы немесе арандатушы ретінде болады. ҚР ҚК 28-бабы, 8-тармағына сай, ұйымдастырушы — қылмыс істеуді ұйымдастыратын немесе оның орындалуына жетекшілік ететін, қылмыстық топты ұйымдастырушы адам немесе қылмыстық қауымдастықты ұйымдастырушы адам, ал көмектесуші — аталған баптың 4-тармағына сай, басқа адамды көндіру, сатып алу, қорқыту немесе басқа да тәсілдермен қылмыс істеуге итермелеген адам болып табылады.

Тапсырушы мен тапсырысты орндаушының әрекетін саралауда негізгі айырмашылықты есепке алу керек. Сыйақы үшін қасақана адам өлтірген адамның әрекетін ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы бойынша саралау

¹⁸ *Бородин С. В.* Көрсет. еңбек. 133-134-беттер.

керек, ал бұл адам өлтіруді ұйымдастырушыны итермелеген адам әрекеті ҚК 28-бабы және 99-бап, 2-бөлімнің «8»-тармағы бойынша сараланды.

Адам өлтірудің бұл түріндегі себептер тек пайдакүнемдік емес, саяси бағытта да болуы мүмкін. Себеп бәсекелесті жолдан ығыстыру қажеттігімен байланысты да болуы мүмкін. Сыйақы үшін қылмыстық ойды жүзеге асырушы адам қылмысты орындаушы болып табылады. Сол себепті, тапсырыспен адам өлтіруді ұйымдастырушы немесе арандатушы пайдакүнемдік ниеттің болуына қарамастан, пайдакүнемдікпен адам өлтіргені үшін жауап беруі керек. Мысалы, олар қызғаныш, көре алмаушылық себептерімен әрекет етуі мүмкін. Пайдакүнемдік себепті міндетті түрде адам өлтірудің осы түріндегі орындаушының әрекетімен ғана анықтау керек. Егер тапсырыспен адам өлтіруді орындаушы пайдакүнемдік емес, басқа себептерді басшылыққа алса, онда оның ісімен тапсырыс берушінің әрекетін ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы бойынша саралауға болмайды. Мысалы, өзін ұдайы ұрғандықтан, әйел ашынасына күйеуін өлтіруге үгіттеді.

Ұрып-соғумен, қорқытып алумен немесе қарақшылықпен жалғасқан адам өлтіру қылмыстар жиынтығы ретінде сараланды: адам өлтіру және ұрып-соғу, адам өлтіру және қорқытып алу, адам өлтіру және қарақшылық.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысына сәйкес, қарақшылық жиынтығы бойынша саралау керек. Мысалы: Г. және М. қандай да бір жүргізушіге шабуыл жасап, автомашинасын иеленіп, оны сатуға алдын ала келісім жасады. Таксилер тұрағына барып автомашинаны таңдады да, оған жолаушы болып отырды. Жолда Г. жолаушының мойнына жіпті тастап буындыра бастайды, осы кезде М. пышақпен соққы жасап, жүргізушіні машинадан лақтырып жібереді. Содан соң Г. М. бірнеше күн бойы машинаны жөндеп, сатып алушы адам іздейді, екі дөңгелегін шешіп алып, сатып жібереді.

Г. мен М-ның әрекеттері ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы және ҚК 192-бабы бойынша сараланды.

Пайдакүнемдікпен адам өлтіру қарақшылық шабуылмен істелген кейбір жағдайларда адам өлтіру тек тікелей ниетпен ғана емес, жанама ниетпен де істеледі. Кейбір жағдайларда кінәлі жәбірленушінің мүлкін иелене отырып, оны өлтіреді де, бұл нәтижеге селқос қарайды¹⁹, біздің ойымызша бұл пікірмен келіспеуге болмайды.

Егер пайдакүнемдік ниет қасақана адам өлтірудің мотиві болмаса, онда жәбірленуші өлтіргеннен кейін мүлкін иеленумен байланысты кінәлінің әрекетінен меншікке қарсы жауапкершілікті қарастыратын бап бойынша, адам өлтіруі саралаушы белгілерінің болуына байланысты ҚК-ң сәйкес бөлімдері бойынша саралау керек.

Әдебиеттерде және іс-тәжірибедегі қызметкерлердің кейбіреулерінің араларындағы пайдакүнемдік ниетпен адам өлтіруді саралау туралы мәселені дұрыс шешудің белгісі адам өлтіру тәсілі болып табылады деген пікір бар.

¹⁹ *Наумов А. В.* Мотивы убийства. — Волгоград, 1973. 48-бет.; *Бородин С. В.* Көрсет. еңбек. 135-бет.

Мұнда өліммен аяқталған қарақшылық шабуыл жәбірленуші мүлкін иелену үшін өлтіріп жатқанын сезінетіндей тек ашық істеледі, ал пайдакүнемдікпен жасалған адам өлтіру ашық та және жәбірленушіге байқалмауы да мүмкін екендігі айқын. Одан басқа, қарақшылық шабуылда мүліктің ауысуы адам өлтіру болғанда, уақыт пен орнына сәйкес болады, ал пайдакүнемдікпен адам өлтіруде мүлік кінәліге алдағы уақыттарды ғана өтеді. Заңнама мен тәжірибенің талдаулары бұл белгілердің міндетті емес екендігін, ал кей жағдайларда бұл қылмысты дұрыс саралауда мәні жоқтығын көрсетеді. Мысалы, айыпталушы өлтіру кезінде жәбірленушіні жақсы біліп, үйінде сақталған ақшаны иелену үшін, оны өлтіруге шешім қабылдайды.

Осы мақсатта кінәлі артынан келіп, жәбірленушінің басынан балтамен бірнеше рет ұрады да, анау содан тіл тартпай кетеді. Содан соң жәбірленушіні тінтіп, ақшаны алу үшін оның пәтерінің кілтін алады, бірақ, қорыққандықтан, бұл ниетінен бас тартады. Кейбіреулер бұл мысалға баға беріп, қарақшылық шабуылды айыптауды назарға алмай, тек пайдакүнемдік ниетпен адам өлтіру ретінде саралайды. Өз шешімдерін негіздеу үшін, біріншіден, шабуыл жәбірленушіге байқаусызда болды, екіншіден, кінәлі адам өлтіруден соң ақшаны алуда өз еркімен бас тартты дегенге сүйенеді. Алайда авторлар мұндай қорытындыны негізсіз санайды. Өйткені қарақшылық шабуыл ашық тәсілмен істеледі. Демек, кінәлінің әрекеті жәбірленушіге шабуыл «байқалу-байқалмауына» байланысты өзгермеуі керек. Және де мұндай жағдайдағы қылмысты саралау үшін қандай мақсатпен өлтіріп жатқанын жәбірленушінің білуінің мәні жоқ. Осы іс бойынша басқа ой қорытулармен де келісе беруге болмайды. Қарақшылық шабуыл бөтеннің мүлкін иелену мақсатында шабуыл жасаған сәтте аяқталған болып саналады, шабуылдаушы жәбірленушінің мүлкін иелену-иеленбеуі мұнда есепке алынбайды. Кез келген жағдайдағы пайдакүнемдікпен адам өлтірудің аяқталған құрамына кінәлінің қылмыс істей отырып пайда көру-көрмеуінің мәні жоқ. Қарақшылық белгісі жоқ пайдакүнемдікпен адам өлтіруді және қарақшылық шабуылмен жалғасқан пайдакүнемдікпен адам өлтіруді өзіндік белгілер деп тануға болмайды²⁰.

Меншікті күзету кезіндегі жасалған адам өлтіру (мысалы, ұрлау, тонау, қорқытып алу кезінде қолға түскен кездегі) біраз уақыт өтіп кеткеннен кейін кекшілдікпен жасалған адам өлтіру ретінде қарастырылады (ҚК 99-бабының 1-бөлігі).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23-маусымдағы «Қорқытып алу туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» № 6 нормативтік қаулысы адам өлтірумен ұштасқан кінәлі адамның әрекеті қылмыстардың жиынтығы бойынша саралану керек деп түсіндіреді.

Егер қарақшылықты белгілі бір ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстарға (мысалы, адам өлтіру) құрғандығы анықталса, онда адамдар әрекетін бұл қылмысты жасауға дайындалған деп саралау керек.

Тонау, бопсалаушылық және қарақшылық «адам өлтіру» ұғымын қамтымайтындығын ескеріп, бұл қылмыстарды адам өлтіруменен

²⁰ *Шаргородский М. Д.* Ответственность за преступление против личности. — Л., 1953. 18-20-беттер.

сабақтастырып, оны тонаумен, бопсалаушылықпен немесе қарақшылықпен байланысты адам өлтіру деп саралау қажет, ол Қазақстан Республикасы ҚК 192, 194 баптары мен Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы бойынша сараланады. Қылмыстардың жиынтығы болады.

Бұзақылық ниетпен адам өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99 бабы 2-бөлімі «9»-тармағы

Бұзақылық ниет — қоғамды және жалпыға бірдей қабылданған адамгершілік тәртіп нормаларын құрметтемеу.

Әдебиеттерде көрсетілгендей, бұл себептердің ерекшеліктерін ең алдымен себепті байланыстылықтан іздеу керек. Бұзақылық ниет қандайда бір қажеттіліктен шектелген: олар тұтастай менмендіктен туындап, жеке тұлға мен адамдық қадір-қасиетті сыйламаумен, қоғамдық ережелері мен заңдары жақтырмаумен байланысты. Қоғамдық және жеке мүддеге мұндай қатынас негізінде есебі жоқ ашу, қажеттіліктері қанағаттанбаған сезім жатыр. Ол мағынасыз ренішті тудырып, бұзу, құрту, өзін көрсетумен байланысады. Бұзақылық пиғыл өз ойының, әрекетінің еркіндігімен байланысты болып, «маған бәрін де істеуге болады» деген формуланы нақты көрсетеді. Бұзақылық пиғыл субъектіге қылмыстық әрекет, қоғамдық тәртіпті бұзу қанағаттандыру әкелетінін, оның өзі жасаған қоғамға қарсы тәртібі қанағаттандыратынын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында: «Соттар бұзақылық пиғылдан жасалған адам өлтіру мен жеке жақтырмаушылық қатынастан ұрыс-керісте немесе төбелесте туған адам өлтіруді ажырата білулері керек» деп түсіндіреді. Бұл мәселені шешу кезінде кінәлі мен жәбірленушінің өзара қарым-қатынасын, ұрыс-керіс және төбелестің себебін, шиеленісті тудырушы кім екенін, басқа да жағдайларды есепке алу қажет.

Қазақстан Республикасы ҚК 99-бап 2-бөлім «9»-тармағы бойынша адамгершілік және мораль нормаларын өрескел бұзудан, қоғамға құрмет көрсетпеу негізінде жасалған қасақана адам өлтіру деп кінәлі әрекеті қоғамдық тәртіпке ашық қарсылықта болып, өзін қоршаған ортаға қарсы қоюды ниет еткен жағдайда саралануы керек.

Мәселен, А. автобустан түсер кезде қоғамдық көлікте жүргендігі үшін төлем төлеуге қарсылық білдірді. Жүргізуші автобуста қалуды, билетсіз жүргендігі үшін жауап беруді талап еткенде, кенеттен күртесінің қалтасынан пышақ алып шығады да, А-ның шығуына қарсылық білдірген бөтен адамның кеудесіне пышақ салады. А. автобустан түсіп кетіп, жасырынбақ болады. Бірақ ұсталады. Жәбірленуші жүрек жарاقاتынан қайтыс болады.

Алматы қаласының аудандық соты кінәлінің әрекетін Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «9» тармағы бойынша бұзақылық ниетпен жасалған деп саралайды.

Көптеген жағдайда еш себепсіз немесе адам өлтіру үшін маңызы жоқ сылтауды пайдаланып жасалады. Бұзақылық ниетпен жасалған адам өлтіру елеусіз жағдайды адам өлтіруге себеп еткен арам ниетті реакция болып табылады (мысалы, жәбірленуші тартуға темекі бермеді және т. б.).

Бұзақылық мотивтердің қылмыстық мақсаты айқын емес. Көбінесе ондай қылмыстар елеусіз себептерден туындайды. Мұндай жағдайлар көбінесе кінәлі мас болған жағдайда туындайды. Бұзақылық пиғылдан туындаған адам өлтірулердің көпшілігін мас болған жағдайда туындайды. Бұзақылық пиғылдан туындаған адам өлтірулердің көпшілігінің мас күйдегі адамдар жасаған. Алайда мас болу фактісі адам өлтірудің бұзақылық мотивіне дәлел бола алмайды.

Бұзақылық пиғылдан адам өлтіру жағдайы, егер онда қоғамдық тәртіпті ерекше өрескел бұзу - бұзақылық негізгі белгісі болмаса, сараланбайды.

С. В. Бородин қызғаныш пен кек алудан туындаған бұзақылық пиғылды шектеуде оның әр түрлі мотивтерін ескеру қажеттігін айтады. Егер бұзақылық пиғыл қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталса және кінәлінің жәбірленушіге арсыздық қатынасымен сипатталса, онда жәбірленуші мен кінәлі арасындағы қатынастағы қызғаныш пен кек алу мотивтері жеке бастық сипатқа ие.

Ұрыс-керіс, төбелесте жәбірленуші себепкер болса, оның құқыққа қарсы қылығы шиеленіске себеп болса, онда адам өлтірудің талданған түріне жатқызылмайды. Бұзақылық пиғылдан болған адам өлтіруді ұрыс-керіс, төбелесте болған адам өлімінен ажыратуда себепкер анықталуы қажет. Егер жанжалдың немесе төбелестің бастаушысы жәбірленуші, сол сияқты араздасудың себебі оның заңға қайшы қылығы болып табылатын болса, онда адам өлтіру бұзақылық ниетпен жасалған деп саналмайды.

Бұзақылық ниетпен адам өлтіргенде екінші адамның денсаулығына қатты зақым келсе, онда бұл іс-әрекет Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «9»-тармағы және Қазақстан Республикасы ҚК 106-бабы («Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру») бойынша сараланады.

Сот-тергеу тәжірибесінде кездесетін ерекше қиыншылық — бұзақылық ниетпен адам өлтіруді Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 1-бөлігінде қарастырылған төбелес кезіндегі адам өлтіруден ажырата білу. Мұндай жағдайларды қылмыстық істегі мән-жайларды мейлінше мұқият тексеру керек: төбелесті кім шығарды, онда адам өлтіру мақсаты болды ма, сондай-ақ айыпкер әрекетінің субъективтік жағын мұқият талдау қажет.

Қоғамдық орында, басқа адамдардың көзінше қызғаныш, өш алу себептермен немесе басқадай өзара жеке қатынастан туындайтын себептермен адам өлтіру, бұзақылық ниетпен адам өлтіру ретінде қарастырылуы тиіс емес. Атылатын қаруды, газ қаруын, пышақ кастет немесе басқадай суық қару не басқалардың өміріне, денсаулығына нақты қауіп төндіретін өзге заттарды қолдану (егер айыпкер кінәлінің адам өлтіруге ниеті болмаса) Қазақстан Республикасы ҚК 293-бабының 3-бөлігі бойынша саралануға тиіс.

Егер айыпкер бұзақылық ниетпен адам өлтіргенде қоғамдық тәртіпті бұзатындай, қоғамды қабылдамайтындай қылық көрсете (бұл қылмысқа тән барлық нышандар болса), оның іс-әрекеті Қазақстан Республикасы ҚК 99-

бабының 2-бөлігі «9»-тармағы және Қазақстан Республикасы ҚК 293-бабы бойынша сараланады. Бұзақылық әрекет кезінде абайсызда адам өлсе бұл іс-әрекетте осы қарастырылып отырған құрамы жоқ, ол Қазақстан Республикасы ҚК 293-және 107-баптары бойынша саралануға тиіс.

Басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлаумен немесе сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерімен ұштасқан адам өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-б. 2-бөл. «10»-тармағы

Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10»-тармағында адам өлтірудің өз алдына бөлек екі түрі үшін жауаптылық көзделген: а) басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатында адам өлтіру; ә) зорлауға немесе сексуалдық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылық әрекеттерімен ұштасқан адам өлтіру.

Қылмыстың бірінші түрі бойынша жауаптылық бұрын жасалған қылмысты жасыру немесе айыпкер өзінің алдында жасалатын қылмысын жеңілдету мақсатында адам өлтіргенде болады.

Бұл қылмысты жасағанда кінәлі адам бұрын жасаған қылмыстың толықтай немесе қылмысты саралауға және жаза шарасында ықпал ететін кейбір мән-жайларды жасырып қалуды мақсат тұтады. Басқа қылмыстың жасалуын жеңілдету мақсатында адам өлтіруді кінәлі адамды сол бастапқы ойластырған қылмысын жасағанға дейін немесе қылмысты жасау барысында жүзеге асырады.

Мысалы жәбірленуші қарақшылықпен шабуыл жасаған кезде өлтіру, мүлік ұрламақшы болған объектіні күзететін күзетшіні өлтіру, т.б. (бұл жағдайда саралау Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «2» және «10»-тармағы бойынша жасалады.

Кінәлі адамның әрекетін Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10» тармағы бойынша саралау үшін оның жәбірленушіні өлтіріп өз мақсатында жетуі — басқа қылмысты жасырып қалуы немесе қылмыс жасауды жеңілдеткені қажет емес. Сот-тергеу тәжірибесінде басқа қылмысты жасыру мақсатында адам өлтіруді жай адам өлтіруден ажырату белгілі бір қиыншылыққа ие болады. Мұндай жағдайда қылмыстық істің мән-жайларын мұқият зерттеу қажет. Мысалы; Р. кешкі уақытта жеке басының араздығы салдарынан З.-ны ұрып-соғып, оның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіреді. Одан әрі Р. таяуда З.-ға қарсы жасаған қылмысын жасыру мақсатында оны қылқындырып өлтіреді.

Жоғарыда айтылған осы жағдайда тергеу органы мен қалалық соттың Р.-дың З.-ға қарсы бұрын жасаған қылмысын жасыру мақсатында оны өлтірді деп жасаған қорытындысы дұрыс емес.

Осы істі қарау барысында Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты А. мен З. жанжалдасып, төбелескеннен кейін татуласқанын. А. төбелестен кейін З.-ның жуынуына көмектескенін, содан кейін олардың ұйықтауға жатқанын

анықтаған. З. болса бол жай жөнінде милицияға шағам түсіру ұмтылмаған, сол күні С.-ның пәтерінде болады. Осында З. С.-ның дәрігерге көрін деген сөзіне құлақ аспайды. Кешке қарай осы пәтерге тым кеш келген А. өзінің ашынасының үйінде З.-ны көріп, аяқ астынан қызғаныштан бұлқан-талқан болып оны қылқындырып өлтіреді. Осының негізінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты А.-нің әрекетін бас араздығы салдарынан жасалған қасақаналықпен адам өлтіру деп саралау керек деп қорытынды жасап, оны Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10»-тармағынан Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 1-бөлігіне және ҚР ҚК 63-бабы бойынша қайтадан саралаған.

Басқа қылмысты жасауды жеңілдету мақсатымен адам өлтіруде кінәлі адам ойластырған іс-әрекетін жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Жасалған қылмысты жасыруды немесе жасалатын қылмысты жеңілдетуді көздеген қылмыстық әрекет және жасалған қылмыстық жасыру немесе жасалатын қылмысты жеңілдету мақсатында адам өлтіру, егер кінәлі адам сол бұрын жасалған қылмысқа қатысқан болса, әрқайсысы бөлек-бөлек сараланады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында, егер жәбірленушіні өлтіру арқылы қылмыс субъектісінің жаңа қылмыс жасауын жеңілдетуге немесе бұрын жасаған қылмысын, не жәбірленушіге мәлім басқа адам жасаған қылмысты жасыру ниеті адам өлтіруге себеп болған жағдайда, бұл іс-әрекет басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен адам өлтіру деп сараланады делінген. Бұл жағдайда жасырып қалмақшы болған қылмыстың жәбірленушіге немесе басқа адамға қатысты жасалғаны, ол қылмыстың қасақана, ауыр немесе абайсызда жасалған қылмыс санатына жататын-жатпайтындығы, адам өлтіру нәтижесінде кінәлі адамның өз мақсатын жеткен-жетпегендігі рөл атқармайды. Басқа қылмысты жасыру мақсатында адам өлтіру — сол қылмыс жайында құқық қорғау органдарына әлі хабарланбаған, не тиісті органға хабарланып, ол жайында кінәлі білмейтін кезде ғана емес, қылмыс жайында хабар тиісті органдарға түсіп, оларға қылмыс жасаған адам белгілі және ол жайында кінәлі білетін жағдайда да орын алады.

Егер кінәлі қылмыс жасауды жеңілдету немесе жасалған қылмысты жасау мақсатында өзінің қоғамдық немесе қызметтік борышын өтеп жүрген адамды қасақана өлтірсе, онда оның іс-әрекеті Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «2» және «10»-тармақтары бойынша сараланады.

Әйел зорлаумен ұштасқан қасақана адам өлтіру дегенміз — кінәлі адамның әйелді зорлау кезінде немесе соған ниет қылған кезде жәбірленушінің қарсылығын жаншып немесе садистік сезіммен оны өлтіруі.

Мұндай әрекеттер Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10»-тармағы және 120-баптың немесе 121-баптың тиісті бөлігі бойынша саралануға тиіс, себебі бұл жағдайда кінәлі екі объектіге қастандық жасайды — жәбірленушінің өміріне және оның жыныстық бостандығына. Бұл екеуі өзінше

екі бөлек әрекет. Қылмыстың бұл түрінің құрбандары жәбірленушінің өзі де, оған көмектесуге әрекет жасаған басқа адамда да болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10»-тармағы саралау үшін адам өлтірудің зорлауға немесе сексуалдық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттер барысында немесе осы қылмысты жасағаннан кейін болғанын анықтау керек.

Кінәлі адамның әрекеті жәбірленушісін зорлағаннан кейін белгілі бір уақыт өткеннен кейін немесе сексуалдық қатынас сипатындағы күш қолданғанын жасыру мақсатында жасалғаны белгілі болған жағдайда оның мұндай әрекеттері осы қылмыстың жасалу кезіндегі мән-жайларына байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 99, 120 немесе 121-баптарымен саралануы тиіс. Адам өлтіру мен зорлау бір адаммен, сол сияқты бірнеше адаммен жасалуы мүмкін. Мысалы, топ болып зорлау жасауға қатысушылардың біреуі жәбірленуші адамды өлтіріп қояды. Мұндай жағдайда сол адам өлтірген қатысушы Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі тиісті тармағымен жауаптылыққа тартылатын болса, ал зорлаудың қалған қатысушылары Қазақстан Республикасы ҚК 120-бабымен жауаптылыққа тартылады.

Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерімен адам өлтіретін маньяктар ерекше қауіптілік тудырады. Қылмыстық істің мұндай санатындағы адамдар бір біріне ұқсас бірнеше қылмыс жасауы мүмкін.

Осы тұста қоғамда елеулі дабыл көтерген маньяк-адам өлтіруші, адам жегіш Жұмағалиевтің ісін еске алуға тура келеді. 1979 жылдың қаңтарынан 1980 жылдың желтоқсанына дейін жеңсікқойлық салдарынан 8 әйелді айуандықпен өлтіріп, және тоғызыншы өзімен қызметтес болған әйелді қасақаналықпен өлтіргенін жасыру мақсатында абайсызда өлтіріп алғандығын хабарлаған. Тұрмысында бұл жауыз жағымды сипатталған, ол таныстары мен көрші-қоландарының арасында ғана беделге ие болып қана қоймай, жастар арасында, әсіресе қыз-келіншектерге де ұнамды болған. Ол жөнінде байыпты, байсалды, ақылды, өзін өзі құрметтей білетін адам ретінде сөз айтылып жүрген. Бұл адамның осындай қасиеті мейірімсіз қанқұмар адамға тән екен деп кім ойлаған. «Қораның ішінде Волкова деген қыздың өз келісімі бойынша, айуандықпен сексуалдық қатынасқа түстім. Бұл маған аз болып көрінді. Оны ұра бастадым. Оның ішінен ұрған сайын рахат тапқандай болдым, оның ауырсынып, бетін тыржитқаны маған ләззат бергендей болды. Жыныстық қатынас жасап жатып, Волкованы қылқындыра түстім. Қора ішінде өлі денесін, ұсақтап, бөлшектеп, турап, бөшкеде тұздап тастадым. Етін жеуге пайдаландым»²¹.

Осы жерде сұрақ туындайды: Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10» тармағында сараланған қанша белгі қарастырылған? Егер адам өлтіру зорлауды жасыру мақсатында жасалған болса, оны «зорлаумен жанасқан» ретінде саралау жеткілікті ме? Бұл жөнінде бірыңғай пікір жоқ. Мұнда саралаушы белгі біреу ғана деп ойлауға болады. Оның анықтамасы істің

²¹ Алматы облыстық сотының мұрағаттық материалдарынан.

нақты жағдайына байланысты. Зорлау немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерін жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен адам өлтірген жағдайда «зорлаумен жанасқан және басқа да» адам өлтіру жайында айтуға болады.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей немесе жанама ниетпен сипатталады. Зорлаған кезде жәбірленушіні абайсызда өлтіру Қазақстан Республикасы ҚК 120-бабының 3-бөлігінің «1»-тармағы бойынша сараланады.

Әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық, не қанды кек себебі бойынша адам өлтіру – Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы 2-бөлігінің «11» тармағы

Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарын сақтаудың кепілдіктерінің бірі ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық себептері бойынша жасалған қылмыстық іс-әрекеттер үшін жауаптылықтың күшейгендігі.

Мұндай себептермен адам өлтіргенде кінәлі белгілі бір ұлтқа, нәсілге, қандай да бір дінге конфессияға жатқандықтан жәбірленушінің толыққанды адам еместігін көрсететін адам келеді. Екінші жағынан өз ұлтының, нәсілінің немесе діни конфессиясының ерекшелігін көрсетеді. Қылмыстық мақсатқа әр түрлі іс-әрекеттер жатады: ұлтаралық өшпенділікті өршітуден бастап дінді ұстамағандық үшін кек алуға дейін. Кінәлі жәбірленушіні оның басқа ұлтқа, нәсілге жатқандығы немесе өзге дінді ұстағаны үшін өлтіреді.

Қанды кек бойынша адам өлтіруді саралауға сүйекке түскен дақ негіз болады. Қылмыстың бұл түрінің субъектісі қанды кек қайтару дәстүрі сақталған ұлттың адамы болуы мүмкін.

Біреудің қолынан қаза тапқан туысы үшін өш алу кейбір ұлтта ұрпаққа таралып келе жатқан дәстүр. Істің мән-жайын толық анықтау үшін мұндай дәстүрді мұқият зерттеген жөн. Мысалы, әйел адамнан өш алмайды. Әйелдің өлтірген адамы үшін кекті сол әйелдің туысынан — ер адамнан қайтарады. Әйелден кек алу ер адамның өзін-өзі қорлағаны болып саналады.

Қасақана адам өлтіруді Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі «11»-тармағы бойынша сараланғанда, кінәлінің қанды кек дәстүрін сақтаған ұлт өкілі екендігін анықтау қажет. Сонымен қатар, осы қылмыс жасалғанға дейін адам өлтіру фактісі болды ма, ол өлген адам кінәлінің туысы ма және кінәлінің туысының өліміне жәбірленушінің немесе оның туыстарының кінәлі екендігін ол қайдан, кімнен естіді — осы мән-жайлар да анықталуға жатады. Қанды кек бойынша адам өлтіруді жеке ара қайшылық бойынша адам өлтіруден ажырату қажет.

Жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану мақсатымен жасалған адам өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-б. 2-бөл. «12»-тармағы

Медицина саласындағы ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесінде (бір адамның ағзаларын мен тінін басқа адамға отырғызу) донорлық материалдарға сұраным көбейді, олардың құны да жоғары. Бұл жағдай адамның ағзалары мен тінін сату мақсатында адам өлтіруге итермелеуі мүмкін. Мұндай қылмысты жасаудағы негізгі себеп — бас пайда, бірақ кейде «ізгілікті» ниет те болуы мүмкін (ҚК 36-бабындағы орынды тәуекелдің нышандары жоқ), оған, мысалы, жақын адамның өмірін сақтап қалу мақсаты жатады.

Бұл тармақта, адам өлтірудегі мақсат — оның ағзалары мен тінін пайдалану деп көрсетілген. Бірақ мұны, адам ағзалары мен тінін медициналық мақсатта ғана пайдалану деп түсінбеу керек. Каннибализм, жыныстық фетишизм және басқадай да жағдайлардың болуы ықтимал.

Бірнеше рет жасалған адам өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-б. 2-бөл. «13»-тармағы

Қазақстан Республикасы ҚК 99-б. 2-бөл. «13»-тармағына сәйкес бұрын қасақана адам өлтірген адамның алғашқы қылмысы бойынша сотталған сотталмағанына қарамастан, қасақана адам өлтіру (абайсызда, қажетті қорғану шегінен асу жағдайында немесе қатты жан күйзелісі үстінде ашумен өлтіруден басқасы) сараланады. Бұрын жасаған қылмысы үшін қудалау мерзімі өтіп кетсе немесе сотталғандығы жойылса, иә болмаса одан арылған болса, одан бұрын адам өлтіргендігі есепке алынбайды.

Егер айыпты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабының 2-тармағына сәйкес келетін, бұрын адам өлтіргені немесе өлтіруге оқталғаны үшін сотталмаса, онда бұл әрекет жеке саралануға жатады (ҚК-тің 24 бабы және 99 баптың 1 немесе 2 - тармақтары), тиісті тармақтары көрсетіледі. Ал соңғы адам өлтіруі ҚК-тің 99-бабының 2 тармағының «13» тармақшасы бойынша салалануға жатады. Әр мезгілде жауаптылықты ауырлататын екі рет адам өлтіруге оқталған (ҚК-тің 24, 99-баптары) немесе жауаптылықты ауырлататын жағдайда екі рет қасақана адам өлтірген (ҚК 99-бабының 2-тармағының тиісті тармақшалары) және олардың бірде біреу үшін сотталмаған адамның әрекеттері тиісінше Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 24-бабы және 99-бабының «13» тармақшасы бойынша және осылармен қатар кінәлінің қылмыстарын ауырлататын жағдайларды белгілейтін тиісті тармақтар бойынша саралануға жатады.

Көрінеу кәмелетке толмаған адамды өлтіру — Қазақстан Республикасы ҚК 99-б. 2-бөл. «14»-тармағы

Кінәлі адам жәбірленушінің көрінеу кәмелетке толмағанын біле тұра оны тікелей қасақаналықпен өлтірсе, өмірін жойса ол ҚК-99 бабы екінші бөлігінің «14» тармағына сәйкес жауапқа тартылады. Қылмыс объективтік жағынан көрінеу кәмелетке толған баланың өмірін жоюға бағытталған, қылмыс кәмелетке толмаған баланың өмірін жойған сәттен аяқталған деп саналады

Қылмыстық топ жасалған, сол сияқты төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған адам өлтіру – Қазақстан Республикасы ҚК 99-б. 2-бөл. «15»-тармағы

Егер адам өлтіру ұйымдасқан топпен, қылмыстық ұйыммен, қылмыстық қоғамдастықпен, трансұлттық ұйымдасқан топпен, трансұлттық қылмыстық ұйыммен, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықпен, террористік топпен, экстремистік топпен, бандамен немесе заңсыз әскерилендірілген құралыммен жасаса, ол қылмыстық топ жасаған болып танылады.

Адам өлтірудегі ұйымдасқан топ дегеніміз – бір немесе бірнеше адам өлтіру мақсатында алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы.

Қылмыстық ұйым – қатысушылары ұйымдық, функционалдық және (немесе) аумақтық оқшауланған топтарға (құрылымдық бөлімшелерге) бөлінген ұйымдасқан топ.

Қылмыстық қоғамдастықпен жасалған адам өлтіру – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірлесіп жасау, сол сияқты осы қылмыстық ұйымдардың кез келгенінің бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды өз бетінше жасауына жағдайлар жасау үшін сөз байласқан екі немесе одан да көп қылмыстық ұйымның бірігуі.

Адам өлтірудегі трансұлттық ұйымдасқан топ дегеніміз – екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше адам өлтіруді жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ.

Екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше адам өлтіруді жасау мақсатын көздейтін трансұлттық қылмыстық ұйым.

Адам өлтірудегі трансұлттық қылмыстық қоғамдастық – екі немесе одан да көп трансұлттық қылмыстық ұйым бірлестігі.

Террористік топпен жасалған адам өлтіруді саралауда олардың қылмыстық әрекеттерінің нәтижесінде бір немесе бірнеше жәбірленуші қаза

тапқан және бұл әрекет бір немесе бірнеше террористік қылмысты жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топпен жасалған әрекет екенін ескеру керек.

Адам өлтірудегі экстремистік топпен – бір немесе бірнеше адам өлтіру жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ.

Адам өлтіруді банда жасаған деп - қаруды не қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып немесе қолдану қатерін төндіріп азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ.

Адам өлтіруді заңсыз әскерилендірілген құралым жасаған деп – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген, әскерилендірілген типтегі ұйымдық құрылымы бар, жеке-дара басшылыққа ие, соғысқа қабілетті, қатаң тәртіпке бағынған құралым (бірлестік, жасақ, дружина немесе үш және одан да көп адамнан тұратын өзге де топ).

Төтенше ахуал (жер сілкінісі, су тасқыны, басқадай зілзалалар туындауы) немесе заңсыз жаппай ұйымдастырылған тәртіпсіздік кезінде адам да қасақана өлтіру ҚК-тің, 2 бөлігінің, 15-тармақшасы бойынша саралануға жатады.

Адам өлтірудің ерекшеленген түрлері

Қазақстан Республикасы ҚК 100-бабы — Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде заң шығарушы анасының өзінің жаңа туған сәбиін туып жатқан кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын бұзатын жағдайда немесе есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасы бұзылу жағдайында өлтіруін өзінше бапқа бөлектеуді қажет деп санады. Адам өлтірудің бұл түрі бұрын жай адам өлтіру ретінде (жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларсыз) сараланып келді.

Бұл қылмыстық әрекеттің қоғамға қауіптілігі сол — адамға туғаннан берілетін, оның өмірге деген шексіз құқығы бұзылады. Адам өлтірудің бұл түрінің ерекшелігі сонда — заң оны жеңілдететін мән-жайлар бола алатын кейбір объективтік және субъективтік факторлармен байланыстырады.

Жүктілік (көбіне қажетсіз) және физиологиялық туу әйел психикасын теріс әсер етуі мүмкін. Босанған әйелдің бұл қылмыстық әрекетті жасаған кездегі патологиялық жағдайы оны жеңілдететін мән-жайлар ретінде қарауға негіз болады.

Қылмыстың объектісі адамның өмірі болып табылады. Жәбірленуші бұл жерде — жаңа туған сәби, сот медицинасында ол физиологиялық туудан бастап адам санатына кіреді.

Қылмыстың объективтік жағы жаңа туған сәбиді өлтіру сияқты заңға қайшы әрекетпен сипатталады. Бұл қылмыс белсенді әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, баланы тамақтандырмау. Егер анасы сәбиін туып жатқан кезде немесе босануға байланысты немесе басқадай себептермен (әке баладан бас тартуы, баланың некесіз тууы, тұрмыс

нашарлығы, баспананың жоқтығы, т. б.) психикасының бұзылуы ықтимал алғашқы бір тәулік ішінде, патологиялық жағдайда өлтірсе, бұл жеңілдетілетін мән-жай болуы мүмкін. Баланы анадан бөлініп шығып өзінше өмір сүре бастағанда өлтіру де және оны ана құрсағынан шықпай жатып (бала сыртқа шыққанша оның басынан ұру арқылы) өлтіру де бала өлтіргендік болып табылады. Егер өлі балаға өмірге қауіпті соққы берсе, онда бұл жарамсыз объектіге оқталғандық деп саналады. Бұл әрекет ҚК 24-бабына сілтеме жасалынып 100-бап бойынша сараланады.

Сонымен, әйел психикасындағы күйзелісті жағдай баланы босана бастаған кезден баланы туғаннан кейінгі бір тәулік аралығында болады.

Дұрыс саралау үшін осы баптың бастапқы мағынасын жасанды түсік жасау қылмысы шектейді. Осы шамада С. Бородин жаңа туған сәбидің өмірін қию туралы сөз қозғады. Ойын жалғастыра отырып, автор бала өлтірудің тек осы түрі емес, яғни басқа да көрсетілімдері туған кезде, туғаннан кейін жасалатын қылмысты атады. Осыған байланысты мынадай сұрақ туындайды: бала өлтіру жас сәбидің алғашқы тынысын немесе туғанға дейінгі өмірін қию мүмкін бе? Әдебиеттерде әр түрлі көзқарастар айтылған. М. Д. Шаргородский адам өмірінің басы — оның кіндігін кескен сәтте және алғашқы тынысымен байланысатынын көрсетті. Егер баланың туған кезде әдейілеп өмірін қиюы, бала шешесінен тысқары айырылғанда, адам өлтіру түрінде анықталатынын жазды. Неғұрлым анық және дәлелді түрімен А. А. Жижиленко мен А. А. Пионтковский шұғылданды. Егер туу басталмай тұрып, ұрық өлі түрінде болса, ол өлтіру емес, ол туу басталып, әсіресе, жас сәбидің бөлшегі сыртқа шықса, оны адамның тууы деп есептеп, болған өлтіруді жазалау керектігін бірінші атап кетті.

А. А. Пионтковский былай тұжырымдады: баланы анадан бөлініп шығып, өзінше өмір сүре бастағанда өлтіру және оны ана құрсағынан шықпай жатып (жаңа туған кезде, оның тыныс алған кезінде басынан өлтіре ұруы) өлтіру де бала өлтіргендік деп танылады. Бірақ соңғы кездерде басқа да дәйектер айтылуда,. А. Н. Красиков Денсаулық сақтау министрлігінің құжаттарына сүйене отырып, ертедегі көзқарастар, соның ішінде біздің жұмысымыздың ескіргенін ескертті. Бірақ ұрықтың тірі туу туралы мәселесінде дүниеге өлі туған немесе ұрықтың тірі туып өлтірілгенін қажеттілікке есептегенде, осы жөніндегі мәселенің мазмұнын ауыстыра отырып, өз ұсынысының жеткіліксіздігін айтады. Соңғы есепте С. Бородин өзінше өмір сүре бастаған, өмірге жаңа келген жас сәбидің өмірін қию-адам өлтіру болып есептеледі деген пікір айтты. Біріншіден, А. Н. Красиковтың Денсаулық сақтау министрлігінің нұсқауы және бұйрығынан ұстанымында келтірілген тікелей мәселені қарастырғанда ештеңе айтылмайды. Екіншіден, Денсаулық сақтау Министрлігінің ұсынысында дәрігерлік қылмыстық құқық және қылмыстық заң жүргізу пәні болып танылатын мәселенің шешімін қарастыратын емес, денсаулыққа зиян келтіру себебі туралы сөз болғанда ғана заңның кейбір мәселелерін шешуде қолданылады. А. Н. Красиков өз көзқарасын дәлелдеу үшін Н. С. Таганцевтің адам өмірін қию нақты адам өлтіру объектісіне жүгінді. Алайда, бұл дәлел

емес, осы жайды ешкім жарамсыз деп айтпайды, иә, тіршілік тынысында өлі туған немесе туатын бірақ тыныс алмаған бала сөзсіз оның өміріне қатігездік келтіреді. Бала туарда өлтіру және жасанды түсікті ажырату туралы мәселені қарастыруға байланысты, кейбір елдерде заң түрінде шешілгенін көреміз. Үндістанның Қылмыстық кодексінде мәселен, ана құрсағында тірі баланың өліп қалуы қылмыс болып саналмайды. Бірақ тірі баланың өлуі, ана құрсағынан қандай да бір бөлшегі шығып, ең болмаса бала тыныс алмаса да, толық тумаса да оның өлімі адам өлтіру болып қарастырылуы мүмкін²².

Адам өлтірудің субъективтік жағы тура немесе жанама пиғылдағы әдейі кінәсі болып сипатталады.

Қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға толған, жаңа туған сәбидің анасы ғана бола алады. Басқа адамдар, егер олар мұндай адам өлтіруге қатысушылар болып табылса, ҚК 99-бабы бойынша жауапқа тартылады, себебі ананың жауапкершілігін жеңілдетуге негіз болатын мән-жайлар оларға таралмайды.

Қазақстан Республикасы ҚК 101-бабы — Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру

Жәбірленушінің күш қолдануынан, қорлауынан немесе ауыр балағаттауынан өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекетінен (әрекетсіздігінен) болған кенет пайда болған жан күйзелісі (аффект) жағдайында, сол сияқты жәбірленушінің жүйелі түрдегі заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы бұзатын жай-күйде адам өлтіру мән-жайды жеңілдететін адам өлтіруге жатады. Жәбірленушіні өз өліміне өзі себепкер болады, кінәліде кенет пайда болған күшті жан күйзелісі (физиологиялық аффект) оның өз әрекетін бақылау және оған басшылық жасау қабілетін төмендетеді.

Жан күйзелісі — адамның өзін-өзі бақылауының төмендеуі және естің тартылуының сырт көрінісі, күшті және үлкен эмоционалды алаңдауы, қарқынды дамуы мен қысқа мерзімде сипатталатын, адамның едәуір психикалық жағдайы.

Қатты жан күйзелісі психиканың бұзылу ауруы және медициналық ақыл-естің жоқтығы сынына қарастырылмайды. Сондықтан оны кейде физиологиялық жан күйзелісі деп атайды. Патологиялық жан күйзелісінде қатты уайымдағанның нәтижесінде ақыл-ес өшіріледі де, ақыл-естің жоқтығын көрсетеді. Физиологиялық жан күйзеліс адамның қабілетін жүзеге асыруда өзін бақылауға келтіріп, шешім қабылдағанда баға бере алмайды.

Физиологиялық аффект нәтижесінде эмоциялық жарылыс болады, адам психикасы қалыпты жағдайда ауытқиды, саналы да байсалды қызмет нашарлайды, ішкі психологиялық процестер қайнап, сыртқа шығады, адам өз әрекетіне ие бола алмайды. Аффекттің сыртқы көрінісі адам психикасының ерекшеліктеріне, басқа да жағдайларға байланысты әр түрлі сипатта болады. Сондықтан да, белгілі бір уақытта физиологиялық аффекттің нақты бір адамда

²² *Бородин С. В.* Көрсет. еңбек. 174-175-беттер.

болған-болмағандығы жайындағы тұжырымды тек кешенді психологиялық-психикалық сараптама жасайды. Бұл мәселені шешу үшін — сараптама алдына мынадай сұрақтар қойылады; қылмыс жасаған кезде кінәлі аффект жағдайында болды ма, болған уақыттың шегі қандай, яғни қашан басталып, қай уақытта аяқталды.

Қазақстан Республикасы ҚК бұл қарастырылып отырған бабындағы әңгіме физиологиялық аффект жайында, оны психиканың уақытша бұзылуының бір түрі ретінде қарастырылатын адамды есі дұрыс емес деп санауға (ҚК 16-бабы) негіз болатын патологиялық аффекттен ажырату қажет.

Қазақстан Республикасы ҚК 101-бабы адамның жай қобалжуы емес, оның жанының қатты күйзелуі сөз болып отыр.

Физиологиялық аффекті адам өлтіру үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жай деп тану үшін, ол жәбірленушінің заңға қайшы қылығына сәйкес табан асты туындауы мүмкін. Табан асты қатты жан күйзелісі болатынын кінәлінің өзі де күтпейді. Қатты жан күйзелісі адамда әр түрлі жағдайларда туындауы мүмкін. Жәбірленуші көрсеткен заңға қайшы мінез-құлықтың салдарынан ғана көрініс тапқан физиологиялық аффект жағдайын заң қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жай деп таниды. ҚК 101-бабының диспозициясында қолдану үшін тым болмаса біреуінің болғандығы анықталуы тиіс мән-жайлар тізімі берілген.

Бәрінен бұрын, жәбірленуші тарапынан күш қолдану әрекеттері көрсетілген (ұру, соғу, заңсыз бостандығынан айырылу, денсаулығына зақым келтіру, кінәлінің ғана емес, оның туыстарының, жақындарының өміріне қауіп төндіру). Кінәліге қатысты заңды әрекеттерден туындаған қатты жан күйзелісі жағдайында адамды өлтіру ҚК 101-бабы бойынша саралауға болмайды. Мысалы, қылмыскерді ұстаған полиция қызметкерін сол жерде тұрған біреу өлтіреді.

Жәбірлеу — ұру, соғу, жарақаттау және басқа істер арқылы жүзеге асыру, адамның қатты жан күйзелісінің жағдайына әкеледі. Заңға қайшы күш қолдану нәтижесінде адамда қажетті қорғаныс құқығы пайда болады. Егер адам өлтіру аффект жағдайында жасалса және қажетті қорғаныс шегі сақталса, онда ҚК 32-бабы қылмыстық жауаптылықтан босатады. Ал, күш қолданудың заңға қайшы болуы міндетті.

Адамды қорлағанда жәбірленуші оған қарсы неше қайтара күш қолданады, кінәлінің немесе оның жақындарының ар-намысын таптайды, олардың идеалдарын, кемшіліктерін мазақ етеді, құпия ішкі сырын жария етеді, т. б.

Ауыр балағаттау — субъективтік бағаланатын санат, ол әдептілік нормаларына негізделген (ар-ұжданды былғау, ұлттық, діни сезімді мазақтау, махаббатты күлкіге айналдыру, т. б.).

Жәбірленушінің күш көрсету сипатында емес өзгеде заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекетті (әрекетсіздік) дегеніміз ол — қандай да бір құқық нормаларын (еңбек, пәтер-үй әкімшілік) өрескел бұзу немесе қоғамда қалыптасқан мораль нормаларын сақтау.

Жәбірленушінің жүйелі түрдегі заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған, ұзаққа созылған, психикасы бұзатын жай-күйінің өміріне ұшықтырады, жұмыс жағдайын қиындатады, оның төзімі тасылады, нәтижесінде адам өлтіруге барады.

Бұл жерде жәбірленушінің арандатушылық мінез-құлқы мен адам өлтіру арасында уақыт үзілісі болмауы тиіс. Мысалы, маскүнем әке әйеліне, балаларына ылғи зәбір көрсетеді. Бұл практика жүзінде, отбасы мүшелерінің біреуіне физиологиялық аффект тудыратын, ұзақ уақыт психика жарақаттайтын жағдай деп танылады. Егер физиологиялық аффект нәтижесінде табан асты туындаған адам өлтіру жайындағы ниетті сол кезде жүзеге асырмай кейін асырса, ҚК 101-бабы қолданылмайды, себебі кінәлі бұл жерде аффект жағдайында, өш алу ниетімен әрекет жасайды.

Аффект жағдайында адам өлтіруді кінәлі бұрын ойластырып, бірақ оны туындаған жағдайға байланысты ғана жүзеге асырса, қарастырылып отырған қылмыстың құрамы болмайды.

Жәбірленушінің күш қолдану, қорлау немесе ауыр балағаттау, өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекетті (әрекетсіздігі) кінәліге емес, үшінші адамға бағытталған жағдайда да ҚК 101-бабы қолданылады. Ең бастысы жәбірленушінің мұндай мінез-құлқының кінәліні қатты жан күйзелісіне ұшыратқаны анық болуға тиіс.

Қылмыстың субъективтік жағы табан асты туындаған тікелей немесе жанама нысанадағы кінәмен сипатталады.

Субъект — қылмыс жасаған кездегі 16 жасқа толған есі дұрыс адам.

Екі және одан көп адамды аффект жағдайында өлтіру осы қылмыстың сараланатын құрамы ретінде ҚК 101-бабының 2-бөлігінде қарастырылған. Айыпкер өзінің қатты жан күйзелісінің себепкер ретінде бірнеше адамды аз уақыт аралығында өлтіреді. Аффект жағдайында бір адамды өлтіру және сол мән-жайларда басқа адамның қастандық жасау ҚК 101-бабының 1-бөлігі және 24-бап бойынша сараланады.

Өзінің қызметтік міндетін орындау кезіндегі аффект жағдайында лауазымды адамның адам өлтіруі Қазақстан Республикасы ҚК 10- бабы бойынша ғана саралауға тиіс. Қазақстан Республикасы ҚК 362-бабы бойынша қосымша саралау қажет емес, себебі бұл бапта көзделген іс-әрекет аффект жағдайында жасалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы ҚК 102-бабы — Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру

Қылмыстың құрамының бұл жеңілдетілген түрін қарастыру үшін алдымен қажетті қорғаныс институтын қарау қажет.

Қажетті қорғаныстың құқықтық институты қылмыстық құқық ғылымында терең және толығырақ зерттелген ғылым саласына жатады. Ол көптеген ғылыми еңбектердің қатарында жан-жақты зерттеу пәніне айналды. Бұл түсінікті де, өйткені азаматтардың құқық қорғауды нығайтуға, жеке

адамдарды, мемлекет пен қоғам мүдделерін қорғауға қатысуға, қылмыстық заңмен бекітілген осы қажетті қорғаныс көбінесе себепкер болады. Қажетті қорғану құқығы — тұлғаларға, азаматтардың тұрғын-жайлары мен мүліктеріне қол сұғылмаушылығы туралы конституциялық ережелерді жүзеге асырудың бірден бір кепілі. Тергеу органдары мен соттардың шабуылдан қорғанған адамның әрекетін дұрыс бағалай алмауы олардың осындай құқықтары бұзған болып саналады. Тұлғаның қажетті қорғануға деген құқықтық мәртебесі тұрғысынан алғанда — бұл қоғам мүшесі болып табылатын кез келген адамның ажырамас субъективті және соның ішінде табиғи құқығы. Әркім кез келген жағдайға қарамастан өзінің құқығын пайдалана алады, сонымен бірге оны жүзеге асырудан бас тарта да алады.

Азаматтардың қажетті қорғануға деген құқығы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасымен, атап айтқанда ҚР ҚК 32-бабымен былайша реттеледі:

1. Қорғанушының және басқа да адамдардың жеке басы мен құқықтарын, сондай-ақ қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан, оның ішінде қолсұғушы адамға зиян келтіру жолымен заңды түрде қорғау қажетті қорғаныс деп танылады.

Барлық адамдардың өздерінің кәсіптік немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет бабына қарамастан, олардың тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан құтылу не басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан, бұл құқық адамға тиесілі болып табылады.

2. Қажетті қорғаныс жағдайында, яғни қорғанушының немесе өзге де адамдардың жеке басын, тұрғынжайын, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қолсұғушыға зиян келтіру арқылы қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау кезінде қолсұғушы адамға зиян келтіру, егер бұл ретте қажетті қорғаныс шегінен шығуға жол берілмеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

3. Нәтижесінде қолсұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қолсұғушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қорғанудың анық сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығу қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Адамның өміріне қол сұғушы адамға не қорғанушының немесе басқа адамдардың өміріне қауіпті қарулы шабуылмен немесе зорлық-зомбылықпен не осындай зорлық-зомбылықтың тікелей қатерімен, не тұрғын үйге, үй-жайға басып кірумен ұштасқан өзге де қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру, сондай-ақ егер қорғанушы қолсұғушылықтың кенеттен болуы салдарынан шабуыл қаупінің дәрежесі мен сипатын объективті бағалай алмаса, қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Пленумының 1994 жылғы 23 желтоқсандағы Қаулысында қажетті қорғану жағдайында қоғамға қауіпті қол

сұғу кезінде ғана емес, сонымен қатар, анық шабуыл қауіпті болса да, сондай-ақ қол сұғу актісінің аяқталғанын кейбір мән-жайларға байланысты қорғанушы адам білмей қалып, ол қол сұғу аяқталғаннан кейін қорғанса да туындайды.

Сондай-ақ қажетті қорғаныс шегінің билік белгілерінің болмауы немесе болуы туралы мәселені шешуде шабуылдан қорғану тәсілі мен түрлерінің сәйкестігі туралы талаптан кетуге болмайды. Мұндай сәйкестік кейде болуы мүмкін, шабуылға қарсы тойтарыс беруде, оны жеңіп шығуда тиімді тәсілдер қолданылады, (шабуылшы мен қорғанушылар саны, олардың жасы, күш қуатының жағдайы, қарумен жабдықталуы, орны мен уақыты және т. б. қол сұғушының) тойтарыс беру қорғаныс мүмкіндігі мен күшін, қауіп төндіретін мінез-құлықты білу қажет.

Жиынтықтың барлығы бағалануы керек. Басқа тұлға немесе қорғанушы өміріне қауіпті, зорлықпен шабуыл жасағанда, сондай жағдаймен ғана шабуылшы өмірін қию мүмкіндігін шектеу негізі жоқ.

Егер әйел, зорлаушылар тобынан қорғануда қару қолданып және оның ішінде біреуін өлтірсе, қажетті қорғаныс шегінің билігі болмайды. Қол сұғушыдан қауіптену мен қорғаныс мінез-құлқына айқын сәйкестік босатылса сонда шабуылды қақпайлау үшін сол қорғауға қорғанғанда, зиян тигізгені үлкен болса, осындай жағдайда қорғанушы әрекетін қажетті қорғаныс шегінен шығу мүмкін деп қатыстыруға болмайды.

Қажетті қорғаныс шегінен шығып, жарлықсыз шабуылшыға адам өлтіру ретінде өлім сараланса, оны дұрыс тәжірибе деп тануға болмайды.

Қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтіргенде ҚК 99-бабы 2-бөлігінің «1», «5», «6», «9»-тармақтарының нышандары болса, ол ауырлататын мән-жайлардағы адам өлтіру деп сараланбайды, ҚК 99-бабы бойынша сараланады.

Қазақстан Республикасы Жоғары Соты қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтіруді, дене жарақатын салуды, осы әрекеттерді табан асты туындаған қатты жан күйзелісі кезінде жасаудан ажырату керек екендігіне назар аударады, себебі қажетті қорғаныс шегінен шыққанда айыпкер қоғамдық қауіпті қылмыстан қорғану мақсатында шабуыл жасаушыға зиян келтіреді, ал табан асты туындаған қатты жан күйзелісі кезінде ол жәбірленушіге сол күйзеліс (физиологиялық аффект) ықпалымен зиян келтіреді, қорғануды мақсат тұтпайды. Егер қорғаушы қорғану шегінен шықса және табан асты туындаған қатты жан күйзелісі жағдайында болса, онда оның іс-әрекеті, болған зардапқа байланысты, қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтіру немесе оның денсаулығына қасақана зақым келтіру ретінде саралануға тиіс.

Қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтірген лауазымды адам ҚК 99-бабы бойынша жауапқа тартылады. Ол өзінің қызметтік міндетін атқару кезінде шабуылға ұшыраса да, бұл жағдайда оның іс-әрекетін лауазымдық қылмыс үшін жауаптылық қарастырылған бап бойынша қосымша саралау қажет емес.

Өзінің әскери міндетін атқару кезінде, өзіне жасалған шабуылды тойтару мақсатында қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтірген әскери қызметкер осы бап бойынша жауапқа тартылады.

Қажетті қорғаныс шегінен шыққандық үшін жауаптылық қасақана зиян келтірген, яғни ниет (тікелей немесе жанама) нысанындағы кінә болған жағдайда ғана жүктелетіндігі заң нормасында тікелей белгіленген. Қажетті қорғаныс шегінен шығып абайсызда адам өлтірсе — қылмыстық жауаптылық болмайды. Бұл жағдайда қоғамдық қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс шегінен асып адам өлтіргендік немесе денсаулыққа аздап зардап келтіргендік үшін қарастырған қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін көздейтін ҚК 66-бабының тәртібін ескерту қажет.

Қылмыс субъектісі — жасы 16-ға келген есі дұрыс адам.

Қазақстан Республикасы ҚК 103-бабы — Қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру

Адам өлтірудің бұл айрықшаланған құрамы Қазақстан Республикасы ҚК 33-бабымен тікелей байланысты (Қол сұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру) және ол өзінің бастауын осы нормадан алады. Сондықтан Қазақстан Республикасы ҚК 33-бабын міндетті түрде қарастыру қажет деп санаймыз.

1. Қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасаған адамды мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қолсұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстап алу кезінде оған зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл ретте осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Адамға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін қажетсіз зиян келтірілген кезде, ұсталатын адам жасаған құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне және ұстап алудың мән-жайларына олардың анық сай келмеуі, қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығу қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алуға бұған арнайы уәкілеттік берілген адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқығы болады.

Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде оған зиян келтірудің заңды болу шартын ҚК 33-бабының 1-бөлімінде көрсетілген. Ұсталған адам қаза тауып, бірақ ұстау актілерінің заңдылық шарты сақталса, қылмыстық жауапкершілік жүктелмейді.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауда адамға келтірілген зиян жағдайы ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және ұстау жайына сай келмеуі ұстау шаралары сылтау деп танылады.

Қылмыс **объектісі** басқа адамның өмірі болып танылады.

Бұл қылмыстың *объективтік жағы* — ұстау шараларын асырғандықтан ұсталатын адамның қаза табуына ҚК-тің осы бабы бойынша жауапқа тарту үшін кінәлінің жәбірленушіні ұстауына Қазақстан Республикасының ҚПК 128-бабында көзделген негіздері болды ма, сондай-ақ ұсталатын адамға зиян келтіру үшін ҚК 33-бабында көзделген негіздері болды ма, алдымен сол жағы анықталуы тиіс.

Егер бұл көрсетілген негіздер болмай, адам өлтірілсе, онда кінәлінің іс-әрекеті ҚК 103-бабы бойынша сараланбайды. Мысалы: әкімшілік сипаттағы жазықтылығы (кішігірім бұзақылық) үшін ұстағанда адамды өлтіру немесе ұстағанда қарсыласпаған адамды ұстау кезінде өлтіру.

Қоғамға қауіптілігі орта немесе кішігірім деңгейдегі қылмыс жасаған адамды ұстаған кезде оны өлтіруге жол бермейді. Ұстаған кезде қарсылық көрсетпеген адамды және қылмыс жасаған жерден қашып кетуге әрекет жасамаған адамды қасақана өлтіру ұстау кезіндегі ҚК 103-бабы бойынша саралануға тиіс емес.

Қылмыстың *субъективтік жағы* тікелей немесе жанама ниетпен сипатталады. Айыпкер ұстау шараларының шегінен саналы түрде шығады, ұсталатын адамның өлуі мүмкін екендігін немесе қалайда өлетіндігін ұғынады, соны тілейді немесе сондай заттардың болуына жол береді. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде абайсызда өлтіру, бұл қарастырып отырған қылмыс құрамын бермейді.

Қол сұғу жасаған адамды ұстаудағы *мақсат* — оны құқық қорғау органдарына жеткізу, оның басқадай қылмыс жасауына мүмкіндік бермеу.

Ұстау мақсаты қандай болса да, ұстаушыға зиян келтіру қылмыс болып бекітілген мән-жайға қызмет етпейді, егер оны ұстауда басқа тәсілдер қолданса. Бұл жөнінде ҚК 33-бабының 2-бөлімінде тура айтылады. Ұстаушыны өлтіріп алудың осындай себептері оларды ұстаудағы «қолдану шаралары» деп қарамайды және заңға қайшылық болып табылады. Егер тұлға қашпай және жасырынуға талпынбаса, ҚК 99-бабы 2-бөлігі немесе 1-бөлімі бойынша өлім сараланбайды және әдейі өлтіруге жіберілмейді, ҚК 101-бабы — аффект күйінде жасалған. Заң бұзушыларға қатысты мемлекеттің қолданысында жедел шаралардың жеткіліксіздігі мен қатыгездіктің жеткіліксіздігі соттың өзіне қажетті шамада ізгілендіру таратылуда.

Қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға толған есі дұрыс адам. Ол құқық қорғау органдарының қызметкерлері де, жай қатардағы азамат та болуы мүмкін. (ҚПК-нің 130-бабы). Егер құқық қорғау органдарынан лауазымды адамы қылмыскерді ұстау кезінде қажетті шаралар шегінен асып оны өлтірсе, ҚК 103-бабы бойынша жауапқа тартылады, бірақ ҚК билікті немесе лауазымдық өкілеттіліктерді асыра пайдаланғандығы үшін жауаптылық көзделген бабы бойынша (362-бап) қосымша сараланбайды.

Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралар шегінен шығып, адам өлтіргенде ҚК 99-бабының 2-бөлігінде көзделген жауаптылықта ауырлататын мән-жайлар болса, онда бұл іс-әрекет ҚК 103-бабы бойынша ғана саралануға жатады (ҚК 99-бабы бойынша қосымша сараланбайды).

Қазақстан Республикасы ҚК 104-бабы — Абайсызда қазаға ұшырату

Қазақстан Республикасы ҚК абайсызда адам өліміне әкеп соқтыруды адам өлтіру деп санамайды. Қауіпсіздік ережесін бұзып кінәлі шеберлікпен іске асырса (Кодекстің арнайы шамасы болмағанда) жәбірленушінің өмірін абайсызда қиған жағдайдағы шамасын еркін Қазақстан Республикасы ҚК 104-бабын үлкен түсіністікпен қолданылады. Абайсызда адам өлтіру себебі кінәлі тұлғаның үлкен тәртіпсіздігін, тұрмыс ережесінің қалпын бұзғанын, салақтығын, абайсыздығын көрсетеді. Қылмыстық жауапкершілік жәбірленуші өлгеннен кейін ғана болады, яғни қылмыстың бұл құрамы материалдық, ол жәбірленуші өлген кезден бастап аяқталған болып саналады.

Бұл қылмыстың *объектісі* адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қылмыстың *объективтік жағы* сақтықтың қандай да бір ережесінің бұзылуына және соның нәтижесінде адам өліміне әкеп соғатын әрекетпен не әрекетсіздікпен сипатталады. Бұл ретте жәбірленушінің қаза табуына алып келген іс-әрекеттің зардабы кінәлінің іс-әрекетімен себептік байланыста болуы тиіс.

Итергенде немесе ұрғанда жәбірленуші құлап, басқа бір затқа соғылып (тасқа, жол жиегіне т. б.) қайтыс болса, ол кінәлінің оны өлтіруге немесе оған ауыр дене жарақатын салуға ниеті болмаса, кінәлі абайсызда адам өлтіргендігі үшін жауапқа тартылады.

Қылмыстық менмендіктің нәтижесінде абайсызда адам өлтіруді айыпкердің адам өлімі болуы мүмкін екендігін алдын-ала біліп, өз әрекетінің сондай зардабына саналы түрде жол бергендігінен немесе оған немқұрайлы қарағандығынан орын алған адам өлімінен ажырату қажет.

Ұқыпсыздықтан адам өлімі болғанда адам өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан ондай зардаптың болатындығын біле алмайды, бірақ өте сақтық және ұқыптылық танытса оның болатынын білу мүмкін. Қылмыстық ұқыпсыздық нәтижесінде абайсызда адам өлтіруді кездейсоқ адам өлтіруден ажырату қажет, соңғы жағдайда адам өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілік деңгейін ұғынбайды және істің мән-жайына қарай ұғына алмайды не қоғамға қауіпті зардаптың болатынын алдын-ала көре білмейді, істің мән-жайына байланысты ол көре білуге тиіс емес немесе ондай мүмкін емес. Егер әрекет жасаған кезде қоғамға қауіпті зардаптардың пайда болуын алдын ала білген адам оны болғызбауға жеткілікті негізде сенген болса не өзінің психика-физиологиялық қасиеттерінің қысыл-таяң жағдайлар талаптарына сәйкес келуіне немесе жүйке-психикалық ауыртпалықтарға байланысты осы зардаптарды болғызбауға шамасы келмесе де адам өлтіру жазықсыз жасалған деп танылады (Қазақстан Республикасы ҚК 23-бабы – Жазықсыз зиян келтіру).

Қазақстан Республикасы ҚК 104-бабын қолдану үшін қылмыстық нәтижеге — адам өліміне қатысты абайсызда кінәнің болғандығын анықтау қажет. Бұл нәтижеге алып келген іс-әрекет абайсызды да, қасақана да жасалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы ҚК 104-бабының 2-бөлімі абайсызда екі немесе одан да көп адамды қазаға ұшырату өлтіргені үшін жауаптылықты қарастырады. Айыпкердің әрекетін 2-бөлігі бойынша саралау үшін кемінде екі адамның қаза табуы қажет (Мысалы, жетекшінің кінәсімен бір топ туристердің өртеніп өлуі, т. б.).

Қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға келген есі дұрыс адам.

ҚР ҚК 105-бабы — Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу

Өзін-өзі өлтіру қылмыстық заң проблемаларының қатарына жатпайды. Ал, өзін-өзі өлтіруге жеткізу қоғамға қауіпті іс-әрекет, адамның ең басты құқығы өмір сүру құқығы бұзылады.

Бұл қылмыстың **объектісі** — адамның өмірі.

Қылмыстың **объективтік жағы** басқа бір адамның өміріне алып келетін әрекетпен де, әрекетсіздікпен де сипатталады. Суициальдік нәтиже ғана емес, соған оқталғандық болса да қылмыстық іс-әрекет аяқталған болып саналады, яғни бұл қылмыстың құрамы материалды-формальды.

Адамды өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің тәсілдері заң нормасында айтылған, олар жәбірленушіні: а) қорқыту; ә) оған қатігездікпен қарау; б) оның адами қадір-қасиетін үнемі қорлау.

Қорқыту арқылы жәбірленушіге психикалық қысым жасалады, оны өзін-өзі өлтіруге итермелейді (мысалы, баспанасын, қолда бар мүлкін алып қою үрейі, масқаралайтын деректерді жария ету қауіпі, т. б.). бұл жерде сол қорқытудың өзі ғана емес, оны жәбірленушінің субъективтік қабылдауда да мәні бар.

Қатігездікпен жасағанда жәбірленушіге деген аяныш сезімі болмайды, оның тәні де жаны да күйзеліске ұшырайды (ұрады, қинайды, ретсіз жұмсайды, аш ұстайды, емдемейді, мазақ етеді, т. б.). жәбірленушіге қатігездікпен қараудың бір-ақ фактісі адамды өлтіруге дейін жеткізуі мүмкін. Қатігездік түсінігі қоғамда қалыптасқан адамгершілік қағидаларынан барып туындайды.

Адамдық қадір-қасиетін үнемі қорлау — жәбірленушіні ұзақ уақыт кемсіту деген сөз. Ол мазақтау, келеке ету, біреуді айдап салу, ретсіз сынау сияқты әрекеттерді ылғи қайталаумен сипатталады. Бұл реттеу өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу қылмысының құрамы, адамдық қадір-қасиетін қорлаған жағдайда ғана болады. Қорлаудың жекеленген факторы бұл қылмыстың құрамын бермейді.

Адамның өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің бұл тәсілдері кей жағдайларда қолданылады.

Қылмыстың осы құрамына міндетті нышаны - өзін-өзі өлтіру (оқталу) фактісі мен айыпкердің іс-әрекеті арасындағы себептік байланыстар, яғни адамның заңға қарсы сол әрекеті (әрекетсіздігі) жәбірленушіні өзін-өзі өлтіруге итермелеген бірден-бір себеп болғандығы анықталуға тиіс. Егер жәбірленуші басқадай себептермен өзін-өзі өлтірсе, қылмыстық жауаптылық болмайды. Қылмыс жасаған адамды заңды түрде бас бостандығынан айыру не некеге

отырудан бас тарту өзін-өзі өлтіруге себеп болса, бұл жағдай осы қылмыстың құрамын бермейді.

Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабы жәбірленуші өзін-өзі өлтіргенде ғана емес сонымен қатар ол өзін-өзі өлтіруге оқталғанда да қолданылады, бірақ бұл өзін-өзі өлтіруге оқталғандықтың біреуді қорқыту немесе бәлендей бір мақсатқа жету үшін емес, шын ниетпен жасалғандығын анықтау қажет. Қылмыстың бұл түрінің құрамы формальды болып табылады.

Жәбірленуші өзінің өмірін қиюда қасақана әрекет жасаса, оны қажетті түрде анықтап ҚК қарастырған бабына жауапкершілікке тарту қажет. Егер ол өзін абайсызда өлтіріп алса, онда ол өзін-өзі өлтіруге оқталмаған.

Кінәлі әрекет жасамай, байқаусызда жәбірленушіні өлтіріп алса, оны да анықтауды талап етеді. Мысалы: егер жәбірленуші өзін зорлаудан қорлап үшінші қабаттың терезесінен секіріп кетсе, кінәліні зорлауға оқталғандық деп қарастыруға болады, жәбірленушіні абайсызда өліп қалғанын анықтайды (егер ол өзін қорғауда, кінәлінің ізіне түсіп одан қашып өзіне-өзі қол салса).

Өзін-өзі өлтіруге оқталу — қылмыстық жауаптылыққа жүктелмейді, сонымен қатар өзін-өзі өлтіруге айдап салғандық немесе өзін-өзі өлтіруге көмектескендігі үшін де жауаптылық болмайды, егер бұл жерде қорқыту, қатігездікпен қарау немесе адамдық қадір-қасиетін үнемі қорлау болмаса. Жасынан немесе психикалық жағдайына байланысты өз әрекетін ұғына алмайтын немесе оны басқара алмайтын адамды өзін-өзі өлтіруге айдап салу немесе оның өзін-өзі өлтіруіне көмектесу, егер бұл жерде өзін-өзі өлтіру орын алса, адам өлтіру ретінде бағалануға тиіс.

Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің субъективтік жағы жанама ниетпен зардабын абайламағандықтан сипатталады.

Қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға келген есі дұрыс адам, сондай-ақ кез-келген тұлға, материалдық немесе өзгеге тәуелді, жәбірленушінің қызметте болғанына байланысты тұлға. Егер өзін-өзі өлтіру лауазымды тұлғамен жасалса, оның әрекеті қылмыс түрінде сараланып ҚК 361-бабының 3-бөлімімен, 105-баппен қарастырылады (билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану).

Бұл баптың 2-бөлімі өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің сараланған құрамын — жәбірленушінің кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелді болуын қарастырады. Кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелді болғандықтан жәбірленушіні өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу қоғамдық қауіп іс-әрекеті деп танылған, сондықтан да ол үшін қатаңырақ жаза көзделген. Бұл жағдайда жәбірленуші кінәліні асырауындағы, қамқорындағы, оған қарыздар адам, оның жұмыс істемейтін жұбайы болуы мүмкін.

Өзін-өзі өлтіруге дейін апару немесе оған оқталу жолымен әрекет ету, қылмыс құрамын құрайтын (ауыр немесе денсаулығына басқа да зиян келтіру, заңсыз еркінен айыру, зорлау, ұру, қорқыту жәбірленушіге т. б.), аталған қылмыстар Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабы бойынша саралауды талап етеді.

ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Қазақстан Республикасы ҚК 106-бабы — Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру

Әрбір жеке адамның денсаулығы – ол адам өміріндегі айтарлықтай орын алатын фактор болып табылады. Себебі адам денсаулығы – оның негізгі байлығы. Осыған байланысты адам денсаулығы қорғау мәселесі – жалпы мемлекеттің, қоғамның, әрбір азаматтың негізгі борышы.

Қазақстан Республикасы ҚК денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргендік үшін ауырлататын мән-жайларсыз (ҚК 106-бабының 1-бөлігі), ауыртпалықтың мән жайларын ауырлататын (ҚК 106-бабының 2, 3-бөліктер) жеңілдететін мән жайларда (ҚК 111-113 баптары) жауаптылық көзделмек. Денсаулыққа қарсы қылмыстардың ең қауіптісі ҚК 106-бабында көзделген. Қылмыс денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру болып табылады.

Әрбір қылмыс адам мүддесіне зиян келтіреді. Алайда қылмыс жасаған кезінде әрекеттер әр түрлі болады. Қылмыс қоғамның мүшесіне (оның қоғамға қауіптілігі) келтірілетін зиян немесе зиян келтіру қауіпінің белгісін анықтау. Осыған байланысты «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV кодексі адам денсаулығын қорғау жөніндегі құқықтық негізін белгілейді.

Бұл қылмыстың *объектісі* басқа адамның денсаулығы.

Денсаулыққа ауыр зиян келтіргенде күш жұмсалуда (ұру, ату, т. б.), психикалық қысым (қорқытып немесе үрейлетіп жүрек ауруына шалдықтыру) жасалуы да мүмкін. Кінәлі әр түрлі құрал-жабдықтарды, табиғат күшін, аса қауіпті көздерді, жануарларды, т.б. пайдалану мүмкін.

Объективтік жақты құрайтындар: а) қоғамға қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); ә) адам денсаулығына ауыр зиян келтіру түріндегі қоғамға қауіпті зардаптар; б) әрекет пен көрсетілген зардаптар арасындағы себепті байланыс.

Кінәлі әрекетсіздік көрсету арқылы денсаулыққа ауыр зиян келтіргенде ол басқа адамның денсаулығына келетін ауыр зиянды тойтарып қалатын, өзі жасауға тиісті және жасауға мүмкіндігі болған әрекеттерді жасамайды (мысалы, дәрігерлердің науқас адам уақытылы дәрі бермеуі нәтижесінде оның денсаулығының нашарлауы).

Негізінде көрсетілген зардаптар мен зияндарды сот-медициналық сараптама жүргізу барысында, яғни «Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 484 бұйрығына сәйкес анықталады.

Денсаулыққа ауыр зиян келтіру ұғымына келетін болсақ, ол Қазақстан Республикасы ҚК 3-бабында 11-тармақшасында беріледі, яғни адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян не денсаулыққа: көру, сөйлеу, есту қабілетінен немесе қандайда бір ағзадан айырылуға; ағзаның өз функцияларын

жоғалтуына; бет-әлпетінің қалпына келмейтіндей бұзылуына; жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты түрде жоғалтумен ұласқан денсаулықтың бұзылуына; кәсіби еңбек қабілетін толық жоғалтуға; жүктілікті үзуге; психиканың бұзылуына; нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыруға әкеп соққан өзге де зиян.

Денсаулыққа зиян келтіруді ағзаның (тіннің) анатомиялық тұтастығының немесе олардың физиологиялық қызметінің (дене жарақаттары) бұзылуы, немесе әртүрлі сыртқы ортаның факторларының – механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық, психогендік әсерінен болған аурулар немесе патологиялық жағдайы деп түсінген жөн.

Өмірге қауіп төндіруі мүмкін дененің зақымдануы және жәбірленушінің өміріне қауіп төндіруі мүмкін әртүрлі сыртқы факторлардың әсерінің нәтижесінде туындаған патологиялық жағдайларды қауіпті деп есептеген жөн.

Қасақана ауыр дене жарақатының салдарынан көруден айрылу – бұл адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру салдарынан адам көре алмайтын жағдайға душар болады. Айтып кететін бір жәйт, адамның көре алмауы емделусіз болуы керек, уақытша көруден айрылу ауыр дене жарақатының элементі болмайды, яғни ол орташа ауырлықтағы дене жарақаты болып табылады.

Бір көздің көруінен айрылу салдарынан адам көзінің көру шеңбері 30% тарылады және бинокулярлық көрудің бұзылуына әкеп соғады, ал мұндай жағдайлар кейбір кездері белгілі бір нәрселерді нақты қабылдау қабілеттілігін қиынға соқтырады немесе көрудің мүмкіншілігін түпкілікті жоғалтады. Себебі, бір көзден айрылған адам мамандық түрін таңдағанда ғана емес, сонымен қатар дем алу кездерінде де қиыншылықты басынан өткереді, ал кейбір кездері бақытсыздық жағдайлардың объектісі болуы да мүмкін. Сондықтан да көздің көру қабілетін 35% мөлшерінде жоғалту немесе 2 метр қашықтықта бармақтың санын көре алмауы денсаулыққа ауыр зиян келтірілді деп есептелінеді және ауыр дене жарақаты ретінде бағаланады.

Қасақана ауыр дене жарақатының салдарынан тілден айрылу – сөйлеу қабілетін, ол ойын айналасындағыларға түсінікті түрде біріккен дыбыстармен жеткізу қабілетін біржола жоғалту.

Қасақана ауыр дене жарақатының салдарынан естімей қалу деп мүлде айықпайтын кереңдік және зардап шегуші қатты айтылған сөзді өте жақын жерден, құлақ қалқанынан 3-5 сантиметр қашықтықта естімейтін толық кереңдікті немесе қайтымсыз күйді есту қабілетінен айырылу деп түсінген жөн. Құлақтың біреуінің есту қабілетінің жоғалуы осы мүшенің қызметінен айырылуы деп бағаланып, денсаулыққа келтірілген ауыр зиянға жатқызылады;

Сот-медициналық сараптама бет-әлпеттің қалыпқа келгісіз бұзылу фактісін анықтайды, себебі бұл түсінік медициналық емес. Сарапшы қалыпты белгілерге сүйене отырып беттегі жарақаттың сипатын ғана анықтайды, сонымен қатар жарақаттың кейін ешқандай хирургиялық көмексіз біртіндеп тартылып немесе тегістеліп кетуі мүмкін екендігін анықтайды. Егер жарақаттың ізін жою үшін оперативтік ем (косметикалық операция) керек

болса, онда беттегі жарақат қалыпқа келгісіз деп саналады. Бұл жарақаттың сол адамның бет-әлпетін бұзатын-бұзбайтындығын алдын ала тергеу органдары мен сот анықтайды.

Жалпы еңбекке қабілеттілікті өнім, бұйым немесе қызмет түрінде бекіткіш әлеуметтік-елеулі нәтижені алуға бағытталған іс-қимылға адамның туа біткен және жүре пайда болған тәсілдердің жиынтығын түсінген жөн.

Кәсіптік еңбекке қабілеттілікті өзінің мамандығы немесе төлем ақысы және біліктілігі бойынша тең жұмыс атқара алуын түсінген жөн.

Жалпы еңбек қабілеттілігін тұрақты түрде жоғалту –еңбек функциясын қайтарымсыз, біліктілікті қажет етпейтін жұмысты толық немесе жартылай орындау қабілетін жоғалту.

Егер келтірілген зақымдардың салдарынан түсік болса, екіқабат екендігінің мерзіміне қарамастан, ол ауыр дене жарақатына жатқызылады. Бұл орайда арнайы акушер-гинекологиялық зерттеулер арқылы түсіктің зардап шегуші организмнің жеке ерекшеліктеріне, яғни аурулығына немесе ішкі жыныс мүшелерінің жетілмегендігіне байланысты емес, қайта оған дене жарақатының тікелей себеп болғаны анықталуға тиіс.

Психикалық бұзылуларды (психикалық ауруды), нашақорлықты, уытқұмарлықты диагностикалау психиатриялық, наркологиялық сараптамалармен жүзеге асырылады, бірақ олардың алынған зақымданумен байланысы, сондай-ақ есі ауысу ауруының, нашақорлық пен уытқұмарлықтың салдарынан денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын бағалауды сот-медициналық сарапшылар комиссиясы, қажет болған жағдайда психиатрлардың, наркологтардың, токсикологтардың қатысуымен жүргізеді, (психикалық ауруды психикалық бұзылу деп түсінген жөн), психикалық аурулардың тобына жүйке жүйесінің зақымдануына байланысты реактивті жағдайлардың (психоздар, невроздар) аурулар қосылмайды; егер зақымданудың ағымы мен жазылу дәрежесіне қарамастан психикалық ауру дамыса, зақымдану денсаулыққа ауыр зиян болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы ҚҚ 106-бабында көзделген қылмыс құрамы бойынша материалдық болып табылады, яғни қылмысты аяқталған деп тану үшін болған қоғамға қауіпті әрекетпен себепті байланысқан қоғамға қауіпті зардаптардың болуын талап етеді.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей немесе жанама ниетпен сипатталады. Кінәлі өзінің заңға қайшы әрекетінің салдарынан басқа адамның денсаулығына ауыр зиян келтіретіндігін ұғынады, қоғамға қауіпті зардаптың болуы мүмкін екендігін немесе қалайда болатындығын алдын ала біледі және соны тілейді (тікелей ниет) немесе оған саналы түрде жол береді не немқұрайлы қарайды (жанама ниет).

Егер кінәлінің ниеті денсаулыққа ауыр зиян келтіруге бағыттталып, бірақ оған байланысты емес себептермен жәбірленушіге орташа ауырлықтағы зиян келсе, онда кінәлінің іс-әрекеті болған зардаптар бойынша емес, ниеттің бағыттылығы бойынша, яғни денсаулыққа ауыр зиян келтіруге оқталғандық деп саралануға тиіс (ҚҚ 24-бабы және 106-бабының 1-бөлігі).

Қарастырылып отырған қылмыстың себептері мен мақсаты әр түрлі болуы мүмкін (өш алу, бұзақылық, қызғаныш, т. б.).

Қылмыс *субъектісі* — жасы 14-ке толған, есі дұрыс адам.

Бұл қылмыс құрамының сараланған түрлері ҚК 106-бабының 2-бөлігінде анықталған. Оларға мыналар жатады:

- 1) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 2) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына немесе кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты;
- 3) кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені белгілі адамға қатысты, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұштасқан;
- 4) аса қатыгездікпен;
- 5) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 6) пайдакүнемдік ниетпен, сол сияқты жолдау бойынша;
- 7) бұзақылық ниетпен;
- 8) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша;
- 9) жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану мақсатында;
- 10) бірнеше рет;
- 11) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 12) төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған дәл сол іс-әрекет.

Осы аталған саралаушы нысандардың мазмұны адам өлтіру құрамының саралаушы нысандарын қарастыру кезінде ашылған. Сондықтан ұқсас нысандары, қылмыстық іс-әрекеттің зардабындағы айырмашылыққа баса қайтадан мұқият талдаудың қажеті шамалы.

Қазақстан Республикасы ҚК 106-бабы 3-бөлігінде абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан не қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген. Ауыр дене жарақатының салдарынан жәбірленушінің өлімі бір құрамдағы екі кінә нысаны ретінде көрініс табады: - қасақана ауыр дене жарақатын келтіру және абайсызда жәбірленушіге өлім келтіру.

Адам өлтіргенде кінәлі әрекетті де қасақана жасайды және жәбірленушінің қаза табуы түріндегі өз іс-әрекетінің зардабына да қасақана қарайды. Ал, жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіргендігі іс-әрекетте қасақаналық сипат болуы мүмкін, ал болған зардапқа — жәбірленушінің өліміне - абайсыздық түріндегі кінә.

Ауыр дене жарақатының салдарынан жәбірленушінің өліміне әкеп соғатын кінәлінің әрекеттері тікелей басқа адамнан денсаулығына қол сұғуға бағытталады, сондықтан да жалпы кінәлілік әрекеттері адам денсаулығына қарсы қылмысқа жатады. Жалпы кінәлінің әрекеттерінің субъективтік жағын қарастырсақ, кінәлі өзінің қасақана әрекеттері арқылы жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіреді, мұндай әрекеттерді ол тілеп немесе саналы түрде жол беріп істейді, бірақ бұл әрекеттердің салдарынан келетін зардап, зиян

жәбірленушінің өлімі абайсызда болады, яғни кінәлі жәбірленушінің өлуін тілемейді, ол өлмейді деген менмендік немесе немқұрайдылық қатынас түрінде болады. Егер абайсызда жәбірленушіге ауыр дене жарақаты келтірілсе, мұның салдарынан жәбірленуші өлетін болса, онда бұл жағдай абайсызда адам өлтіру қылмысы құрамын құрайды. Сонымен ауыр дене жарақатының салдарынан жәбірленушінің өлімі келген жағдайда байланысты жалпы заң бойынша 2 қорытынды шығаруға болады: 1) Егер кінәлі тікелей немесе жанама қасақаналықпен өлтіруге бағытталған әрекеттерді жасап, мұның салдарынан жәбірленуші өлсе, онда кінәлінің әрекеті қасақана адам өлтіру қылмысы құрамын құрайды. Егер кінәлінің өлтіруге бағытталған тікелей қасақаналық әрекетінің салдарынан жәбірленушіге өлім келмей, оған тек ауыр дене жарақаты салынса, онда кінәлінің әрекеті адам өлтіруге оқталу ретінде есептелінеді, ал жанама қасақаналықта – дене жарақаты ретінде бағаланады. Жәбірленушіге өлім келтіруді мақсат тұтпай жанама қасақаналықпен жасалған дене жарақаты өлтіруге оқталу ретінде қарастырылмайды. 2) Егер ауыр дене жарақатының салдарынан келген жәбірленушінің өліміне кінәлінің әрекеті тұтасымен 106-баптың 3-тармағымен сараланады.

Қазақстан Республикасы ҚК 106-бабының 3-бөлігінде осы қылмыс құрамының өте ауырлататын түрінің қатарына жана Қылмыстық кодекс бойынша – осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді қылмыстық топ жасаса деп арнайы қарастырылған. Қылмыстық топтың түсінігі Қазақстан Республикасы ҚК 3-бабының 24-тармақшасында берілген.

Қазақстан Республикасы ҚК 107-бабы — Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру

Қазақстан Республикасы ҚК 107-бабында көзделген қылмыс объектісі – азаматтардың денсаулығы.

Қылмыс құрамының объективтік жағы қоғамға қауіпті іс-әрекет, адамның денсаулығына қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру, қылмыстық іс-әрекетпен оның арасындағы себептік байланыспен сипатталады.

Қылмыстық кодекстің 107-бабында көрсетілген қылмыстың денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруден өзгешелігі келтірілген зиянның дәрежесінде.

Денсаулыққа келтірілген орташа зиянның белгілері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі «Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 484 бұйрығына сәйкес анықталады.

Денсаулыққа ауырлығы орташа зиян – ұғымына түсінік Қазақстан Республикасы ҚК 3-бабында 12-тармақшасында беріледі, яғни адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (21 күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян).

Денсаулықтың ұзақ бұзылуы - 3 аптадан артық бұзылуы (21 күннен астам), денсаулыққа келтірілген зиянға тікелей байланысты аурулар немесе ұзақтығы үш аптадан артық (21 күннен астам) қандайда бір орган функциясының бұзылуы түріндегі салдар жатады;

Жалпы еңбекке қабілеттілікті айтарлықтай тұрақты жоғалту (10-33%-ды қоса алғанда).

Орташа ауырлықтағы зиянға қолдың саусағын немесе аяқтың бармағын жоғалту майда сүйектің 1-2 қабырғасының сынуы және т.б. жатады.

Қазақстан Республикасы ҚК 107-бабында көзделген қылмыс құрамы бойынша материалдық болып табылады, яғни қылмысты аяқталған деп тану үшін болған қоғамға қауіпті әрекетпен себепті байланысқан қоғамға қауіпті зардаптардың болуын талап етеді.

Қылмыстың субъективтік жағы қасақана кінә. Кінәлі өзінің қоғамға қауіпті іс-әрекетінің салдарынан басқа адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келетіндігін ұғынады, қоғамға қауіпті зардаптың қалайда болатындығын немесе болмауы мүмкін екендігі алдын ала біледі, соны тілейді (тікелей ниет не одан оған саналы түрде жол береді немесе немқұрайлы қарайды жанама ниет).

Бұл қылмысты жасаудағы себептер мен мақсат әр түрлі. Олардың кейбіреулері денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтірулердің сараланған түрлеріне жатады.

Қазақстан Республикасы ҚК 107-бабының 2-бөлігі бұл қылмыс құрамының сараланған түрлерін қарастырады, егер олар мына жағдайларда жасалған болса:

- 1) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 2) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына немесе кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты;
- 3) аса қатыгездікпен, сол сияқты кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты;
- 4) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, қылмыстық топ жасаған;
- 5) бұзақылық ниетпен;
- 6) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша;
- 7) бірнеше рет;
- 8) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс-әрекет.

Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтірудің ауырлататын түрлері Қылмыстық кодекстің 99-бабында көзделген осындай белгілермен бірдей, сондықтан да оларды қайталап талдап жатудың қажеті жоқ.

Қазақстан Республикасы ҚК 107-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстың *субъектісі* — жасы 16-ға толған есі дұрыс адам, ал 2-бөлігінде – 14 жасқа толған есі дұрыс адам болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚК 110-бабы – Қинау

1. Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері арқылы тән зардабына немесе психикалық зардап шегуге ұшырату, егер бұл іс-әрекет денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқпаса, –

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) көрінеу кәмелетке толмаған адамға немесе кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық немесе өзгедей тәуелді адамға, сол сияқты ұрланған не кепіл ретінде қолға түсірілген адамға қатысты;

2) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

3) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;

4) азаптауды қолдану арқылы;

5) жалдау бойынша;

6) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша жасалған дәл сол іс-әрекет –

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыс ретіндегі қинау әрекеті қазақстандық қылмыстық заңнамалар үшін дәстүрлі орын алған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде Қазақстанның қинау үшін жауаптылық көздеуге негізі деген халықаралық актілерге сүйенгендігі байқалады. Қазіргі кезде қинау мен басқадай қатыгездікпен қарау мәселелері бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16-желтоқсандағы қабылдаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық актісі қолданылады. Пактінің 7-бабында былай делінген: «Ешкімде азаптауға немесе адамгершілікке жатпайтын қатыгездікке немесе ар-намысын қорлайтын көзқарасқа немесе жазаға ұшырамауы тиіс».

Осы мәселеге сонымен бірге Адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларацияның 5-бабы да арналған. Сондай-ақ қинауға немесе адамгершілікке жатпайтын қатыгездікке немесе ар-намысын қорлайтын көзқарастың немесе жазаның алдын алу жөніндегі Еуропалық конвенция да бар.

Қылмыстың объектісі адамның денсаулығы болып табылады.

Объективтік жағы ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап шектірумен көрінеді. Бұл жерде жәбірленушінің денсаулығына Қазақстан Республикасы ҚҚ 106 және 107-баптарында көзделген зардаптар келтірілмейді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі «Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 484 бұйрығына Ережелерінің 39-тармағына сәйкес, қинау денсаулыққа зиян келтіру нәтижесінде пайда болатын әрекет ретінде көрінеді.

Азаптау – бұл дүркін-дүркін немесе ұдайы ұрып-соғумен немесе өзге күш қолданумен көрінетін әрекет (шымшу, тырнау, ауыр немесе өткір құралдармен ұрғылау, химиялық, физикалық факторлармен әсер ету және сол сияқты әрекеттер).

Сот-медициналық сараптама азаптау фактісін емес, мыналарды анықтауы тиіс:

- Зиян келтірудің болуы, сипаты мен оның алған орны;
- Зиян келтіру мерзімінің арасы;
- Зиян келтіру құралдары, механизмдері мен әдістерінің белгілері.
- Сонымен бірге осы ереженің 38-тармағына сәйкес, ұрып-соғу – бұл денені ауыртатындай күш қолданумен жасалатын, бірақ денсаулықты қысқа мерзімге бұзатын немесе еңбекке жарамдылығын елеусіз бұзатын әрекет.

Сот медициналық сараптамасы ұрып-соғу фактісін анықтамайды. Егер ұрып-соғу нәтижесінде жәбірленушінің денесінде жарақат қалатын болса, ол әдеттегі белгілеріне қарай денсаулыққа қиян келтірудің ауырлығымен бағаланады. Егер ұрып-соғу өзінен кейін ешқандай объективті іздер қалдырмайтын болса, онда сот-медициналық сараптама өзінің қорытындысында жәбірленушінің шығымын, не зиян келтірудің объективті іздерінің байқалмайтындығын көрсететін болады.

Ұрып-соғудың міндетті белгісі оның ұдайлығы, яғни жыл ішінде үш немесе одан да көп рет ұрғаны болып табылады. Әрбір көріністе бірнеше рет соққы жасағаны болуы керек.

Қинау дегеніміз – ұзақ уақыт ас-су бермей, суық жерде немесе денсаулығына зиян жайда ұстау және басқа да әрекеттер арқылы жәбірленушіні күйзелту.

Азаптау дегеніміз – тәнді көп қайтара және ауыртуға бағытталған әрекет - қолды бұрау, шымшу, дүре салу. Доғал затпен ұрып көптеген кішігірім жарақат салу, денесін күйдіру.

Күйзелту дегеніміз – азаптаудың салдарынан жәбірленушінің ұзақ уақыт және қатты қиналуы. Ешқандай күш қолданылмай, жәбірленушінің тек қадір-қасиетін таптау арқылы оның жанын күйзелту азаптауға жатпайды.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады, яғни кінәлі өзінің қоғамға қауіпті әрекетінің нәтижесінде (ылғи ұрып-соғу немесе күш қолдану) денсаулыққа зиян келетінін ұғынады, қоғамға қауіпті зардаптың болатынын немесе болуы мүмкін екенін алдын ала біледі, соны тілейді.

Қылмыстың субъектісі – жасы 16-ға толған, есі дұрыс адам.

Азаптау мына жағдайларда жасалса, ол қылмыстың сараланған түрі болады:

1) көрінеу кәмелетке толмаған адамға немесе кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық немесе өзгедей тәуелді адамға, сол сияқты ұрланған не кепіл ретінде қолға түсірілген адамға қатысты;

2) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

3) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;

- 4) азаптауды қолдану арқылы;
- 5) жалдау бойынша;
- 6) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша жасалса.

Аталған ауырлататын мән-жайлар бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігін арттырады және тиісінше жауаптылықты да күшейтеді. Жәбірленушінің материалдық тәуелдікте болуы – оның кінәлінің толық немесе жарым-жартылай асырауына болуы (көбіне кәмелетке толмағандар) не кінәлінің өз құрбанын ұстап отырғандығы, яғни оның материалдық тұрғыдан кінәліге тәуелділігі.

Басқа да қатынастарға байланысты тәуелділік болуы мүмкін: бағынышты қызметкердің бастыққа, спортшының жаттықтырушыға, балаланың ата-анаға, т.б. Бұл баптың «1»-тармағына ұрланған немесе кепірге алынған адамды азаптау, оған тән зардабын немесе психикалық азап шектіру жатады. Егер, жәбірленушіні азаптауға кінәлі адам, сонымен қатар, ұрлауды немесе кепілге алуды орындаушы жа болса, онда оның әрекетін қылмыстардың жиынтығы бойынша саралау қажет.

Басқа саралаушы нышандар ҚР ҚК 99 және 107-баптарында көзделген қылмыстар құрамын талдау барысында қаралаған.

Қылмыстық кодекстің 106 және 107-баптарында сипатталған зардаптарға әкеп соқпаған жағдайда адамды ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолы мен тән зардабын немесе психикалық зардап шектіргені үшін жауаптылық белгіленген.

Объективтік жағынан алғанда қылмыс азаптау арқылы – ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен жүзеге асырылады.

Ұдайы ұрып-соғуға жыл ішінде кемінде үш реттен артық сабау жатады. Тән зардабын шектіруге – адамды астан, жылудан, сусыннан айыру немесе оны өте ыстық, не болмаса суық жерге қою, шулы, ауасы ластанған жерде ұстау т.с.с. жатады.

Психикалық зардап шектіруге ұрып-соғу мен бірге адамды қорлау, оған бұзақылық әрекеттер жасау, әр түрлі жолмен қорқыту, сайқымазақ етулер жатады.

Күш қолдану арқылы зардап шектіруге үнемі өткір немесе қатты затпен, құралмен денені ауырту, күйдіретін, қыздыратын немесе басқа нәрселермен денені болмашы жарақаттау т.с.с. әрекеттері жатады.

Егер азаптаудың әсерінен денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтірілсе, онда кінәлінің әрекеті істің нақты жағдайларына байланысты Қылмыстық кодекстің 103 немесе 104-баптары бойынша саралануға жатады.

Қылмыстық күш қолдану немесе психикалық зардап шеккізу әрекеттері басталған сәттен бастап аяқталған деп табылады.

Қылмыс субъективтік жағынан қасақаналықпен істеледі.

Қылмыстық субъектісі – 16-ға толған адам. Қылмыстық кодекстің 110-бабының 2-тармағында азаптаудың ауырлататын түрлері:

а) көрінеу кәмелетке толмаған немесе кінәліге дәрменсіз күйде екендігі белгілі, не кінәліге материалдық немесе өзге тәуелділіктегі адамға, сонымен бірдей ұрланған не кепіл ретінде қолға түсірген адамға қатысты;

б) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

в) кінәліге жүктілік жағдайында екендігі белгілі әйелге қатысты;

г) азаптап;

д) жалдау бойынша;

е) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе дұшпандық тұрғысында жасалған әрекет үшін жауаптылық көзделген. Осы көрсетілген белгілерге сипаттама ауырлататын жағдайда кісі өлтіргені үшін қылмыс құрамына (99-баптың 2-тармағы) талдау жасалғанда толық берілген.

Аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру – ҚР ҚК 111-бабы

Жәбірленушінің тарапынан болған зорлық-зомбылықтан, қорлаудан немесе ауыр балағаттаудан не жәбірленушінің өзге де құқыққа қайшы немесе бейморальдық әрекеттерінен (әрекетсіздігінен), сол сияқты жәбірленушінің жүйелі түрдегі құқыққа қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы күйзелтетін ахуалдан болған кенеттен туындаған қатты жан күйзелісі (аффект) жағдайында жасалған денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Қылмыстың объективтік жағы денсаулыққа кенеттен пайда болған жан күйзелісі (аффект) жағдайында жасалған, жәбірленушінің тарапынан қорлық жасауға, қорлауға немесе тіл тигізуге, не жәбірленушінің өзге құқыққа қарсы немесе моральға жат әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты, сол сияқты жәбірленушінің ұдайы құқыққа қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психикалық зақым келтіретін жағдайда қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтірумен сипатталады. Бұл қылмыс жеңілдететін мән-жайларда адам денсаулығына қарсы жасалған қылмыстарға жатады. Жәбірленушінің осы қылмыстың жасалуына себеп болған құқыққа қарсы және моральға жат мінез-құлқы қылмыстық жауаптылықты жеңілдетуге негіз болады.

ҚК 111-бабы бойынша саралау үшін жәбірленушінің кінәліге немесе оның жақындарының қарсы бағыттауы мүмкін құқыққа қарсы және моральға жат мінез-құлқының аталған диспозициясындағы нышандарының біреуі болса жеткілікті.

Кінәлінің қылмысты кенеттен пайда жан күйзелісі жағдайында жасағандығын мойындау шарты, бұрын қарастырылған ҚК 99-бабында көзделген қылмысты жасау кезіндегі аффект жағдайымен сәйкес келеді. Кінәлінің қатты жан күйзелісі кенеттен болғанда ішкі психологиялық процестер белсенді жүреді, ол теуіп сыртқа шығады, аз уақытқа адам өз әрекетін басқара

алмай қалады, тіптен ақылын жоғарлатуы мүмкін. Орташа ауырлықтағы зиян ҚК 107-бабы қарастырғанда талданған.

Қылмыстық іс-әрекеттің субъективтік жағы тікелей немесе жанама ниет (кенеттен туындаған) нысанындағы кінәмен сипатталады. Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру ҚК 111-бабы бойынша сараланады.

Қылмыстың субъектісі – жасы 16-ға толған, есі дұрыс адам.

ҚК 111-бабының 2-бөлігінде осы мән-жайларда денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргендік үшін жауаптылық көзделген. Денсаулыққа ауыр зиян келтіруге түсініктеме ҚК 106-бабында берілген.

Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 112-бабы)

Қазақстан Республикасы ҚК 112-бабында көзделген **қылмыстың объектісі** басқа адамның денсаулығы болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚК 112-бабында көзделген **қылмыстың объективтік жағы** қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қорғану кезінде қажетті қорғаныс шегінен шыға отырып, қол сұғушының денсаулығына ауыр зиян келтіруден тұрады, яғни қорғаныстың қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың сипаты мен дәрежесіне тіптен сәйкес келмеуінен, нәтижесінде қол сұғушыға мән-жайға сәйкес емес, мөлшерден тыс зиян келтіріледі.

Қажетті қорғаныс шегінен шығумен байланысты қажетті қорғаныстағы заңдылық шарттарына мейлінше толық қылмыстық-құқықтық талдау Қазақстан Республикасы ҚК 102-бабының сипаттамасында берілген.

Қазақстан Республикасы ҚК 112-бабында көзделген **қылмыс құрамы** құрылымы бойынша материалдық болып табылады, яғни қылмысты аяқталған деп тану үшін жасалған қоғамға қауіпті әрекетпен себепті байланыста болатын денсаулыққа ауыр зиян түріндегі қоғамға қауіпті зардаптардың болуы керек.

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының **субъектісі** 16 жасқа толған дені сау, есі дұрыс адам.

Әрекеттің **субъективтік жағы** қасақана кінәмен сипатталады, бұл ретте пиғыл тікелей, әрі жанама болады. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезіндегі денсаулыққа ауыр зиян келтіру жағдайындағы пиғыл әрдайым кенеттен туындаған болуы керек. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезіндегі денсаулыққа ауыр зиян келтіруде қорғану себебі қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан үстем болады.

Абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан (Қазақстан Республикасы ҚК 106-б. 3-бөлігіне қылмыстық құқықтық сипаттама беруде толық талданған) қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіргені үшін Қазақстан Республикасы ҚК 112-б. 2-бөлігінде қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Қазақстан Республикасы ҚК 112-б. 1-бөлігінде көзделген қылмыс ауырлығы орташа қылмысқа жатады.

Қазақстан Республикасы ҚК 112-б. 2-бөлігінде көзделген қылмыс ауырлығы орташа қылмысқа жатады.

Қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 113-бабы)

Қазақстан Республикасы ҚК 113-бабында көзделген **қылмыстың объектісі** басқа адамның денсаулығы болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚК 113-бабында көзделген қылмыстық **объективтік жағы** ұсталған адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен сипатталады, яғни мұндай зиян ұсталған адам жасаған қоғамға қауіптің сипаты мен дәрежесіне және ұстау жағдайына тіптен сәйкес келмейді.

Денсаулыққа ауыр зиянның белгілері Қазақстан Республикасы ҚК 106-бабын талдауда қарастырылған.

Қылмыс жасаған ұстау кезінде адамға зиян келтіру актісінің заңдылық шарттары Қазақстан Республикасы ҚК 103-бабындағы «Қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру» қылмыс құрамын қылмыстық құқық талдау кезінде мейлінше толық қарастырылған.

Қазақстан Республикасы ҚК 113-бабында көзделген қылмыс құрамы құрылымы бойынша материалдық болып табылады, яғни қылмысты аяқталған деп тану үшін жасалған қоғамға қауіпті әрекетпен себепті байланыста болатын денсаулыққа ауыр зиян түріндегі қоғамға қауіпті зардаптардың болуы керек.

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының **субъектісі** 16 жасқа толған дені сау, есі дұрыс адам.

Әрекеттің **субъективтік жағы** кінәнің қасақана түрімен сипатталады, бұл ретте пиғыл тікелей, әрі жанама болады.

Қарастырылып отырған қылмыс құрамының **субъективтік жағы** қасақана кінәмен сипатталады, бұл ретте пиғыл тікелей, әрі жанама болады. Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде оны ұстау және мемлекеттік билік органдарына жеткізу үстем тұрады.

Ұсталған адамның денсаулығына абайсыздықта ауыр зиян келтіруде қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Қазақстан Республикасы ҚК 113-бабында көзделген қылмыс онша ауыр емес қылмыстарға жатады.

Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚР ҚК 114-бабы)

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабында көзделген **қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі** басқа адамның денсаулығы болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабында көзделген қылмыстық **объективтік жағы** абайсыздықта адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірумен сипатталады.

Денсаулыққа ауырлығы орташа зиянның белгілері Қазақстан Республикасы ҚК 107-бабын талдауда қарастырылған.

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыс құрамы құрылымы бойынша материалдық болып табылады, яғни қылмысты аяқталған деп тану үшін денсаулыққа ауырлығы орташа зиян түріндегі қоғамға қауіпті зардаптардың болуы керек.

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабының 2-бөлігінде көзделген абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіргені үшін жауапкершілік қарастырылған.

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабының 3-бөлігінде көзделген қылмыстық объективтік жағы абайсыздықта адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен сипатталады.

Денсаулыққа ауыр зиянның белгілері Қазақстан Республикасы ҚК 106-бабын талдауда қарастырылған.

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабының 3-бөлігінде көзделген қылмыс құрамы құрылымы бойынша материалдық болып табылады, яғни қылмысты аяқталған деп тану үшін денсаулыққа ауыр зиян түріндегі қоғамға қауіпті зардаптардың болуы керек.

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабының 3-бөлігінде көзделген абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіргені үшін жауапкершілік қарастырылған.

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының **субъектісі** 16 жасқа толған дені сау, есі дұрыс адам.

Қарастырылып отырған құқық бұзушылықтар құрамының субъективтік жағы қылмыстық менмендік немесе қылмыстық немқұрайлылық түріндегі кінәнің абайсыздықта жасалған нысанымен сипатталады

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабының 1-бөлігінде көзделген әрекет қылмыстық теріс қылықтар санатына жатады.

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабының 2-бөлігінде көзделген әрекет қылмыстық теріс қылықтар санатына жатады.

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабының 3-бөлігінде көзделген әрекет онша ауыр емес қылмыстар санатына жатады.

Қазақстан Республикасы ҚК 114-бабының 4-бөлігінде көзделген әрекет онша ауыр емес қылмыстар санатына жатады.

Қорқыту (ҚР ҚК 115-бабы)

Қазақстан Республикасы ҚК 115-бабында көзделген **қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі** адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, сонымен қатар оның мүлкінің бүтіндігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болады.

Қазақстан Республикасы ҚК 118-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының **объективтік жағын** қорқытудан тыс өлтірумен немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, сол сияқты қорқытудың іске асатынына

қауіптенудің жеткілікті негіздері болған кезде адамның жеке басына өзгедей ауыр күш қолданумен не мүлікті өртеп жоюмен, жарылыс жасаумен немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқытудан тұрады.

Қорқыту сол адамның көзінше және сырттай да, ауызша немесе жазбаша да, телефон арқылы да болуы мүмкін. Қазақстан Республикасы ҚК 115-бабына сәйкес «қорқытудың іске асатынына қауіптенудің жеткілікті негіздері болған кезде» ғана қорқыту қылмыстық жазаланатын болады.

Қазақстан Республикасы ҚК 115-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қажетті белгісі қорқытудың шынайылығы болып табылады. Егер қорқытуды жасау қорғануға негіз болса, онда ол шынайы қорқыту болып саналады.

Қорқытудың іске асатынына қауіптенудің жеткілікті негіздерін куәландыратындар: қорқытудың болу тәсілі (мысалы, қаруды көрсету); айыпталушы мен жәбірленушінің өзара қарым-қатынасының сипаты; кінәлінің бұдан бұрынғы мінез-құлқы; кінәлінің жеке басы, оның мінез-құлқының түрі, бұрынғы соттылығы және басқалары.

Қарастырылып отырған әрекет формальді құрамдағы әрекеттер санатына жатады, яғни қорқыту болған сәттен аяқталған болып саналады.

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың **субъектісі** дені сау, есі дұрыс 16 жасқа толған адам.

Субъективтік жағынан қорқыту тек тікелей пиғылмен жасалу мүмкін кінәлі қорқытуды жасайтынын біледі және оны жасауды қалайды. Жанама пиғылмен немесе абайсыздықпен жасалған әрекет қорқытудың құрамын құрай алмайды. Мәселен, субъекті тапаншаны алады да, басқа адамға бағыттайды, бірақ оны қорқытуды қаламайды, (оның қорқып қалуына жол беріп қойса да) ондай нәтиженің болғанын қажет етпейді. Егер кінәлі қорқыту жасап жатқанын сезінсе және оны қаласа (адам өлтіру емес, денсаулыққа ауыр зиян келтіру емес және мүлікті құрту емес, нақты қорқыту), бұл қорқытудың болуынан құтқарылу үшін жеткілікті негіздер болса, әрекет қорқыту құрамының белгілеріне жатады.

Қорқытуды жасау себептері әртүрлі болады, мысалға: қызғанушылық, жеке жек көру қарым-қатынастары, жәбірленушіні үрейлендіру ниеті және т.б.

Қазақстан Республикасы ҚК 115-бабында көзделген әрекет қылмыстық теріс қылықтар санатына жатады.

Азаматтардың жеке басына, құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар біздің қоғамымызға үлкен зиянын тигізеді. Сол себепті мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтармен шешуші күрес жүргізу Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының маңызды міндеті болып табылады. Қылмыспен күресу үшін елімізде қылмыспен тікелей күрес жүргізетін мемлекеттік органдардың жұмысын жақсартудың, сол сияқты қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдірудің маңызы зор. Қылмыстық-құқықтық ғылым тәжірбиеші-заңгерлер қылмыстық заңды

дұрыс қолдануға септігін тигізетіндей құқықтық мәселелерді дайындауы керек [23, 4 б].

2014 жылғы 3-шілдеде қабылданып, қазіргі уақытта қолданып келе жатқан Қазақстан Республикасының ҚК-нде «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауы бірінші тұр, ҚК-тің Ерекше бөлімі содан басталады, бұлай орналасу себебі Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының ережелеріне сәйкестендірілген.

Жалпы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп адамның өмірі мен денсаулығына, жыныстық дербестігіне, бостандығына, ар-намысына қол сұғатын қоғамдық қауіпті әрекеттер танылады. Қылмыстың мұндай түрлерін істеу нәтижесінде адамға айтарлықтай зиян не болмаса өмірге, денсаулыққа заңды құқықтары мен бостандықтарына зиян келтіру қорқынышы туады.

Құрамына қарай жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар материалдық және формальдық болып бөлінеді. Материалдық құрамның объективтік жағы 3 міндетті белгілерден тұрады: 1) қоғамдық қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); 2) қоғамдық қауіпті зардаптар; 3) олардың арасындағы себепті байланыс.

Ал біз қарастырғалы тұрған Қазақстан Республикасының ҚК 120-бабындағы қылмыс формальдық құрамға жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісіне байланысты бұл тарауларды төмендегідей топтарға бөлуге болады: Адам өміріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, Адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар, Жыныстық дербестік пен жыныстық еркіндікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, Адамның және азаматтың жеке бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, Адамның және азаматтың ар-намысына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға бөлінеді.

Жыныстық дербестік пен жыныстық еркіндікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға нақтырақ тоқталып кетейік. Жыныстық қатынас адамзат өмірінің ажыратылмас саласын қамтиды. Олар негізінен адамгершілік қағидаларымен, отбасы заңнамасының некелік, сол сияқты некеден тыс жыныстардың өзара қатынастар туралы нормаларымен реттеледі.

Тұлғалардың бостандығы мен дербес құқықтығы ересек адамның өз сексуалдық қажеттігін кіммен және қалай шешетін жыныстық бостандығын, сондай-ақ ересектердің де сол сияқты кәмелетке толмағандардың да дербес құқықтығын қамтиды. Қылмыстық заңнама (ҚР ҚК 120-124-баптары) осы құқықтарды қоғамда қалыптасқан жыныстық мораль нормаларына қайшы келетін іс-әрекеттерге тыйым салу жолымен шешеді.

Қарастырып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігі мыналармен көрінеді, ол шынында тұлғалардың жыныстық дербес құқықтығы мен бостандығын елеулі түрде бұзады, кәмелетке толмағандарды

²³ *Борчашвили И. С.* Квалификация преступлений против собственности: Монография. — Караганда, 2002. б. 4.

аздырады, олардың адамгершіліктік және іс жүзіндегі дамуына кері әсер етеді, қоғамдық моральды бұрмалайды. Жаңа заңнамаға қарағанда бұрынғы қылмыстық заңда ауырлататын мән-жайлармен жасалған әйел зорлауда өлім жазасына кесу қарастырылған.

Жыныстық дербес құқыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп қылмыстық заңмен көзделген 16 жасқа немесе 14 жасқа толмаған адамдардың жыныстық дербестігіне, ойдағыдай психикалық пісіп-жетілуі мен дамуына, ересектердің жыныстық бостандығына не қоғамдағы қалыптасқан жыныстық қарым-қатынас тәртібіне қоғамға қауіпті қол сұғушылық танылады.

Жыныстық қылмыстың тектік объектісі тұлғалардың дербес құқықтығы мен бостандығы болып табылады.

Бұл қылмыс тобының тікелей объектісі жыныстық дербес құқық пен жыныстық бостандық, ал қосымша объектісінің кейбірісі балалар мен өскіндердің қалыпты өсуі мен адамгершіліктік дамуы болып табылады. Жәбірленушілерге байланысты сипаттамаларды заңның мағынасына қарай әрбір бап бойынша бөлек-бөлек беруге болады, ондайлардың қатарына жас шамасына қарамастан қылмыстық-құқықтық қорғалатын еркектер де әйелдер де жатады.

Жыныстық қылмыстың объективтік жағы сипаттары ҚР ҚК диспозицияларымен немесе баптарымен анықталатын кінәлі адамның заңға қайшы әрекеттерімен сипатталады. Құрамдары негізінен формальды. Кейбір жыныстық қылмыстарда саралаушы белгілер бар деп тану үшін кінәлінің әрекеттері мен саралаушы ретінде көзделетін келтірілген зардаптардың арасындағы себепті байланыстарды анықтау қажет.

Қылмыстың субъективтік жағы тура ниетпен сипатталады. Қылмыстың себебі негізінен сексуалдық бағытта болады, кейде басқаша да болуы мүмкін.

Зорлау — ҚР ҚК 120-бабы

Зорлау — әйелдің жыныстық еркіндігі мен жыныстық дербестігіне қол сұғудың ең ауыр түрлерінің бірі.

Қылмыстық заң бойынша зорлау дегеніміз — жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе күш қолданбақшы болып психикалық қысым жасап (қорқытып) не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып ер адамның әйелмен кәдімгі түрде жыныстық қатынасқа баруы.

Аталған қылмыстың объектісі — әйел жынысты адамның жыныстық еркіндігі мен жыныстық дербестігі. Себебі, ер адаммен жыныстық қатынасқа бару немесе бармау мәселесін әйелдің өзі шешеді дегенді білдіреді.

Жыныстық қатынасқа әйелдің ықтияры болмағандығына, оның ондай әрекетке ешбір келісім бермеуі және жанталасып қарсыласуы дәлел болады. Зорлаудың жәбірленушісі тек әйел жынысты адам ғана болады. Зорлағандық үшін жәбірленушінің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы рөл атқармайды, жезөкшені, көңілдесін және өзінің заңды әйелін зорлағандық үшін де қылмыстық жауаптылық қарастырылған. Қазақстанның қылмыстық заңы кез келген адам-

ның жыныстық еркіндігін, оның оны қалай пайдаланып жүргендігіне қарамастан, қорғайды.

ҚК 120-бабының 2-бөлігінің «1» - тармағына сәйкес, егер қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп орындаушы алдын ала сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады. Ал егер қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

ҚК 120-бабының 2-бөлігінің «2» - тармағына сәйкес, зорлаған кезде қатігездік танытудың белгісі — зорлап жыныстық қатынас жасау кезінде жәбірленушінің немесе басқа адамдардың тәнін, жанын қатты ауырту. Азаптау, қинау, т. б. жан күйзелту — жәбірленушінің қарсылығын басатын тәсіл болып табылады. Әйелді жақын, туыс адамдардың көзінше, әдейі көрсетіп зорлау да аса қатігездікке жатады.

ҚК 120-бабының 2-бөлігінің «3» - тармағына сәйкес, жәбірленушінің сөз ауруын жұқтырып алуына әкеп соғатын зорлау. Қылмыстың бұл нышаны болу үшін кінәлі өзінің сөз ауруымен ауыратынын білуге және оның жұғатынын біле тұра зорлап қылмыстық қатынасқа баруы тиіс. ҚК 120-бабы 2-бөлігінің «3»-тармағымен саралау үшін жәбірленушіге кінәлінің қандай ауру жұқтырғанының маңызы жоқ. Бірақ, егер зорлау кезінде жұққан сөз ауруынан жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келсе, онда ол зорлаудан келген ауыр зардап деп танылуы мүмкін.

Бірнеше рет жасалған зорлау немесе бұрын сексуалдық сипаттағы зорлау әрекеттерін жасаған адамның зорлауы. Егер кінәлі екі немесе одан да көп рет зорлап жыныстық қатынас жасаса, бірақ олардың бірде біреуі үшін сотталмаған болса немесе қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болса ол бірнеше рет жасалған зорлау деп танылады. Егер кінәлі ҚК 121-бабында көзделген қылмысты жасаған болса, онда ҚК 120-бабы 2-бөлігінің «4»-тармағы қолданылады, ал оның сол бірінші қылмысты орындаушы немесе оған қатысушы болғандығының жәбірленушіге оған дейін аяқталған қылмыс жасағандығының маңызы жоқ. Жәбірленушіні белгілі-бір уақыт өткеннен кейін қайта зорлағанда ғана бірнеше рет зорлау болады. Егер жәбірленуші өне бойы бір адамның немесе топтың қол астында болса, ол созылмалы, бір реттік зорлау болып табылады.

Бұл қылмыстың ерекше сараланған түрлері мыналар:

- 1) абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соқса;
- 2) абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге, оның АИТВ/ЖИТС жұқтырып алуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса;
- 3) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса;
- 4) төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалса;
- 5) кәмелетке толмаған адамға қатысты ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге де адам жасаса;

б) қылмыстық топ жасаса

Ал енді осы аса ауырлататын мән-жайларға тоқталып кетейік:

1. Абайсызда жәбірленушінің өлуіне әкеп соқтырған зорлау. Жәбірленушінің өлімі зорлау барысында оның қарсылығын басу кезінде болуға және де мұндай зардаптың болуындағы айыптының кінәсі абайламағандықтан болуға тиіс. Мысалы, зорлау кезінде дене жарақатын алғандықтан жәбірленуші көп қан жоғалтады, соның салдарынан қаза табады. Немесе зорланғаннан кейін, қандай да бір ауруы ушығып, жәбірленуші өледі. Мұндай зардаптың болуына, кейде жәбірленушінің өзі де себепкер болады.

2. Абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге, оның АИТВ/ЖИТС жұқтырып алуына немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соғатын зорлау. Бұл жағдайда өзінше бөлек-бөлек үш ауырлататын мән-жай қарастырылған және бұл зардаптарға қатысты кінә абайсыздық болуға тиіс. Зорлау факторы мен денсаулыққа ауыр зиян келтіру арасындағы қажеттік байланыс анықталған жағдайда ғана бұл үш мән-жай зорлаудың ерекше ауыр зардаптары деп саналады.

Жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян тікелей зорлау кезінде де, не зорлау кезінде алынған жарақаттың салдарынан, кейін де келуі мүмкін. «Адамның денсаулығына зиян» түсінігі сот медицинасы бойынша анықталады, оған не дене жарақаты, органдар мен тіннің анатомиялық бүтіндігінің немесе олардың қызметінің бұзылуы, не науқасы немесе паталогиялық күй жатады. Жәбірленушінің өміріне қауіпті, одан өліп кетуге болатын зиян ауыр зиян деп саналады.

Жәбірленушіге АИТВ/ЖИТС ауруын жұқтыру дегеніміз-зорлап жыныстық қатынас жасағаннан кейін жәбірленушінің ВИЧ жұқпалы аурумен немесе ЖҚТБ-мен науқастануы.

Өзге ауыр зардаптар дегеніміз, бұл жағдайда, жәбірленушінің немесе оның туыстарының біреуінің өзін-өзі өлтіруі.

3. Көрінеу кәмелетке толмағанды зорлау. 14 жастан 18 жас аралығындағы адаммен күш қолданып жыныстық қатынасқа бару-кәмелетке толмағанды зорлау деп танылады. Бұл ретте кінәлі өзінің кәмелетке толмағанды зорлап отырғанын білуге тиіс.

Кәмелетке толмағанды зорлаудағы ниет кінәлінің кәмелетке толмағанға күш қолданып, оны өзінің зорлап жыныстық қатынас жасағандығын ұғынып, соны тілеуінде. Егер кінәлі жәбірленушінің жас шамасын шынымен білмей

қалған болса, онда жәбірленушінің кәмелетке толмағандығы кінәлінің әрекетін ҚК 120-бабы 2-бөлігінің осы тармағы бойынша саралауға негіз бола алмайды.

4) Төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында зорлау қылмысы жасалса, онда ҚР ҚК 120-бабының 3-бөлігінің 4-тармағы бойынша жауаптылыққа тартылады. Төтенше ахуал жағдайларын пайдаланып немесе жаппай тәртіпсіздік барысында зорлау. Төтенше ахуал жағдайларын пайдаланып немесе жаппай тәртіпсіздікті пайдалану, бір жағынан, кінәлінің қылмыстық ниеті жүзеге асыруын жеңілдетеді, екінші жағынан, өзінің жазаланбай қалатынына сенімділігін арттырады. Төтенше ахуал жағдайларын пайдаланып немесе жаппай тәртіпсіздік өздігінен қылмысқа итермелейді, бірақ қылмыс жасау үшін ыңғайлы жағдай тудырады

5) Ал егер Қазақстан Республикасының заңымен немесе өзге нормативтік құқықтық актілермен тәртіпсіздік іс шараларды жүргізу жүктелген адам зорлау қылмысын кәмелетке толмаған адамға қатысты жасаса (мысалы: ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер жүктелген өзге де адам жасаса).

6) ҚР ҚК 3-бабының 24-тармағына сәйкес қылмыстық топ – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерлендірілген құралым.

ҚР ҚК 120-бабының 4-бөлігінде осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар көрінеу жас балаға қатысты жасалса деп көркілетілген, яғни жәбірленушінің 14 жасқа толмағанын көрінеу біле тұрып зорлау. Жасы 14-ке толмағандарды заң жас балалар санатына жатқызады, олардың дене бітімінде, психикасы да әлі жетіп толыспаған. 14 жасқа толмаған қыз баланың жыныстық жетілмегендігін сот-медициналық сараптама анықтамайды, себебі физиологиялық тұрғыдан олар қай жағынан алса да жыныстық жетілмеген деп саналады. 14 жасқа толмаған адамды зорлап отырғандығын өзі білетінін субъективтік жағынан анықтау қажет. Егер кінәлі жәбірленушінің дене бітіміне қарап немесе оның жас шамасын шындығында біле алмай қалса, бұл ауырлататын мән-жай есепке алынбайды.

Зорлаудың объективтік жағы жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жәбірленушімен жыныстық қатынас жасауды көрсетеді. Бұл ретте әйел мен ер адамның келісім бойынша, кәдімгідей бірігуін жыныстық қатынасқа бару деп түсіну қажет. Егер жыныстық қатынас әйелдің ықтиярыңызсыз, оған күш жұмсалып немесе оны не басқа адамдарды қорқытып, не оның дәрменсіз күшін пайдаланып жасалса, ол зорлау болып танылады. Алдап немесе өзіне деген сенімді теріс пайдаланып жыныстық қатынасқа барудың әйелдің келісімін алса, онда зорлағандық болмайды.

Зорлау кезінде күш жұмсау дегеніміз — ұрып-соғып жәбірленушінің денесіне әр түрлі дәрежедегі жарақат түсіру. Бұл ретте оның тәнін ауыртады, бостандығын шектейді, байлап тастайды, қылқындырады, қысқасы,

жәбірленушінің қарсылығын басу немесе қарсыласуына мүмкіндік бермеу үшін әр түрлі әрекеттер жасайды.

Зорлау жасау үшін күш қолданудың бір тәсіліне заң психикалық қысым жасауды да жатқызады. Жәбірленушінің қарсылығын басу үшін оны сөзбен қорқытады, оған қару көрсетеді, ұрмақшы болып ұмтылады, т. б. қимылдар жасайды, ондағы мақсат — күш жұмсаудан қайтпайтындығын көрсету. Қорқытуды зорлауды тәсілі ретінде пайдаланғанда оның заңсыз болуы тікелей, қорқынды көрсетілуі, ол нақты және шындық болуы тиіс. Тек сондай қорқыту ғана әйелді дәрменсіз етеді. Мүлкінді жоямын деп қорқыту немесе жәбірленушіні маскаралайтын деректерді мәлім етемін деп қорқыту, яғни арандатушылықпен жыныс қатынасын жасау зорлау болып танылмайды. Мұндай әрекеттерді жасаймын деп қорқыту әйелді дәрменсіз жағдайға душар етпейді, себебі оның өзін-өзі сақтап қалу шараларын қабылдауға немесе басқалардан көмек сұрауға мүмкіндігі болады.

Күш жұмсау немесе күш жұмсаймын деп қорқыту тек жәбірленушіге ғана қатысты емес, басқа адамдарға да (туыстарына, жақындарына, таныстарына) қатысты болуы мүмкін.

Жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып зорлау дегеніміз — өзінің дене бітіміне немесе психикалық жағдайына байланысты жәбірленуші өзіне қатысты жасалған әрекетінің сипатын ұғына алмайды немесе оның қарсылық көрсетуге мұршасы жоқ. Дене бітіміне байланысты дәрменсіздік таныту — ауырғандықтан, қан жоғалтқандықтан, шаршап қалжырағандықтан, сондай-ақ кәріліктен және басқа да себептерден, яғни бойда қайрат-күштің жоқтығынан кінәліге қарсылық көрсете алмау.

Ал, психикалық дәрменсіздікте, әйел өзінің психикасындағы ерекше өзгерістерге байланысты өзімен қандай әрекеттің жасалып жатқандығын ұғына алмайды. Оған ұйқыны, талып қалуды, есірткіге немесе ішімдікке мас болуды, ақылкемдігін, әлі сәбилігін немесе басқадай да психикасының қалыпты жағдайда еместігін жатқызуға болады.

Дәрменсіз күйге жәбірленушінің естен танып қалу жағдайы да кіреді, бұл ретте ол өзі айтар ойын жеткізе алмайды. Жәбірленуші дәрменсіз күйде болғанда, кінәлі өз мақсатына жету үшін оны қорқытпайды немесе оған күш қолданбайды, себебі ол өз ойын жеткізе алмайды не қарсылық көрсете алмайды. Әйелдің дәрменсіз күйде болуы себепті ғана өзінің жыныстық қатынасқа барып отырғандығын кінәлі ұғынады. Қылмысты саралау үшін жәбірленушінің не себепті дәрменсіз күйге душар болғандығының маңызы жоқ.

Қылмыстық заң алдап зорлағандық үшін жауаптылық көздемейді. Бірақ, алдау нәтижесінде жәбірленуші дәрменсіз күйде қалса, онда дәрменсіз күйдегі адамда зорлаудың орын алуы мүмкін.

Жыныстық қатынас басталған кезден зорлау аяқталған қылмыс болып саналады. Жыныстық қатынастың физиологиялық мағынада аяқталуы зорлауды аяқтайды деп тану үшін қажетті емес. Егер кінәлі, әйелді қорқытып, оған күш қолданып немесе оның дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасауға әрекет қылса, бірақ ол оған байланысты емес себептермен (әйел

қарсылық көрсетіп, басқа біреу келіп қалып, физиологиялық факторлар себебін) жүзеге аспай қалса, мұндай іс-әрекет қылмысқа оқталғандық ретінде ҚР ҚК және баптары бойынша сараланады.

Зорлауға оқталғандық деп тану үшін кінәлі әрекетінің сондай мақсатқа бағытталғандығын және оның қорқытуды, күш қолдануды немесе әйелдің дәрменсіз күшін пайдалануды сондай мақсатқа жету үшін қолданған-қолданбағандығын анықтау қажет. Зорлауға оқталуды ер адамның әйелдің ар-ожданына, намысына тиісіп, жыныстық дәрбестігін сыйламай (кемсіту, ұрып-соғу, бұзақылық, денсаулығына қасақана зиян келтіру, заңсыз бостандығын шектеу, т. б.) оны өзімен жыныстық қатынасқа баруға көндірмекші болған әрекетпен ажырату қажет. Зорлауға оқталғандықты, сонымен қатар, қылмыстан өз еркімен бас тартудан да ажырату қажет (ҚК 26-бабы). Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту оны жасауға оқталғандық үшін жауаптылықтан босатады, бірақ егер оның әрекетінде басқа қылмыстардың (денсаулыққа зиян келтіру бұзақылық, қорқыту, т. б.) нышаны болса, кінәлі сол іс-әрекеттері үшін жауаптылық көтереді.

Субъективтік жағынан зорлау әрқашан тікелей ниетпен жасалады, сондақтан да ол өзінің заңдық болмысы жағынан формальды қылмыстар қатарына жатады. Кінәлі өзінің жыныстық қатынасты жәбірленушіні қорқытып немесе оған күш қолданып не оның дәрменсіздігін біліп жасағандығын ұғынады, соған қарамастан жыныстық қатынасқа баруды қалайды. Зорлаудағы негізгі себеп — кінәлінің өзінің немесе басқа адамдардың жыныстық тәбетін қанағаттандыру. Ал, оның жанама себептері — бұзақылық, біреуден өш алу, біреуді масқаралау, т. б. болуы мүмкін.

Бұл қылмысты жасаудағы мақсат — кінәлі өзінің немесе басқа адамдардың жыныстық қатынасқа құштарлығын салу.

Зорлаудың субъектісі — зорлап әйелмен жыныстық қатынасқа барған адамдар, сондай-ақ жәбірленушіні зорлау кезінде оларға көмектескен адамдар. Көмектескендер әйелдер де болуы мүмкін. Зорланғандық үшін жауаптылық 14 жастан басталады.

Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері — ҚР ҚК 121-бабы

Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігі сонда, оны жасау барысында кінәлі өзінің жыныстың құштарлығын қанағаттандыру үшін күш қолданылады, не қолданамын деп қорқытады немесе жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланады. Екі жыныстың да жастары кәмелетке толмаған адамдарының өз еріктері бойынша бір-бірімен, яғни ер адамның ер адамның ер адаммен, әйелдің әйелмен жыныстық қатынаста болуы заңды қылмыс деп қарастырылмаған.

Бұл қылмыстың объектісі — еркектер арасындағы жыныстық қатынаста — әрекеттің жыныстық еркіндігі мен жыныстық дербестігі, әйелдер арасындағы қатынаста — әйелдің жыныстық дербестігі, басқадай сексуалдық

әрекеттерде — әйелдің немесе еркектің жыныстық еркіндігі мен жыныстық дербестігі.

Қылмыстың объективтік жағы еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы немесе жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе қолданбақшы болып, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жасаған сексуалдық сипатындағы өзге де әрекеттермен сипатталады.

Еркек пен еркек жыныстық қатынасқа барған кезде белсенді серіктің жыныс мүшесі пәс серіктің артқы тесігіне (тік ішекке) енгізіледі. Еркектер арасындағы басқадай гомосексуалдық әрекеттер еркектер арасындағы жыныстық қатынасқа жатпайды. Бұл жерде жәбірленуші тек еркек қана болады.

Еркек пен еркектің жыныстық қатынасын педерастия дейді. Гомосексуализм — еркек пен еркектің жыныстық құштарлығын қанағаттандыру, сондай-ақ әйел мен әйелдің бір-бірінің жыныстық құштарлығын қанағаттандыру. Осыған қарап еркектер гомосексуализмі және әйелдер гомосексуализмі болады.

Еркек пен еркектің жыныстық қарым-қатынасы кезінде физикалық күш көрсету мен қорқытуды зорлау кезіндегідей деп түсіну керек.

Еркек пен еркектің жыныстық қатынасы кезіндегі қорқыту психикалық күш көрсету жәбірленушінің қарсы физикалық күш көрсетуінен байқалады.

Әйел мен әйелден арасындағы жыныстық қатынаста (лесбияндық) әртүрлі сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасау арқылы әйелдер бірінің жыныстық құштарлығын бірі қанағаттандырады. Мұндай күш қолдану әрекеттері орын алса, жәбірленуші тек әйел ғана болады.

Жыныстық қатынастың басқа әрекеттіне барлық еркек пен әйел, еркек пен еркек арасындағы қатынастар жатады²⁴.

Бұл қылмыстың субъективтік жағы тек тікелей ниет нысанындағы кінәні ғана қарастырады. Кінәлі (әйел немесе еркек) күш қолданып, не қолданамын деп қорқытып немесе жәбірленушінің (әйелдің немесе еркектің) дәрменсіз күйін пайдаланып жоғарыда аталған қылмысқа барғанын ұғынады, соны жасауды тілейді.

Қылмыстың субъектісі — жасы 14-ке толған адам. Еркектер арасындағы жыныстық қатынасында тек еркектер ғана, әйелдер арасындағы жыныстық қатынасында тек әйелдер ғана, ал сексуалдық сипаттағы басқадай әрекеттерде әйел де, еркек те қылмыс субъектісі бола алады.

Сексуалдық әрекет басталған кезден бастап қылмыс аяқталған болып саналады.

Сексуалдық сипаттағы күш қолдану әрекеттерінің белгілі зорлау құрамының тиісті белгілеріне ұқсас келеді. Олардың айырмашылығы объективті белгілерде (әрекеттердің сипатында) және зорлаудың жәбірленушісі тек әйел адам ғана болса, ал сексуалдық сипаттағы күш қолдануда екі жыныстың адамдары да жәбірленуші бола алады.

²⁴ Комментарий к Уголовному кодексу РК / Под ред. И. И. Рогова, С. М. Рахметова. — Алматы, 2004. Кн. 1. 307-бет.

Сексуалдық сипаттағы күш қолдану әрекеттерінің сараланған белгілері ҚР ҚК 121-б. және 2-б. және 3-б. көрсетілген.

ҚР ҚК 121-б. 2-бөлімінде сексуалдық сипаттағы күш қолдану әрекеттерінің мына анықталған түрлері қарастырылады:

- 1) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 2) өлтіру қатерін төндірумен ұласқан, сондай-ақ жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты аса қатыгездікпен жасалған;
- 3) жәбірленушінің сөз ауруын жұқтырып алуына әкеп соққан;
- 4) бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекеттер;

ҚР ҚК 121-б. 3-бөлімі сексуалдық сипатындағы күш қолданудың ерекше белгіленген мына түрлері үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырады:

- 1) абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соқса;
- 2) абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге, оның АИТВ/ЖИТС жұқтырып алуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса;
- 3) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса;
- 4) төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалса;
- 5) кәмелетке толмаған адамға қатысты ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаса;

б) қылмыстық топ жасаса. Бұл белгілер (ҚР ҚК 120-б. көрсетілген анализ құрамында қарастырылған). ҚР ҚК 120-б. қылмыс құрамын талдауда көрсетілген.

Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау — ҚР ҚК 122-бабы

Көрсетілген қылмыстың қоғамдық қауіптілігі сонда, жыныстық қатынаспен ерте араласу кәмелетке толмағанның денсаулығына және өсуіне теріс ықпалын тигізеді.

Қылмыстың объектісі — кәмелетке толмағанның жыныстық дербестігі, оның өмірі және денсаулығы.

Қылмыстың объективтік жағы сексуалдық сипаттағы үш әрекетті қамтиды, олар:

- 1) жыныстық қатынасқа өз еркімен бару;
- 2) еркек пен еркек арасындағы жыныстық қатынас; егер олар 18 жасқа толған адамның көрінеу 16 жасқа томаған адаммен жыныстық қатынас жасалған болса;
- 3) әйел мен әйел арасындағы жыныстық қатынас, егер олар 18 жасқа толған адамның көрінеу 16 жасқа томаған адаммен жыныстық қатынас жасалған болса;
- 4) сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер.

Өз еркімен жасалған сексуалдық сипаттағы басқадай әрекеттер егер кінәлі жәбірленушінің 16 жасқа толмағанын білмеген болса, ол үшін

қылмыстық жауаптылық болмайды. Өз еркімен жасалған сексуалдық сипаттағы басқадай әрекеттер үшінде қылмыстық жауаптылық болады. Бұл қылмысты зорлаудан ажырататын бір нысан, ол-еріктілік.

Еркек пен еркек жыныстық қатынасқа барғанда белсенді серіктің жынысы пәс серіктің артқы тесігіне (тік ішекке) енгізіледі.

Әйел мен әйел арасындағы жыныстық қатынаста «лесбияндық» әр түрлі сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасау арқылы әйелдер, бірінің жыныстық құштарлығын бірі қанағаттандырады.

Сексуалдық сипаттағы өзге әрекеттері бір жынысты және әр жынысты серіктердің жыныстық құштарлығын қанағаттандыру әдістері саналды.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі өзінің 16 жасқа толмаған адаммен осы баптың диспозициясында көрсетілген жыныстық әрекеттерді жасап отырғандығына ұғынады, соны тілейді.

Бұл қылмыстың субъектісі — кәмелетке толған әйел де, еркек те болады.

Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау әрекеттерінің сараланған белгілері ҚР ҚК 122-б. және 2-б. және 3-б. көрсетілген.

ҚР ҚК 122-бабының 2-бөлігінде, он алты жасқа толмаған адамға қатысты ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған дәл сол іс-әрекеттер.

ҚР ҚК 122-бабының 3-бөлігінде, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, бірнеше рет жасалған іс-әрекеттер.

Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді бірнеше рет жасау деп - бұрын осындай әрекеттерін жасаған адамның тағыда жасауын айтамыз. Атап айтқанда, егер кінәлі екі немесе одан да көп рет Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасаса, бірақ олардың бірде біреуі үшін сотталмаған болса немесе қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болса ол бірнеше рет жасалған деп танылады.

Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету — ҚР ҚК 123-бабы

Мәжбүр ету деген сөз — бірдемені жасау қажеттігін тудыру. Бірін-бірі психикалық қысым жасау арқылы жыныстық қатынасқа баруға мәжбүр ету. Бірақ мәжбүр етудің барлығы бұл қылмыстың құрамын бірдей бермейді, тек осы баптың диспозициясында көрсетілген әрекеттермен байланыстылары ғана қылмыстың құрамын береді.

Қылмыстық объектісі — жыныстық қатынасқа немесе әйел мен әйел арасындағы жыныстық қатынасқа мәжбүр еткенде-әйелдің жыныстық еркіндігі еркек пен еркектің арасындағы жыныстық қатынасқа мәжбүр еткенде — еркектің жыныстық еркіндігі, сексуалдық сипаттамағы басқа әрекеттерді

жыныстық қатынас жасауға мәжбүр еткенде әйелдің немесе еркектің жыныстық еркіндігі (дербестігі).

Қылмыстың объективтік жағы — адамды бопсалау, оған мүлкін жою, бүлдіру немесе алып қою қатерін төндіру арқылы не жәбірленушінің материалдық немесе өзгедей тәуелділігін пайдаланып жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді жасауға мәжбүр етуден көрінеді.

Мәжбүрлеудің тәсілдері: 1) бопсалау, 2) мүлікті жоямын, бүлдіремін немесе тартып аламын деп қорқыту; 3) жәбірленушінің материалдың немесе өзге тәуелділігін пайдалану.

Бопсалау жолымен мәжбүрлегенде жәбірленушінің немесе басқа адамдарың беделін түсіретін, аларды жұрт алдында масқара қылатын деректерді жария етемін деп құрбанын өзімен немесе басқа адамдармен жыныстық қатынас жасауға мәжбүрлейді.

Мүлікті жоямын, бүлдіремін немесе тартып аламын деп қорқыту арқылы мәжбүрлегенде кінәлі жыныстық қатынасқа барудан бас тартса, меншікке қарсы бағытталған осы әрекеттердің біреуін (тонау, ұрлау, автомобилін тартып алу, мүлкін қасақана бүлдіру, т. б.) қалайда жасаймын деп уәде береді.

Материалдық немесе басқадай тәуелділікті пайдаланып мәжбүрлеу кінәлінің материалды, құрметтік және өзге тәуелділіктен адамды, онын заңды құқықтары мен мүддесіне нұқсан келтіретін қандай да бір әрекеттер жасаймын деп қорқытқанда ғана болады.

Жәбірленушінің материалдық тәуелділігі оның кінәлінің толықтай немесе жарым-жартылай асырауында болады, онымен бірге, соның үйінде тұруы немесе тұрмыс ахуалының жақсаруы не нашарлауы соған байланысты болған жағдайдар, т. б. жатады (материалдық).

Қызметтік тәуекелділікке жәбірленушінің кінәліге жұмыс бойынша бағынышты болуы жатады, кінәлі оның қызметін, айлық жалақысын көтере немесе төмендете алады, басқа да жеңілдіктер жасауға оның мүмкіндігі бар.

Өзге тәуелділік бір адамның екінші адамға тәуелділігінің басқа барлық жақтарын қамтиды. Бұл жерде жай азамат өкімет өкіміне, баланың ересек адамға, спротшының жаттықтырушыға, студенттің мұғалімге тәуелділігі, т. б. болуы мүмкін.

Сексуалдық сипаттағы өзгеде әрекетті жасауға мәжбүрлеу басталған кезден бастап аяқталған қылмыс болып саналады.

Қылмыстың субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі адам (әйел немесе еркек) бопсалау немесе қорқыту тәсілдерін, т. б. пайдалана отырып, осы бапта көрсетілген әрекеттерді: жасауға басқа адамды мәжбүрлеп отырғанын ұғынады, оны сол әрекеттерді жасауға мәжбүрлеуді тілейді.

Бұл қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға толған еркек те, әйел де бола алады. Жәбірленушінің материалдық және өзге де тәуелдігін пайдаланып, оны сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасауға мәжбүрлеу болу үшін субъектіге жәбірленушіні тәуелді ететіндей, жоғарыда көрсетілген қасиеттер болуы шарт.

124-бап. Жас балаларды азғындық жолға түсіру

1. Көрінеу жас балаға қатысты күш қолданбай азғындық әрекеттер жасау

— белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Жас балаға қатысты ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған дәл сол іс-әрекет —

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, бірнеше рет жасалған іс-әрекеттер —

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігі сол - балалар өздерінің қорғансыздығынан, бірдемені білуге құштарлығынан өздерімен жасалған нәпсіқұмарлық әрекеттердің мәнін жете түсіне алмайтындығынан қылмыстың оп-оңай құрбанына айналады. Азғындық әрекеттер бала психикасын бұзады.

Бұл **қылмыстың объектісі** - жас балалардың, яғни жасы 14-ке толмаған адамдардың өнегелі болып, дұрыс өсуі. Қыз бала да, ұл бала да бұл қылмыста жәбірленуші болады.

Қылмыстың **объективтік жағына** күш қолдануда азғындық іс-әрекеттер жасау, яғни жыныстық қатынастар мен еркек пен еркек арасындағы жыныстық қатынастардан басқа нәпсіқұмарлық сипаттағы әрекеттерді өз еркімен жасау жатады.

Азғындық әрекеттер тікелей қимыл арқылы және интеллектуалдық сипатта жасалынды. Қимыл арқылы азғандық әрекеттер жасағанда нәпсіқұмарлық сипаттағы әдепсіз қимылдар жасалынады (жыныстық мүшені сипау, т. б.), құштарлықты алады. Интеллектуалдық сипаттағы әрекетте әдепсіз сөздер айтылады, ұятты суреттер көрсетіліп, фильмдер пайдаланылады, т. б. Сонымен қатар қазіргі уақытта мұндай әрекеттерді құқық бұзушылардың көпшілігі әлеуметтік желілерді пайдаланатыны жасырын емес. Ересек адамдардың интернет желілері арқылы (әр-түрлі мессенджерлер) балаларды азғындыққа тартып, интимдік мәндегі хаттардың жазылуы. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасындағы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің мәліметі бойынша 2016 жылы қылмыстық кодекстің осы бабы бойынша 158 қылмыстық іс қозғалған. Оның ішінде 18 қылмыс интернет арқылы жасалған, 13-і сотқа жөнелтілген.

Қандай да бір теріс зардаптардың болған-болмағандығына қарамастан, азғындату әрекет басталған кезде бұл қылмыс аяқталған болып саналады.

Мысалы: Алкогольдік қызулық жағдайындағы Ш. аулада ойнап жүрген кәмелетке толмаған балаларды көріп, 2001 ж. туылған Г-ны шақырып, қараңғы жерге әкеледі де, киімдерін шешіп, жыныстық мүшелеріне тиіседі. Содан соң, «жәбірленушіні киіндіріп, болған жағдайдың ешкімге тіс жармауын ескертеді. Ш-ның әрекеті 2002 жылдың Алматы қалалық аудандық соттың үкімі бойынша ҚР ҚК 124-бабымен (жас балаларды азғындату) сараланған.

Қылмыстық *субъективтік жағдай* тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі өзінің жасқа толмаған адамға қатысты азғындату әрекеттерін жасап отырғандығын ұғынады сандай әрекеттер жасауды тілейді. Бұл қылмысты жасаудағы себеп - нәпсіқұмарлық сипаттағы ниеттің болуында немесе басқадай да себептер (мысалы, жәбірленушінің ата анасынан оны алуы).

Бұл *қылмыстың субъектісі* - қай жыныстан болса да жасы 16-ға жеткен адам.

Бірақта кейбір жағдайларда қылмыс субъектісі қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 4 Нормативтік қаулысы «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» бойынша келесі жағдайларда босатылуы мүмкін:

«Жас немесе кәмелетке толмағанды зорлағаны немесе осындай жастағы адамдарға қатысты жасалған өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері үшін жауаптылық, тек кінәлі қылмыс жасағанға дейін жәбірленушілердің жасы жөнінде білсе ғана орын алуы мүмкін.

Жәбірленушілердің дене бітімінің дамуы мен бет әлпетінің қалыптасуы оның нақты жасына сәйкес келмеуі кінәлінің жәбірленушілердің шын жасы жөнінде хабардар болуын куәландыратын басқа да мәліметтердің жиынтығымен бірге бағалануға жатады».

Бұдан бөлек, қылмыстық кодекстің 120 және 121-баптары бойынша 14 жасқа дейінгі балаларға қорлық көрсеткендерді өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. 71-бапқа сәйкес, қанша жыл өтсе де құқық бұзушы жасаған қылмыстың ешқашан «мерзімі өткен» деп есептелмейді.

2016 жылы Қылмыстық кодекстің 124 бабы, яғни жас балаларды азғындық жолға түсіру бойынша 158 қылмыстық іс қозғалған. Оның ішінде 18 қылмыс интернет арқылы жасалған, деп хабарлайды Вақ.kz тілшісі.

Қазіргі уақытта педофилдердің көпшілігі әлеуметтік желілерді пайдаланатыны жасырын емес. Ересек адамдардың интернет арқылы балаларды азғындыққа тартып, интимдік мәндегі хаттар жазуы қылмыс болып саналады. Олар Қылмыстық кодекстің 124 бабы «Жас балаларды азғындық жолға түсіру» бабы бойынша жазаланады.

Бұдан бөлек, қылмыстық кодекстің 120 және 121-баптары бойынша 14 жасқа дейінгі балаларға қорлық көрсеткендерді өмір бойына бас

бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. 71-бапқа сәйкес, қанша жыл өтсе де педофилдер жасаған қылмыстың ешқашан «мерзімі өткен» деп есептелмейді.

Сонымен бірге, балаларға қатысты жасалатын қылмыстардың алдын алу үшін өткен жылы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің порталында педофилдердің электронды мәлімет базасы іске қосылды. Онда 1200 адам туралы ақпарат (сурет, аты-жөні, туған күні, тұрғылықты жері және сотталуы туралы мәлімет) бар. Осыған қоса, Қазақстанда педофилдерді химиялық піштіру нормасын қарастыратын заң да қабылданды. Бірақ химиялық піштіру 2018 жылдан бастап қана енгізіледі.

Вақ.kz сайтында жарияланған авторлық материалдардың барлық құқықтары қорғалған және ақпарат агенттігінің меншігі болып табылады. Көшіріп басу редакцияның рұқсатымен жүзеге асады. Материалды көшіріп басу кезінде Вақ.kz сайтына төте сілтеме көрсету талап етіледі.

125-бап. Адамды ұрлау

1. Адамды ұрлау – төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып;
- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 6) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- 7) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 8) пайдакүнемдік ниетпен жасалған дәл сол іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

- 1) қылмыстық топ жасаса;
- 2) ұрланған адамды қанау мақсатында жасалса;
- 3) абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Адам ұрлау-адамды анықтан-анық немесе құпия түрде, сондай-ақ алдап, оның тұрған жерінен алып кетуге бағытталған заңға қайшы қасақана әрекет, сонымен қатар оны еріксіз бір жерден екінші жерге алып барып ұстау. Жеке бас

бостандығы дегеніміз — адамның қай жерде болса да тұруға жүруге және кез келген жаққа баруға құқығы.

Қылмыстың *объектісі* — адамның жеке бас бостандығы. Қосымша (факультативтік) объект ретінде сол ұрланған адамның өмірі мен денсаулығы арынуы мүмкін. Жәбірленуші жасына, жынысына, қызмет орнына, т. б. қарамастан кез келген адам бола алады.

Қылмыстың *объективтік жағы* — адамды болып алумен және оның тұрақты немесе уақытына тұратын орнынан басқа жерге оны ықтиярсыз ауыстыру арқылы бас бостандықтан айыру әрекеттерімен сипатталады. Адамды ұрлап алған кезден бастап бұл қылмыс аяқталған болып саналады. Ең бастысы-ұрлау фактісі ал жәбірленушінің кінәлі қарамағында қанша уақытта болғандығы маңызды емес. Өзін ұрлауға адамның өз еркімен келісуі бұл қылмыстың құрамын жояды. Басқа ата-ананың жақын туыстардың тәрбиесінде болған және олардың қамқорлығындағы баланы оның өз ата-анасының келісімінсіз ұрлау, адам ұрлағандыққа жатпайды.

Адам ұрлағанда, көбіне, оның денсаулығына ауыр зиян келтіремін, зорлаймын немесе басқа да себептерімен де жасалуы мүмкін, бірақ бұл ұрлаудағы мақсат әр түрлі болуы мүмкін.

Қылмыстың *субъективтік жағы* тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі өзінің басқа адамды заңсыз басып алып, келісімін бермесе де оны басқа жерге алып барғанын ұғынады, соның болғанын тілейді. Бұл қылмыстың себебі — тек пайда табу. Бұл қылмыс басқа себептермен де жасалуы мүмкін, бірақ саралаушы ҚР ҚК 125-бабы 3-бөлігінің «з»-тармағынан басқа жағдайларда, олар қылмысты саралауға әсер етпейді.

Қылмыстың *субъектісі* — жасы 14-ке толған, есі дұрыс адам.

126-бап. Бас бостандығынан заңсыз айыру

1. Адамды оны ұрлауға байланысты емес бас бостандығынан заңсыз айыру –

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып;
- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 6) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- 7) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 8) пайдакүнемдік ниетпен;
- 9) жәбірленушінің материалдық немесе өзгедей тәуелділігін пайдаланып

жасалған дәл сол іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

1) қылмыстық топ жасаса;

2) заңсыз бас бостандығынан айырылған адамды қанау мақсатында жасалса;

3) абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Адамды ұрлаумен байланысты емес жағдайда оны бас бостандығынан заңсыз айырғандық үшін қылмыстық жауаптылық ҚК 126-бабында қарастырылған. Бұл қылмыс бірқатар белгілер бойынша адам ұрлаумен аралас болып келеді.

Қылмыстың *объектісі* — адамның жеке бас бостандығы

Қосымша объект ретінде сол ұрланған адамның өмірі мен денсаулығы алынуы мүмкін. Жәбірленуші жасына, жынысына, қызмет орнына, т. б. қарамастан кез-келген адам бола алады.

Қылмыстың *объективтік жағды* адамды басып алумен және оның тұрақты немесе уақытша тұратын орнынан басқа жерге оны ықтиярсыз ауыстыру арқылы бас бостандықтан айыратын әрекеттермен сипатталады. Адамды басып алған кезден бастап бұл қылмыс аяқталған болып саналады. Ең бастысы — ұрлау фактісі, ал жәбірленушінің кінәлі қарамағында қанша уақыт болғандығы маңызды емес.

Өзін ұрлауға адамның өз еркімен келісуі бұл қылмыстың құрамын жояды.

Басқа ата-ананың немесе жақын туыстардың тәрбиесінде болған және олардың қамқорлығындағы баланы оның өз ата-анасының немесе оны асырап алған адамның, басқалардың келісімінсіз ұрлауы адам ұрлағандыққа жатпайды.

Адам ұрлағанда көбінесе оның денсаулығына ауыр зиян келтірілетін, зорлайтын немесе басқа да қылмыстық әрекеттер жасаймын деген қорқыту айтылады. Және де бұл ұрлаудағы мақсат әр түрлі болуы мүмкін.

Қылмыстың *субъективтік жағды* тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі өзінің басқа адамды заңсыз басып алып, келісімін бермесе де оны басқа жерге алып барғанын ұғынады, соны тілейді. Бұл қылмысты жасудағы себеп — пайда табу, бұзақылық, өш алу және басқадай болуы мүмкін.

Қылмыстың *субъектісі* — 16 жасқа толған, есі дұрыс адам. Бас бостандық құқығының лауазымды адамдар тарапынан бұзылуы бұл қылмыстық құрамның белгілеріне жатпайды. Қызметтік жағдайын пайдалану арқылы бас бостандығынан адамды заңсыз айырғаны үшін лауазымды адамдар ҚР ҚК 346-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық көтереді.

127-бап. Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру

1. Адамды психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру немесе онда заңсыз ұстау –

үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол іс-әрекет, егер ол:

1) пайдакүнемдік ниетпен немесе өзге де жеке мүдделілікпен жасалса;

2) адам оларды өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаса;

3) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса;

4) абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16-сәуірдегі «Психиатриялық көмек көрсету және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына кепілдік беру туралы» Заңында психикасы бұзылған адамды психиатриялық стационарға орналастырудың тәртібі мен негізі анықталған.

Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру немесе заңсыз ұстау азаматтардың жеке бас бостандығына қол сұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекет болып табылады.

Қылмыстың *объектісі* адамның жеке бостандығы болып табылады.

Бұл қылмыстың *объективтік жағы* психикасы бұзылған адамды психиатриялық стационарға орналастыру тіптен мәжбүрлеп орналастыру. Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі, біріншіден, сап-сау адамды көрінеу психиатриялық стационарға оның еркінсіз көрінеу орналастырумен, екіншіден, психиатриялық стационарда заңда көрсетілмеген негіздермен ұстаумен көрінеді. Тек мына жағдайларда ғана мүмкін болады: медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан соң қолданған жағдайда (ҚК 92-бап); сот шешімі қабылданғанға дейін, егер адамның психикасы қатты бұзылған болып, оны тексеру немесе емдеу тек стационар жағдайында ғана мүмкін болса.

Психикасының бұзылуына байланысты психиатриялық стационарға орналастырылған адамды дәрігер-психиаторлар комиссиясы 48 сағаттың ішінде тексеріп шығуға міндетті. Егер комиссияның тұжырымы бойынша адам стационарлық емдеуді қажет етпесе, ол шығарылуы тиіс. Қорытынды сотқа 24 сағаттың ішінде жіберіледі. Психиатриялық стационар өкілінің арызын сот науқасты, оны заңды өкілін, прокурорды қатыстырып 5 күн ішінде қарайды, тиісті шешім қабылдайды.

ҚК 127-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстың құрамы формальды, яғни психиатриялық стационарға жатқызылған кезден бастап ол аяқталған болып саналады.

Психиатриялық стационарға заңсыз орналастырылған және психикалық ауруынан жазылған адамды онда ұстау адамды бас бостандығынан заңсыз айыру ретінде сараланады (ҚР ҚК 126-бабы).

Қылмыстың *субъективтік жағы* тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлінің өзінің психикасы сау адамды оның еркінсіз стационарға заңсыз орналастырып отырғандығын немесе психикасы бұзылған адамды ешқандай заңды негіздерсіз орналастырғанын ұғынады, оның солай болуын қалайды. Қылмысты жасаудың себебі — өш алу, пиғылы басқа адамды аластату, т.б. Қылмыстың пайда түсіруден басқа себептері саралауға ықпал жасамайды, жазаны жеке даралағанда ескеріледі.

Қылмыстың *субъектісі* — жасы 16 толған, есі дұрыс адам (жәбірленушінің туысы, заңды өкілі, т. б.)

Қылмыстың сараланған құрамы ҚР ҚК 127-бабының 2-бөлігінде көзделген ол:

- а) пайдакүнемдік ниетпен жасалса;
- б) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаса;
- в) абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер.

Пайдакүнемдік ниетпен адамды психиатриялық стационарға заңсыз орналастырғанда немесе онда ұстағанда, кінәлі де материалдық пайда көру мақсаты болады (жәбірленушінің пәтерін иемдену, т. б.).

Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған қылмыстың осы түрінің субъектісі (2-бөліктің «б» тармағы) стационарға жатқызу туралы жеке өзі шешім қабылдаған немесе сау адамды мәжбүрлеп емдеу қажеттігі жайында қорытынды жасаған комиссия құрамындағы дәрігер-психиатр болуы мүмкін.

Қызмет бабын пайдалану кінәлінің бұл қылмысты жасау әрекетін едәуір жеңілдетеді, себебі ол құжаттарды ресми түрде еркін қарастыра алады, яғни оның жәбірленушіні психиатриялық стационарға жатқызу және одан шығару мәселесін шешуге ықпалы болады. Адамды психиатриялық стационарға жатқызу жөнінде заңсыз қаулы қаулы шығарған судья көрінеу әділетсіз үкімін шығарғаны үшін ҚР ҚК 350-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру немесе онда ұстау нәтижесінде жәбірленуші абайсыздықтан қайтыс болса немесе өзге де ауыр зардаптарға ұшыраса, кінәлінің іс-әрекетін ҚР ҚК 127-бабы 2-бөлігінің «б» тармағы бойынша саралау қажет. Жәбірленуші әр түрлі себептермен өлуі мүмкін: дәрі-дәрмекті артық бергендіктен, тиісті бақылау болмағандықтан, дұрыс емдемегендіктен, өзін-өзі өлтіру, т.б. Өзге де ауыр зардаптарға денсаулыққа келген ауыр зиян, өзін-өзі өлтіруге оқталу, сондай-ақ жәбірленушінің жақындарының өлімі немесе қатты науқастануы, т.б. жатады.

ҚР ҚК 127-бабы 2-бөлігінің «в» тармағында көзделген қылмыстың субъективтік жағы кінәнің қосарланған нысанымен сипатталады: абайламаушылықпен психиатриялық стационарға заңсыз орналастыруға қатысты ниетпен болған.

Адам саудасы — ҚР ҚК 128-бабы

Нәпсіқұмарлық өзеге пайдалану үшін адамды алдау жолымен азғырып көндіру ҚР Конституциясы кепілдік берген, адамның жеке бас бостандығына оның өзі айналысатын істі таңдау еркіне қол сұғуды көздейтін қоғамға қауіпті іс-әрекет. Сондықтан да мәжбүрлеп жұмыс істеуге тек сот үкімі бойынша не төтенше немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі деп ҚР Конституциясында нақты көрсетілген. Еңбек бостандығы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакетке сәйкес Конституция 24 бабының 1 тармағында жарияланған.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *объектісі* — адамның бас бостандығы, қызмет түрін таңдау құқығы.

Қылмыстың *объективті жағы* — адамға қатысты сатып алу - сатудан немесе басқа да мәмілелер жасаудан, сондай-ақ оны пайдаланудан не болмаса арбаудан, тасымалдаудан, беруден, жасырудан, алудан сонымен қатар пайдалану мақсатындағы өзге де әрекеттерді жасаудан байқалады.

Адамды сатып алу - сату дегеніміз – бір тарап үнемі пайдалану үшін адамды сатып алады, ал екінші тарап сатады. Бұл ретте төлем ақша ғана емес, мүлік де болуы мүмкін. Әрқайсысындағы әрекет қапрастырылып отырған қылмыстың құрамын құрайды.

Адамға қатысты басқа да мәмілер жасау пайдакүнемдік немесе басқа қоғамға қарсы мақсатта адамды бір адамнан екіншіге берудің кез келген амалы болып табылмайды.

Адамды пайдалану дегеніміз – кінәлі пайда табу мақсатында мәжбүрлеп жұмыс істету, басқалармен жезөкшелекпен айналыстыру немесе оларға басқа да көрсетілетін қызмет түрлерін көрсету, сондай-ақ оған тәуелділіктен қандайда бір жұмыстарды немесе қызметтерді көрсетуден бас тарта алмайтын адамға қатысты меншік иесі өкілеттілігін жүзеге асыру.

Арбау – белгілі қызмет үшін адамдарды іздеу, шақыру, тарту. Бұл ретте жәбірленушіні жұмыстың сипатына, еңбек шартына, жалақысына және т.б. қарай жаңылыстырады, яғни жалдау әрекеті алдау, алдағы жұмыстың сипаты туралы мәліметті жасыру жолымен іске алады. Соңғы жылдары сауданың мұндай тәсілі, әсіресе жас келіншектерді сексуалдық пайдалану үшін жалдау кеңінен орын алуда. Жалдаушыны арбау, сондай-ақ оны қарулы қақтығыстар мен әскери әрекеттерде пайдалану қарастырылып отырған қылмыстың құрамын қамтымайды.

Тасымалдау дегеніміз – кез келген тәсілмен (тасу, жүкпен жіберу және т.б.) кеңістікке пайдалану үшін арналған адамның орнын ауыстыру. Егер жәбірленушінің орнын ауыстырудағы тасымалдау Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүзеге асырылса, онда кінәлінің әрекетін

Қазақстан Республикасы ҚК 128-б. 3-бөлігі бойынша адам саудасы түрлерінің бірі ретінде сараланады. Жәбірленушіні тасымалдауды сатушы адамның өзі немесе басқалар да жүзеге асуы мүмкін.

Беру дегеніміз – пайдалану үшін жәбірленуші адамды тікедей беру, сондай-ақ жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарын беру.

Жасыру дегеніміз – жәбірленуші жасыруға бағытталған әрекеттерді жасау. Кінәлі адам саудасы үшін көмекші емес, қылмысты орындаушы ретінде жауапқа тартылады.

Алу – бұл пайдалану үшін кінәлі адамның жәбірленушіні қабылдап алуы.

Пайдалану мақсатындағы басқа әрекеттер дегеніміз –қандайда бір жеңіл табыс табу үшін жәбірленушінің зияткерлік немесе дене еңбегін пайдалану.

Қылмыстың құрамы формальды, яғни азғырып көндірген кезден бастап (жалдау туралы шартқа, еңбек келісіміне қол қойылып, жәбірленушінің құжаттары «еңбекке орналастыру фирмасына» берілген кезден бастап) қылмыс аяқталған болып саналады. Кінәлінің өз мақсатына жетуі, яғни пайдаланудан пайда көруі міндетті емес.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *субъективтік жағды* тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі өзінің пайдалану үшін адамдарды алдау жолымен азғырып көндіргенін ұғынады, соны тілейді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *субъектісі* – жасы 16-ға толған, есі дұрыс адам.

Қылмыстың ҚК 128-бабының 2-бөлігінде көзделген сараланған құрамын пайдалану үшін адамдарды азғырып-көндіру:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп;
- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- 6) екі және одан да көп адамға қатысты;
- 7) транспланттау немесе өзге де пайдалану үшін жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін алып қою мақсатында;
- 8) алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен;
- 9) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;
- 10) жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып;
- 11) кінәлі адамға психикасының бұзылуынан зардап шегетіні немесе дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты;
- 12) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қойып, жасырып не жоя отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер.

Қазақстан Республикасы ҚК 128-бабында көзделген транспланттау немесе өзге де пайдалану үшін жәбірленушінің ағзаларын немесе міндеттерін алып қою мақсатындағы (2-б. 7-т.) сияқты қылмыс құрамын саралау белгілеріне келетін болсақ, онда бұл жерде жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін алып қою мақсатында адамды сатып алу-сату жәбірленушінің донор ретінде пайдаланылғанын білдіреді.

Кінәлі бұдан басқа ағзалар мен тіндерді алып қоюда арнайы мақсаттың ізіне түседі. Ағзаларды немесе тіндерді пайдалану (трансплантация, эксперименттер жүргізу және т. б.) мақсатының саралауға қатысы жоқ.

Адамның ағзалары мен тіндерін мәжбүрлеп алумен байланысты әрекеттер Қазақстан Республикасы ҚК 116-бабының сәйкес бөліктері бойынша дербес саралауға жатады.

Алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен (Қазақстан Республикасы ҚК 2-б. 8-т.) адам саудасын жасау жұмыстың еңбекақысына, сипатына, мазмұнына, шарттарына және т. б. қатысты жәбірленушіні жаңылыстыруды білдірмейді.

«Адам өзің қызмет бабын пайдалана отырып», яғни Қазақстан Республикасы ҚК 128-б. 2-б., 9-тармағында көзделген саралаушы белгі ерекше мәртебеге ие субъектінің сипаттамасына қатысты. Ендеше қарастырылып отырған саралаушы белгінің субъектісі тек лауазымды тұлға ғана емес, адам саудасы үшін өзінің қызметтік мүмкіндіктерін пайдаланатын кез келген өзге жұмыскер де (мәселен, халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыратын жүргізуші) бола алады.

Қазақстан Республикасы ҚК 128-б. 2-б. 10-тармағында көзделген материалдық тәуелділік, мысалға, кінәлінің толық немесе жартылай асырауында болумен, кінәләнең тұрғын үйінде тұрумен негізделуі мүмкін.

Басқа да тәуелділік дегеніміз — жәбірленушінің кінәліге кез келген материалдық емес тәуелді емес тәуелді болуы (мысалы, отбасылық қарым-қатынастар, бағынатын адамның басшысына, оқушының оқытушыға тәуелділігі).

«Кінәлі адамға психикасының бұзылуынан зардап шегетіні немесе дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты», яғни Қазақстан Республикасы ҚК 128-б. 2-б. 11-тармағында көзделген саралаушы құрам қылмыскерге қарсылық көрсете алмаған, оның қылмыстық әрекеттерін тойтара алмаған және өзіне қатысты жасалып жатқан қол сұғушылықтан өзін қорғай алмаған жәбірленушінің белгілі бір психикалық немесе физикалық күйін бағам дайды.

Бұл ретте, әдеттегідей, психикалық ауытқушылығы бар адам болып жатқан жағдайға қатысты өзіне есеп бере алмайды, өзінің әрекеттерімен оған әсер ете алмайды және сырттағы оқиғаны саналы түрде қабылдай алмайды.

Дәрменсіз күй дегеніміз — жәбірленуші өзінің физикалық немесе психикалық жағдай мүмкіндігімен кінәліге қарсылық көрсете алмауы (жас бала, егде жас, дене күшінің жеткіліксіз болуы, басқа да сырқаттық не болмаса ойланбайтын жағдайлар). Дәрменсіз күй ретінде айналасындағы мән-жайларды ұғыну, кінәлінің жасап жатқан әрекетінің мағынасын түсіну және оған қарсылық көрсету мүмкіндіктерінен айыратындай жәбірленушінің қатты мас күйде болуы да есептеледі. Жәбірленушінің бұндай жағдайға тап болуына кінәлі әсер етті ме (мысалы, спирттік ішімдіктер ішкізді, есірткі, ұйықтататын дәрі берді және т. б.) немесе оның әрекетінен тыс өзі дәрменсіз күйге душар болды ма, ол маңызды емес.

Кінәлі бұл әрекетті істей отырып, жәбірленушінің осындай жағдайда екенін саналы түрде білуі керек.

«Жәбірленушінің жеке басын күәландыратын құжаттарды алып қойып, жасырып не жоя отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер (Қазақстан Республикасы ҚК 2-б. 12-т.)» сияқты тәсілге келетін болсақ, жәбірленуші жеке басын күәландыратын төлқұжатсыз немесе басқа құжаттарсыз еріксіз ұсталады, мәселен, өзінің еліне қайту үшін билет алу мүмкіндігінен айырылады.

ҚК 128-бабының 3-бөлігінде ерекше саралаушы нысан көзделген. Оған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екіншісіне Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау мақсатында жасалған іс-әрекеттер, сол сияқты мұндай іс-әрекеттерді жасау мақсатында адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екінші мемлекетке Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау жатады. Бұл қылмыстың құрамы да формальды, азғырып-көндірілген адамдарды шетелге алып кету, оларды пайдалану міндетті емес, алдау жолымен азғырып-көндіру жеткілікті. Шартты ауызша келісім бойынша жасасу кінәлінің әрекетін осы баппен саралау үшін жеткіліксіз.

ҚК 128-бабының 4-бөлігінде осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктеріндегі қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар:

- 1) қылмыстық топ жасаса;
- 2) олар абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса

Адамды клондау (ҚР ҚК 129-бабы)

Қарастырылып отырған қылмыстық құқықтық норма отандық қылмыстық заңнамада 2014 жылғы Қылмыстық кодекстің қабылдануымен алғаш рет бекітілді. Заңнаманың бұл қадамы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін озық халықаралық стандартқа жақындатуға бағытталған болатын. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына бұл әрекетті қылмыстандыру арқылы 1997 жылғы 11 қарашада білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша БҰҰ Бас конференциясында қабылданған БҰҰ жалпыға бірдей адамның гені және адамның құқығы туралы декларацияның негізгі ережелері, 2005 жылғы 8 наурызда Бас Ассамблеяның 59/280 резолюциясымен қабылданған адамды клондау туралы БҰҰ Декларациясы енгізілді.

Бүгінгі таңда әлемде адамды клондаудың (тек репродуктивтік) бірде-бір оқиғасы тіркелмеген, алайда гендік инженерия саласындағы жоғары технологияның қарқынды дамуын ескерсек, адамды клондауға әрекеттену жақын болашақтың үлесі екені сөзсіз. Сол себепті бұл құқықтық норма алдымен мейлінше сақтандыру мәнін иеленеді.

Адамды клондаудың қоғамға қауіптілігі алғашқы кезекте адам ағзасын созылмалы (баяу) көріністегі түрлі дәрежедегі гендік мутациялармен адам

ағзасын (клонды) жасаумен сипатталады. Бұл клондалған адам ауыр физикалық немесе психикалық патологиямен (жарымжан болып) тууы не болмаса мұндай зардаптар ол адамда кейіннен байқалуы немесе ұрпағына берілуі мүмкін. Мұндай зардаптардың мүмкіншілігі мен болжамсыздығы клонлау нәтижесінде болатын генетикалық процестердің жеткіліксіз зерделенгенімен және ғылыми тұрғыда дәлелденбегендігімен байланысты.

Клонлау объектісі адам өмірі болып табылады.

Клонлау заты ретінде табиғи, эрі клондау жолдарымен алынған адамның клоны, адамның эмбрионы, сонымен қатар адамның жыныс жасушалары алынады.

Адамның клоны клондау нәтижесінде туған және басқа бұрын туған адамның генотипін иеленген, яғни оның толықтай анатомиялық көшірмесі болып табылатын адам. Клон өлген адамның генотипінен де алынуы мүмкін.

Генотип — осы адамның физикалық және психикалық жекелігін (қайталанбаушылығын) сипаттайтын белгілі адам ағзасы гендерінің жиынтығы.

Эмбрион физиологиялық туу басталғанға дейінгі зиготаның (табиғи тәсілмен немесе клондау тәсілімен әйел жыныс жасушаларын ұрықтандыру жолымен жасалған хромосомдардың толық, қосарлана жиналған жасушалары құрылу сәтінен оның даму сатысындағы адам ағзасы болып табылады.

Әйелдің жыныс жасушаларын ұрықтандырудың табиғи тәсілі табиғи (құрсақта) не болмаса өзге ортада еркектің жыныс жасушаларымен еркін немесе мәжбүрлі түрде қосумен сипатталады. Бұл ретте әйел мен еркектің жыныс жасушаларын еркін қосу дегеніміз — адамның тікелей қатысуыңсыз оларды кәдімгідей қосу. Мәжбүрлі қосу еркектің жыныс жасушаларын әйелдің қабығына (жатырына) енгізу процесіне адамның тікелей қатысуымен сипатталады.

Әйелдің жыныс жасушаларын ұрықтандырудағы клондау тәсілі одан өз хромосомдарының дара жиынтығын алып, белгілі бір адамның хромосомдарының (генотипінің) толық (қосарланған) жиынтығын енгізумен сипатталады.

ҚК 129-бабында жыныс жасушалары дегеніміз - оларды кейіннен эмбрион жасау үшін пайдаланудың фактілік мүмкіндігі сақталған әйелдің жыныс жасушалары (жұмыртқа жасушалар) және еркектің жыныс жасушалары (сперматозоидтар).

Адамды клондаудың объективтік жағы төмендегідей баламалы 3 әрекетпен сипатталады:

- адамды клондау;
- адам эмбрионын пайдалану;
- адамның жыныс жасушаларын немесе адам эмбрионын тасу.

Адамды клондау дегеніміз — эмбрион жасау және одан қазір бар немесе бұрын болған (репродуктивті клондау) белгілі бір адамның генотипі бар адамды (клонды) немесе адамдарды (клондарды) кезекті жетілдіру, сондай-ақ оның ұлпаларынан соңынан терапевтік (емдеу) пайдалану (терапевтік клондау) мақсатында адам ағзасының бағаналы жасушаларын алу үшін эмбрион жасау.

Осы анықтамаға сәйкес адамды клондаудың 2 түрі бар: репродуктивтік және терапевтік.

Репродуктивтік клондау белгілі бір адамның клонын (анатомиялық көшірмесін) жасаумен және одан әрі жетілдірумен сипатталады. Терапевтік клондау анықтамада керсетілгендей, тек емдік, медициналық (оның ішінде косметологиялық) мақсаттарда ғана жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңдағы мейлінше әйгілі және практикада кең таралғаны эмбрионның ең ерте даму сатысында (ұрықтанған күннен кейінгі 14 күн мерзімі ішінде) одан бағаналық жасушаларды алумен байланысты терапевтік клондау әдісі болып табылады. Мысалы, Паркинсон ауыруымен ауыратын сырқаттың ДНҚ (дезоксирибонуклеин қышқылы) молекулаларынан оны сәтімен емдеуге болатын эмбрионалдық бағаналық жасушаларды алуға болады. Бұл ретте мұндай тәсілмен алынған бағаналық жасушалар сырқаттың иммундық жүйесін шеттетпейді.

Терапевтік клондаудың барлық оңтайлы сәтіне қарамастан, бүгінгі таңда емдеудің бұл тәсілі бәрібір қоғамға қауіпті деп танылуда. Біріншіден, эмбриондардың міндетті түрде жансыздануын ұйғарады (бағаналық жасушаларды алу оны бөлшектеу есебінен болады). Екіншіден, технологияны, клондау әдісін зерделеудің және ғылыми дәлелдеудің жеткіліксіздігінен бағаналық жасушалар қолданылатын адам ағзасында оның және болашақ ұрпағының денсаулығына болжап болмас зардаптарын тигізетін гендік мутацияның болу қаупі жоғары.

Клондау тәсілімен ұрықтандыру жағдайында ғана эмбрион жасауға бағытталған әрекет 129-бапта кезделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайды.

Нәтижесінде эмбрионның пайда болуына кедергі болатындай қандайда бір себептермен қателіктерге жол берген адамды клондауға бағытталған тұлғаның әрекеті адамды клондауға оқталу ретінде сараланады.

Егер клондау процесінде эмбрионды жасау жағдайында ақаулы жасушалар (толыққанды емес) не болмаса олардың компоненттері (мысалы, хромосомалар) пайдаланылып, нәтижесінде эмбрион немесе клон қандайда бір патологиялармен (физикалық немесе психикалық кемшіліктермен) алынса, істелген іс адамды жалпы негіздерде клондау ретінде сараланады.

ҚК 129-бабындағы эмбрионды пайдалану дегеніміз — эмбрион тірі адам қалпына айналмай тұрып, олардың пайдалы қасиетерін толық немесе жеке іске асыру жолымен эмбрионды не оның ұлпаларын кез келген пайдалану.

«Эмбрионды жасау немесе алу» ұғымын «эмбрионды пайдалану» ұғымынан ажырата білу керек. Егер эмбрионды жасауда (алуда) Қазақстан Республикасы ҚК 129-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы клондау тәсілмен ұрықтандыру жағдайында ғана болса, онда Қазақстан Республикасы ҚК 129-б. 1-бөлігінде белгіленген мақсаттарда жасалған адам эмбрионының пайдалану кез келген жағдайда қылмыстық жазаға лайық болады.

Адамның эмбрионының немесе жыныс жасушаларын Қазақстан Республикасының шеңберінен тыс тасу оларды Қазақстан Республикасының

аумағынан басқа мемлекеттің аумағына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы іс жүзінде алып ету болып танылады. Тасу аталған заттар өзінде бар тікелей адаммен не болмаса пошталық хабарлау немесе өзге тәсілдер арқылы кез келген көлік құралын пайдаланумен (оның ішінде аданың алып жүруінсіз) жүзеге асуы мүмкін.

Адамдардың, сонымен қатар жануарлар мен басқа да биологиялық ағзалардың жасушаларын (немесе) гендерін пайдаланып, генетикалық (гендік) инженерия саласында эксперименттер мен езге де заңсыз жобалар мен байланысты адамды клондауға қатысы жоқ әрекеттер Қазақстан Республикасы ҚК 129-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамын құрамайды.

Адамды клондауды клондық эмбрионды жасау сәтінен, яғни клондау тәсілімен әйелдің жыныс жасушаларын ұрықтандыру сәтінен (оның өзінің дара хромосомдар жиынтығын алу және белгілі адамның толық (қосарлы) хромосомдар жиынтығын (генотипті) енгізу жолымен) бастап аяқталған деп санау керек.

Сол сияқты Қазақстан Республикасы ҚК 129-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың аяқталу сәті адам эмбрионын пайдаланудың басталуымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен тыс тасымалдау үшін адам эмбрионын немесе адамның жыныс жасушаларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өтумен белгіленеді.

Демек, Қазақстан Республикасы ҚК 129-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағы құрылымы бойынша формальді болып табылады. Яғни қылмыстық құқық бұзушылық осы әрекеттің қоғамға қауіпті зардаптарының басталуына қарамастан, қоғамға қауіпті әрекетті жасау сәтінен бастап аяқталған болып саналады.

Адамды клондаудағы уақыт, орын, тәсіл, мән-жай, оны жасаудағы құрал-жабдықтар әрекетті саралауға әсерін тигізбейді.

Адамды клондау субъектісі жалпы — он алты жасқа толған дені сау есі дұрыс адам.

Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы тек тікелей пиғылды кінәмен сипатталады. Яғни адам жасап жатқан әрекетінің фактілік сипаты мен қоғамға қауіптілігін сезінеді, оның қоғамға қауіпті нәтижесінің болу мүмкіндігін немесе шарасыздығын алдын ала біледі және оны қалайды (әрекетті шешімді түрде жасайды).

Қазақстан Республикасы ҚК 129-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың адам эмбрионын қолдануға, адам эмбрионын немесе жыныс жасушаларын тасуға қатысты субъективтік жағының міндетті белгісі арнайы — коммерциялық, әскери немесе өнеркәсіптік мақсат болып табылады.

Бұл ретте осы аталған мақсаттар адамды клондауға тікелей таралмайды. Клондаудың өзі кез келген мақсатта жүзеге асырылуы мүмкін және әрекетті саралауға бұл белгі әсерін тигізбейді.

ҚК 129-бабындағы комерциялық мақсаттар дегеніміз ақша, құнды қағаздар, басқа да мүлік түріндегі материалдық кіріс не болмаса мүліктік сипаттағы пайда табу саналады.

ҚК 129-бабындағы әскери мақсаттар дегеніміз — жараланғандарды, сырқаттарды және тиісті көмекті қажет ететін әскери қызметкерлерді не болмаса кез келген әскери ұйымдарға не әскерилендірілген құрылымдарға қатысушыларды емдеу, денсаулығын қалпына келтіру мақсатында кейіннен трансплантациялау немесе басқа терапевтік (емдеу) пайдалану үшін, сонымен қатар адамның органдары мен клон ұлпаларын, адамның эмбрион ұлпаларын пайдалану үшін әскери мамандықтар мен кәсіптерге келетін ең үздік психофизиологиялық қасиеттері бар адамдардың клондарын жасау болып табылады.

ҚК 129-бабындағы өнеркәсіптік мақсат экономиканың өнеркәсіптік секторындағы мамандықтар мен кәсіптерге келетін ең үздік психофизиологиялық қасиеттері бар адамдардың клонын жасаумен, сондай-ақ қоғамның немесе оның жекелеген бөліктерінің тиісінше қажеттілігін коммерциялық немесе коммерциялық емес өтеуде адамның клонын, сонымен қатар адам эмбрионын жалпы өндірумен сипатталады.

Адамды клондау, адам эмбрионын лайдалану бойынша әрекеттер, сонымен қатар басқа мақсаттармен адам эмбрионын немесе жыныс жасушаларын тасу ҚК 129-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрамайды.

Қазақстан Республикасы ҚК 129-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу себебі саралауға әсерін тигізбейді.

Қазақстан Республикасы ҚК 129-бабының 2-бөлігі адамды клондаудың сараланған құрамы үшін жауапкершілікті көздейді. Бұл осы баптың 1- бөлігінде көзделген - адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен немесе бірнеше рет жасалған әрекет.

3-бөлікте 1 немесе 2-бөліктерде қарастырылған қылмыстық топтың жасаған әрекетінен орын алған адамды клондаудың ерекше сараланған құрамы үшін жауапкершілік реттеледі.

Жала жабу — ҚР ҚК 130-бабы

Жала жабу — басқа адамның ар-намыс пен қадір-қасиетіне нұқсан келтіренін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату. Оның қоғамға қауіптілігі сонда — ол адамның арнамасы мен қадір-қасиетіне зиян келтіреді, сондай-ақ беделін түсіреді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *объектісі* — адамның арнамасы мен қадір-қасиеті. Бұл бап бойынша жәбірленуші кез-келген адам — жас бала да, ақылы да дұрыс емес те, тірі де, өлі де болуы мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *объективтік жағы* басқа адамның арнамасы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтерді таратумен сипатталады.

Мәліметтерді тарату дегеніміз — болған сияқты факті жайындағы мәліметтерді кемінде бір адамға айту. Ондай хабарды айтқан кезде жала жабылған адамның ол жерде болуы міндетті емес. Сол мәліметтерді жала жабылатын адамның өзіне ғана жеткізу жала жабу деп танылмайды. Жалған, бірақ беделді түсірмейтін мәліметтерлі таратуда жала жабудың нышаны болмайды. Масқаралайтын, бірақ шындыққа жататын, басқа адам жайындағы мәліметтерді таратуда да қылмыстық құрам болмайды. Мысалы, сөз ауруына бар екендігі жайында жалған хабар таратуды сот практикасы жала жабу нышаны бар қылмыс ретінде таниды.

Тарату тәсілі телефон немесе басқадай байланыс құралы арқылы ауызша да және кез келген көбейту техникасы пайдаланылып жазбаша да болуы мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы формальды, яғни көрінеу жалған, шындыққа жанаспайтын, басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін мәліметтер таралған кезден бастап қылмыс аяқталған болып саналады.

Нұқсан келтіретін мәліметтер дегеніміз — заңды өнегелік нормаларын және өмір тәртібін сақтау тұрғысынан алғанда, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қоғам алдында кемсітетін өсек сөздер. Бұл ретте мәліметтерде бәлендей бір баға берушілік емес, білімсіз деп лақап сөз таратсақ, оның ондай емес екендігін дәлелдеу қиын.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *субъективтік жағды* тікелей қасақаналық ниетпен сипатталады. Басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін және оның беделін түсіретін жалған фактілерді өзінің таратқанын кінәлінің ұғынатынын және соның тілейтінін анықтау қажет. Шындығында, жалған мәліметтерге рас екен деп сеніп, оның растығына ешбір күдіксіз болып таратқан адам жала жапқандық үшін көзделген жауаптылықтан босатылады, бірақ ҚР ҚК 130-бабы бойынша жауапталуы мүмкін, егер ол мәліметтерге қорлау сипаты болса.

Жала жабудың себептері әр түрлі болады: қызғаныш, көре алмау, біреуге зиян келтіру, т.б.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *субъектісі* — жасы 16 толған есі дұрыс адам.

Көпшілік алдында сөз сөйлегенде, не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында жала жабу қылмыстың сараланған құрамы ретінде ҚК 130-бабының 2-бөлігінде көзделген. Бұл көрсетілген мән-жайлар қылмыстың қауіптілігін едәуір арттырады. Себебі жапқан жаба бірден көп адамға жетеді. Көпшілік алдында сөйлеген көп адам жиналған аудитория алдында сөйлеген сөз жатады (дәріс оқу, жиналыс, баяндама жасау).

Көпшілікке таратылған шығарманың жанры да, берілу нысаны да әр түрлі болуы мүмкін (спектакль, кино, хабар, кітап, т. б.). Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жала жапқанда радио, телехабарлар тарату құралдары, газет-журналдар пайдаланылады.

Адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан жала жабу қылмысының бұл түрінің ең қауіпті ерекше сараланатын түрі ретінде ҚР ҚК 130-бабында, 2-бөлігінде көзделген. Ауыр және аса ауыр қылмыс түсінігі ҚР ҚК 10-бабында берілген.

Жала жабудың бұл құрамын көрінеу жалған сөз жеткізуден (ҚР ҚК 419-бабы) ажырату қажет. Көрінеу жалған сөз жеткізгенде кінәлінің ниеті адамды қылмыстық жауапқа тартуға бағытталады (мәліметтер құқық қорғау органдарына жіберіледі). Жала жабудағы ниетте мұндай мақсат болмайды.

Аталған жала жабудың қылмыс құрамы мен көрінеу жалған сөз жеткізуден айырмашылығын білуіміз қажет. Көрнеу жалған сөз жеткізуде кінәлі адамның ниеті адамдық қылмыстық жауаптылыққа тарту. Жала жабу кезінде кінәлі мен ниеті басқа адамның арнамысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге немесе оның беделін түсіруге бағытталған.

Жала жабу, яғни басқа адамның ар намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіндіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату — бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмысты жасайды деп айыптаумен ұштасқан жала жабу — үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қорлау — ҚР ҚК 131-бабы

ҚК 131-бабында көзделген, қоғамға қауіпті іс-әрекет — басқа біреудің әдепсіз нысанда қорлау, яғни оның арнамысы мен қадір-қасиетіне кемсіту арқылы сипатталады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *объектісі* адамның ар-намысы мен қадір-қасиеті болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *объективтік жағы* жәбірленушіні жеке басының кемсітетін әдепсіз сөздер айтып оның беделін түсіруге бағытталған әрекетпен сипатталады. Жәбірленушінің жеке басына берілген жағымсыз баға шындыққа жанаса ма, жанаспай ма ол маңызды емес.

Жәбірленушінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне кемсітуге, оған қарсы әдепсіз сөздер айтылады. Кемсітуді ең алдымен жәбірленушінің өзі сезінеді. Қорлау сөздер көпшіліктің көзінше, жәбірленушінің өзіне оңашада немесе ол жоқта 3 адам арқылы айтылуы мүмкін. Қорлау сөздері нақты адамға немесе

нақты адамдарға бағытталған болуы тиіс. Мысалы көпшілік орнында айтылған нақты біреуді қорлайтын балағат сөз бұзақылық ретінде сипатталады.

Қорлаудың жала жабудан айырмашылығы сол — адамның жеке басына берілген баға қорлауда шындық болуы мүмкін, яғни баға дұрыс берілсе де ол әдепсіз нысанда айтылады. Сонымен қатар, қорлау тек жазбаша не ауызша нысанда ғана айтылмайды. Адамның қадір-қасиетін кетіретін әрекеттер арқылы да жасалады (шапалақпен ұру, бетіне түкіру, мұрнынан шерту, киімін сыпырып алу т. б.). Адамды қол жұмсап қорлаудың мүмкін екендігі жайындағы мәселе дау туғызуда. Мұндай жағдайларда жәбірленушінің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітуге ғана бағытталған кінәлі ниетін егжей-тегжейлі анықтау қажет анықтау қажап деп саналады.

Қатты айтылған сын ескертпелер, нақты адам жайында айтылған теріс пікірлер оның ұнамсыз жақтарын еске алу, оның кемшіліктерін атап өту сыпайы әдепті тілімен жеткізілсе, онда қорлаудың құрамы болмайды.

Қылмыстың құрамы — формальды, яғни жәбірленушіні тікелей қорлаған кезден бастап немесе оны қорлағаны оған үшінші адам арқылы хабарланған кезден бастап қылмыс аяқталған болып саналады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *субъективтік жағы* — тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі өзінің басқа адамның арнамысы мен қадір-қасиетіне әдепсіз нысандар кемсітетін әрекет жасағаны ұсынады, соны тілейді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *субъектісі* жасы 16 толған есі дұрыс адам болып табылады.

ҚР ҚК 131-бабының 2-бөлігінде Көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған іс-әрекет қорлау сияқты қылмыстың сараланған құрамы көзделген. Мұндай нышандар ҚК 131-бабында 2-бөлігін талдағанда қарастырылған. Жоғарыда аталып өткендей, қорлаудың жала жабудың айырмашылығы сол — жала жапқанда көрнеу жалған мәліметтер таратылады, ал қорлағанда адам жайындағы ақпарат шындықта болуы мүмкін, бірақ ол әдепсіз нысанда айтылады.